

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жеке құрамын есепке алу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2022 жылғы 25 қарашадағы № 1123 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 28 қарашада № 30766 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 маусымдағы № 357 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі туралы ереже 15-тармағының 128) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРДАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жеке құрамын есепке алу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) мемлекеттік тіркелген күннен бастап он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көзделген іс-шарарапардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің мынадай бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жеке құрамын есепке алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 1081 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19818 болып тіркелген);

2) "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жеке құрамын есепке алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 1081 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" 2022 жылғы 25 мамырдағы № 353 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28245 болып тіркелген).

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығына жүктелсін.

5. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

6. Осы бұйрықалғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрі

R. Жаксылыков

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрі
2022 жылғы 25 қарашадагы
№ 1123 Бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жеке құрамын есепке алу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жеке құрамын есепке алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің (бұдан әрі – ҚР ҚҚ) жеке құрамын есепке алу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) әскери бөлім – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың ұйымдық-дербес бірлігі болып табылатын, шартты және (немесе) нақты атау берілетін республикалық мемлекеттік мекеме;

2) әрекеттегі әскер – әскери және жауынгерлік іс-қимылға қатысатын ҚР ҚҚ әскери басқару органды, құрамалары мен әскери бөлімдері;

3) әскери басқару органды – стратегиялық, жедел-стратегиялық, жедел-аумақтық, жедел-тактикалық, тактикалық және жергілікті әскери басқару органды;

4) жеке құрамды есепке алу – ҚР ҚҚ әскери бөлімдерінде (мекемелерінде) әскери қызметшілердің, азаматтық персонал адамдарының (жұмыскерлердің) дербес, штаттық-лауазымдық, сандық деректерін құжаттамалық жүргізу және ресімдеу.

3. Осы Қағидаларда:

1) бейбіт уақытта ҚР ҚҚ жеке құрамын есепке алу:

бөлімшелерде (взвод (топ), рота (батарея, авиабуын), батальон (дивизион, эскадрилья) жеке құрамды есепке алу;

әскери бөлімде (мекемеде) жеке құрамды есепке алу;

кейбір әскери бөлімдерде (мекемелерде) жеке құрамды есепке алу ерекшелігі;

қызметі бойынша аудисатын әскери қызметшілерді есепке алу;

қайтыс болған (қаза тапқан) жеке құрамды есепке алу;

әскери бөлімдерді (мекемелерді) өз бетімен тастап кеткен әскери қызметшілерді есепке алу;

кадр органында (персоналмен жұмыс бөлімшесінде) офицерлер құрамын және ғылыми қызметкерлерді есепке алу;

офицерлер құрамының әскери қызметшілеріне жеке нөмір беру;

жеке құрамның жеке ісін жүргізу;

әскери билет жүргізу;
резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшілерді есепке алу;
2) соғыс уақытында ҚР ҚҚ жеке құрамын есепке алу:
соғыс уақытында жеке құрамды есепке алу ерекшелігі;
жеке құрамның орны толмас шығынын есепке алу;
тұтқыннан босатылған әскери қызметшілерді есепке алу;
3) есепке алу құжаттарын сақтау және жіберу;

4) ҚР ҚҚ қатардағы жауынгерлер мен сержанттар құрамының әскери қызметшілерін есепке алу және құжаттарын ресімдеу:

жас буынды әскерге шақыру кезінде құжаттарды ресімдеу;

мерзімді әскери қызмет әскери қызметшілерін запасқа шығару кезінде құжаттарды ресімдеу;

қатардағы жауынгерлер мен сержанттар құрамының келісімшарт бойынша әскери қызметшілерін ауыстыру және тағайындау, шығару, әскери атақ беру және келісімшарт жасау кезінде құжаттарды ресімдеу;

резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшілерді ауыстыру және тағайындау, қызметтен шығару және келісімшарт жасау кезінде құжаттарын ресімдеу;

5) жеке құрам бойынша бұйрықты есепке алу және ресімдеу:

жеке құрам бойынша бұйрық шығару, есепке алу және тарату;

жеке құрам бойынша бұйрық жасау көзделеді.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қорғаныс министрінің 01.07.2025 № 769 бұйрығымен.

4. Жеке құрамды есепке алуға қойылатын негізгі талаптар:

1) осы Қағидаларда белгіленген нысандар бойынша және тәртіппен кез келген жауынгерлік жағдайда ұдайы жүргізу;

2) әскери бөлімдердегі (мекемелердегі) жеке құрамның штаттық, тізімдік және қолда бар санын уақтылы, толық және дұрыс көрсету;

3) есепке алу деректеріне жеке құрам бойынша дербес, сандық және сапалық өзгерістерді уақтылы енгізу болып табылады.

5. Жеке құрамды есепке алу штат, әскери басқару органды, әскери бөлімдер (мекемелер) бойынша бұйрық, жеке құрам бойынша бұйрық және осы Қағидаларда көзделген құжаттар негізінде ұйымдастырылады және жүргізіледі.

Қойылған мақсаттар мен міндеттер бойынша жеке құрамды есепке алу дербес (атаулы), штаттық-лауазымдық және сандық (статистикалық) болып бөлінеді.

Дербес (атаулы) есепке алу әрбір әскери қызметшіге, азаматтық персонал адамдарына (жұмыскерлерге) жеке жүргізіледі және кадрды ауыстыру мен пайдалану кезінде қажет болатын олардың іскерлік, моральдық-өнегелілік қасиеттерін жан-жақты зерделеу үшін арналады.

Штаттық-лауазымдық есепке алу өскери бөлімде (мекемеде) жүргізіледі және ол деректер бойынша лауазым мен мамандықтар бойынша жеке құраммен жасақтауды талдайды.

Сандық (статистикалық) есепке алу өскери бөлімдерде (мекемелерде) жүргізіледі және ол өскери қызметшілер мен азаматтық персонал адамдарының (жұмыскерлердің) сандық және сапалық құрамын сипаттайтын цифрлық деректерді алу үшін арналған.

Статистикалық есепке алу деректері бойынша өскерді жеке құраммен жасақтау, оларды материалдық-техникалық қамтамасыз ету, жарақтандыру мен жабдықтау, сондай-ақ кадрды даярлау және оларды қолда бар қажеттілікке сәйкес бөлу жоспарланады.

6. Жеке құрамның құрамы мен саны туралы мәліметтерді тек өскери бөлімдер (мекемелер) штабында жедел, ұйымдастыру-жұмылдыру және кадр органында (персоналмен жұмыс бөлімшесінде) жинақтауға жол беріледі.

7. Жеке құрамды дербес, штаттық-лауазымдық және сандық есепке алушы бақылауды:

- 1) бөлімшелерде – бөлімше командирлері (bastықтары);
- 2) өскери бөлімдерде (мекемелерде) – штаб bastықтары;
- 3) штатта штаб bastығы лауазымы көзделмеген өскери бөлімдерде (мекемелерде) – өскери бөлім (мекеме) командирлері (bastықтары) жүзеге асырады.

Жеке құрамды есепке алушы кадр және ұйымдастыру-жұмылдыру органды жүзеге асырады, ал штатта көрсетілген бөлімшелер көзделмеген өскери бөлімдерде (мекемелерде) өскери бөлім (мекеме) бойынша бұйрықпен негізгі лауазымымен бірге қоса атқаратын есепке алуға жаупты лауазымды адамдар тағайындалады.

8. ҚР ҚК бойынша жеке құрамды есепке алу мәселелері жөніндегі штабтың практикалық қызметіне басшылық жасауды:

1) қатардағы жауынгер, сержант пен офицер құрамының келісімшарт бойынша өскери қызметшілеріне, сондай-ақ азаматтық персонал адамдарына (жұмыскерлерге) қатысты – қатардағы жауынгер, сержант пен офицер құрамындағы лауазымда келісімшарт бойынша өскери қызмет өткеретін өскери қызметшілерді (бұдан әрі – келісімшарт бойынша өскери қызметшілер), сондай-ақ азаматтық персонал адамдарын (жұмыскерлерді) іріктеуді және орналастыруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің (бұдан әрі – ҚР ҚМ) құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі – ҚР ҚМ кадр органды);

2) қатардағы жауынгерлер құрамының мерзімді өскери қызмет өскери қызметшілеріне қатысты – жоспарлауды және ҚР ҚК мерзімді қызмет өскери қызметшілерімен жасақтауды жүзеге асыратын ҚР ҚК Бас штабының (бұдан әрі – ҚР ҚК БШ) құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі – ҚР ҚК БШ ұйымдастыру-жұмылдыру органды);

3) әскери оқу орындарында білім алушыларға (магистранттар, адъюнкттер, докторанттар, курсанттар, кадеттер) қатысты – әскери кадр даярлауды ұйымдастыру және қамтамасыз ету жүйесінде басқару функцияларын жүзеге асыратын ҚР ҚМ құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі – ҚР ҚМ әскери білім органы) жүзеге асырады.

Ескеरту. 8-тармақта өзгеріс енгізілді – ҚР Қорғаныс министрінің 01.07.2025 № 769 бүйрығымен.

9. Әскери бөлімдерде (мекемелерде) жеке құрамды есепке алудың жай-күйін жыл сайын бірінші тоқсанда әскери бөлім (мекеме) командирлерінің (бастықтарының) бүйрығымен тағайындалған комиссиялар тексереді.

Жеке құрамды есепке алудың жай-күйін тексеру жөніндегі комиссия жұмысының нәтижесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке құрамды есепке алудың жай-күйін тексеру актісімен ресімделеді және оны комиссия тағайындаған лауазымды адам бекітеді.

2-тaraу. Бейбіт уақытта Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жеке құрамын есепке алу

1-параграф. Бөлімшелерде (взвод (топ), рота (батарея), батальон (дивизион, эскадрилья) жеке құрамды есепке алу

10. Взводта (топта) (бұдан әрі – взвод) жеке құрамды есепке алу осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке құрамның атаулы тізімі бойынша жүргізіледі.

Жеке құрамды есепке алуды взвод командирі жүргізеді.

11. Саны 50 адамнан аз батальонда, ротада, батареяда және оларға тенестірілгендерде (бұдан әрі – рота) жеке құрамды дербес және штаттық-лауазымдық есепке алу:

1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке құрамды есепке алу кітабында;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 шілдедегі № 364 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары саптық жарғысының 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша саптық жазбада жүргізіледі.

Мерзімді әскери қызмет әскери қызметшілерін кешкі тексеруді, оқу-жаттығулар, далалық шығу, әскери жиын кезінде барлық жеке құрамды кенеттен тексеру үшін осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кешкі тексеру үшін жеке құрамның атаулы тізімі жүргізіледі.

Жеке құрамды есепке алуды рота командирі жүргізеді.

12. Батальонда, дивизионда, авиациялық эскадрильядада және оларға тенестірілгендерде (бұдан әрі – батальон) штаттық-лауазымдық және сандық есепке алу:

- 1) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке құрамды штаттық-лауазымдық есепке алу кітабында;
 - 2) батальон басқармасының жеке құрамын есепке алу кітабында;
 - 3) саптық жазбада;
 - 4) кешкі тексеру үшін жеке құрамның атаулы тізімінде жүргізіледі.
13. Батальонда жеке құрам есебін штаб бастығы жүргізеді.

2-параграф. Әскери бөлімде (мекемеде) жеке құрамды есепке алу

14. Әскери бөлімде (мекемеде) жеке құрамды дербес, штаттық-лауазымдық және сандық есепке алу:

1) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке құрамды әліпбилік ретпен есепке алу кітабында жүргізіледі. Жеке құрамды әліпбилік ретпен есепке алу кітабында:

мерзімді әскери қызмет әскери қызметшілері;
аудиспалы құрам;
әскери жиынға шақырылғандар;
азаматтық персонал адамдары (жұмыскерлер) есепке алынады.

Жеке құрамды әліпбилік ретпен есепке алу кітабы әскери қызметшілердің әрбір санатына және азаматтық персонал адамдарына (жұмыскерлерге) жеке ашылады.

2) осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келісімшарт бойынша қатардағы жауынгерлер, сержанттар мен офицерлер құрамының әскери қызметшілерін әліпбилік ретпен есепке алу кітабында;

3) жеке құрамды штаттық-лауазымдық есепке алу кітабында;

4) саптық жазбада;

5) осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша орнында уақытша болмаған және уақытша келген жеке құрамды есепке алу кітабында;

6) осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік-қызметтік карточкада;

7) осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық персонал адамдарының (жұмыскерлердің) жеке карточкасында және еңбек кітапшасында;

8) осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тәуліктік ведомоста;

9) келісімшарт бойынша қатардағы жауынгерлер, сержанттар мен офицерлер құрамындағы әскери қызметшілердің жеке ісінде;

10) осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке құрамды ауыстыруды есепке алу журналында;

11) осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қатардағы жауынгерлер мен сержанттар құрамының лауазым, әскери-есептік мамандықтар және әскерге шақыру мерзімі бойынша жасақтау ведомосында;

12) осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қатардағы жауынгерлер құрамының келісімшарт бойынша әскери қызметшілерінің сапалық сипаты ведомосында;

13) осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қатардағы жауынгерлер құрамының шығарылған келісімшарт бойынша әскери қызметшілері туралы мәліметтерде;

14) осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сержанттар құрамының келісімшарт бойынша әскери қызметшілерінің сапалық сипаты мен жасақтау ведомосында;

15) осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сержанттар құрамының әскерге шақырылған, шығарылған және ауысқан келісімшарт бойынша әскери қызметшілері туралы мәліметтерде жүргізіледі.

Жеке құрамды есепке алу жай-қүйін бақылау осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке құрамды есепке алу жай-қүйін бақылау журналында жүргізіледі.

Жеке құрамды есепке алуды осы Қағидалардың нысандарында қолданылатын қағазда және электрондық түрде жүргізуге жол беріледі. Жеке құрамды есепке алудың есептілік нысандары бойынша жоғарғы штабқа жеткізілім ұсыну электрондық түрде жүргізіледі. Құжатты электрондық түрде жіберу мүмкін болмаған кезде жеткізілімді қағазда ұсынуға жол беріледі.

15. Осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық персонал адамдарының (жұмыскерлердің) еңбек кітапшасын есепке алу және оның қозғалысы журналын, жеке құрамды штаттық-лауазымдық есепке алу, орнында уақытша болмаған және уақытша келген жеке құрамды есепке алу кітабын және саптық жазбаны әкімшілік жұмысқа жауапты бөлімше немесе персоналмен жұмыс бөлімшесі жүргізеді.

16. Дербес және штаттық-лауазымдық есепке алу деректері негізінде әскери бөлімде (мекемеде) жеке құрамды сандық (статистикалық) есепке алу құжаттары жасалады, оларға:

1) осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке құрамның штаттық және тізімдік саны туралы мәліметтер;

2) осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша демографиялық белгісі бойынша жеке құрамның нақты саны туралы мәліметтер;

3) қатардағы жауынгерлер мен сержанттар құрамының лауазым, әскери-есептік мамандықтар және әскерге шақыру мерзімі бойынша жасақтау ведомосы;

4) сержанттар құрамының келісімшарт бойынша әскери қызметшілерінің сапалық сипаты мен жасақтау ведомосы;

5) сержанттар құрамының әскерге шақырылған, запасқа шығарылған және ауысқан келісімшарт бойынша әскери қызметшілері туралы мәліметтер;

6) қатардағы жауынгерлер құрамының келісімшарт бойынша әскери қызметшілерінің сапалық сипаты ведомосы;

7) қатардағы жауынгерлер құрамының шығарылған келісімшарт бойынша әскери қызметшілері жөніндегі мәліметтер жатады.

Жеке құрамды сандық (статистикалық) есепке алу құжаттары жеке штатта ұсталатын бағынысты әскери бөлімдерді (мекемелерді) есепке алып, жалпы әскери басқару органы үшін жасалады.

Бұл ретте жеке құрамды сандық (статистикалық) есепке алу жөніндегі мәліметтер бағыныстырығы бойынша жоғарғы әскери басқару органына бағынысты әскери бөлімдер (мекемелер) бөлігінде ұсынылады.

ҚР ҚК түрлері, бас басқармалары, ҚР ҚМ және ҚР ҚК БШ департаменттері, басқармалары, орталықтары, орталық бағыныстағы әскери бөлімдері (мекемелері):

ҚР ҚМ кадр органына:

сержанттар құрамының келісімшарт бойынша әскери қызметшілерінің сапалық сипаты мен жасақтау ведомосын – тоқсан сайын тоқсаннан кейінгі айдың 10-ы күніне қарай;

қатардағы жауынгерлер құрамының келісімшарт бойынша әскери қызметшілерінің сапалық сипаты ведомосын – тоқсан сайын тоқсаннан кейінгі айдың 10-ы күніне қарай;

сержанттар құрамының әскерге шақырылған, шығарылған және ауысқан келісімшарт бойынша әскери қызметшілері туралы мәліметтерді – ай сайын өткен айдың 10-ы күніне қарай;

қатардағы жауынгерлер құрамының шығарылған келісімшарт бойынша әскери қызметшілері туралы мәліметтерді – ай сайын өткен айдың 10-ы күніне қарай;

ҚР ҚК БШ ұйымдастыру-жұмылдыру органына:

жеке құрамның штаттық және тізімдік саны туралы мәліметтерді – ай сайын ағымдағы айдың 1-і күнгі жағдай бойынша 5-і күніне қарай;

демографиялық белгісі бойынша жеке құрамның нақты саны туралы мәліметтерді – жылына 2 рет ағымдағы жылғы 1 қантардағы және 1 шілдедегі жағдай бойынша өткен кезең үшін 10-ы күніне қарай;

қатардағы жауынгерлер мен сержанттар құрамының лауазым, әскери-есептік мамандықтар және әскерге шақыру мерзімі бойынша жасақтау ведомосын – жылына 2 рет ағымдағы жылғы 1 қантардағы және 1 шілдедегі жағдайы бойынша өткен кезең үшін 10-ы күніне қарай ұсынады.

17. Жеке құрамды әскери бөлім (мекеме) тізіміне қосу және тізімнен шығару, қамтамасыз ету түрлеріне қою және алу, емделуде болу және емдеу мекемесінен оралу, денсаулық жағдайы бойынша қызметтік міндеттерді орындаудан босату, іссапарға, демалысқа, оқуға кету және келу, азаматтық персонал адамдарын (жұмыскерлерді) жұмысқа қабылдау және босату, тәуліктік наряд құрамы осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) саптық бөлім бойынша бүйрүғымен жүргізіледі.

Есепке алу құжаттарына білімі, отбасы жағдайы туралы мәліметтер тиісті органдар берген растайтын құжаттар негізінде енгізіледі.

Әскери қызметшінің және азаматтық персонал адамдарының (жұмыскерлердің) тегін, атын, әкесінің атын, туған құнін, ұлтын өзгертуін растау құжаттары негізінде әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) жеке құрам бойынша бүйрекімен жарияланады.

Бұл ретте жазба есепке алу құжаттарына бүйрекқа қол қойылған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей енгізіледі.

18. Келген жеке құрамды әскери бөлім (мекеме) тізіміне қосу әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) саптық бөлім бойынша бүйрекімен әскери басқару органына келген күні жүргізіледі.

Бұл ретте әскери бөлім (мекеме) жеке құрамы тізіміне:

бос лауазымға тағайындалған әскери қызметшілерді және азаматтық персонал адамдарын (жұмыскерлерді);

әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) өкіміне берілген әскери қызметшілерді;

бос емес лауазымға уақытша тағайындалған (негізгі жұмыскердің бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыста болуы кезінде) азаматтық персонал адамдарын (жұмыскерлерді) қосу жүргізіледі.

Жеке құрамды әскери бөлім (мекеме) тізіміне қосу туралы бүйрек шығаруға:

1) келісімшарт бойынша әскери қызметшілер үшін – нұсқама және лауазымға тағайындалғаны туралы (жеке құрам бойынша) бүйректан үзінді;

2) мерзімді қызмет әскери қызметшілері үшін – атаулы тізім және жоғарғы әскери басқару органы бастығының бүйрекінан (өкімінен) үзінді;

3) азаматтық персонал адамдары (жұмыскерлер) үшін – Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі – КР Еңбек кодексі) 32-бабына сәйкес құжаттарды қоса беріп, жұмысқа қабылдау туралы жеке өтініш негіз болып табылады.

Әскери бөлім (мекеме) жеке құрамы тізіміне әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) бүйрекімен басқа әскери бөлімдерден (мекемелерден) уақытша іссапарға жіберілген, сондай-ақ әскери бөлімге (мекемеге) әртүрлі себеп бойынша уақытша келген адамдар қосылмайды.

19. Әскери бөлім (мекеме) жеке құрамы тізімінен шығару әскери қызметтен шығарылған, мемлекеттік органдарға аудиосына байланысты әскери бөлімдерде (мекемелерде) қызмет өткеруге тағайындалған, әскери оқу орындарында оқуға тіркелген адамдар үшін әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) саптық бөлім бойынша бүйрекімен кеткен күні жүргізіледі.

Бұл ретте жыл сайын негізгі демалыс берілетін әскери қызметшілер жеке құрам тізімінен демалысы аяқталғаннан кейінгі келесі күннен бастап шығарылады.

Әскери оқу орындарына түсken әскери қызметшілер оқуға қабылданған күннен бастап оқуға қабылданғаны туралы бұйрықтан үзінді алған кезде әскери бөлім (мекеме) жеке құрамы тізімінен шығарылады. Көрсетілген үзінді әскери бөлімге (мекемеге) бұйрық шығарылған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі.

Бостандығын шектеуге немесе одан айыруға сottaған, үкім заңды күшіне енген сэтте қамауда болған адамдарды әскери бөлім (мекеме) тізімінен:

- 1) сот үкімінде көрсетілген жазаны өтеу басталған күннен;
- 2) үкім заңды күшіне енген сэтте бостандықта болған сол адамдар – әскери бөлім (мекеме) үкімнің заңды күшіне енгені туралы хабарлама алған күннен бастап шығарылады.

Қайтыс болған және қаза тапқандар әскери бөлім (мекеме) тізімінен "Азаматтық хал ақтілерінің жазбасы" ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – АХАЖ АЖ) қайтыс болғаны (қаза тапқаны) құжаттамалық расталғаннан кейін келесі күннен бастап шығарылады.

20. Әскери бөлімнің (мекеменің) жеке құрамы тізімінен сот үкімі шығарылғанға дейін әскери бөлімді (мекемені) өз бетімен тастап кеткен әскери қызметшілер шығарылмайды және олар орнында уақытша болмаушылар ретінде есепке алынады. Оларды әскери бөлімнің (мекеменің) жеке құрамы тізімінен шығару сот үкімі заңды күшіне енгені туралы хабарлама алынғаннан кейін әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) жеке құрам бойынша бұйрығымен жүргізіледі.

Әскери қызметшілер және азаматтық персонал адамдары (жұмыскерлер) әскери бөлімнің (мекеменің) жеке құрамы тізімінен:

1) атқарып отырған лауазымынан босатпай әскери оқу орындарына және оқу әскери бөлімдеріне (мекемелеріне) оқуға жіберілгендер;

2) емделу мерзіміне қарамастан, емдеу мекемесінің барлық түріне емделуге жіберілген адамдар;

3) әртүрлі себеп бойынша әскери бөлімнен (мекемеден) уақытша кеткен (іссапарға, демалысқа, жиынға, басқа әскери бөлімдерге (мекемелерге) немесе мемлекеттік органдарға уақытша іссапарға жіберілген) адамдар;

4) тергеуде жүрген немесе оларға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізіліп жатқан адамдар – қылмыстық іс бойынша соңғы шешім қабылданғанға дейін қылмыстық қудалау органының жазбаша хабарламасы бойынша шығарылады және олар уақытша болмағандар ретінде есепке алынады.

21. Әскери бөлімде (мекемеде) жеке құрамды есепке алуда:

1) құжатсыз келген әскери қызметшілерді әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) бұйрығымен жеке құрам тізіміне қосуға. Осы әскери қызметшілерді әскери бөлім (мекеме) тізіміне қосу олардың жеке басын анықтағаннан және осы әскери бөлімге (мекемеге) әскери қызмет өткеру үшін жіберілгенін растайтын құжаттар алынғаннан кейін жүргізіледі. Растав құжаттарын алғанға дейін әскери қызметшілер уақытша іссапарға келушілер ретінде есепке алынады;

2) әскери бөлімнің (мекеменің) жеке құрамы тізіміне әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) бүйріғында әр әскери қызметші мен азаматтық персонал адамдарын (жұмыскерлерді) атап көрсетпей, жалпы санмен енгізуге немесе одан шығаруға;

3) жеке құрамды әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) бүйріғын шығармай есепке алу құжаттарына қосуға немесе одан шығаруға;

4) растау құжаттарынсыз, әскери қызметшілердің, азаматтық персонал адамдарының (жұмыскерлердің) сөздерінен дербес және штаттық-лауазымдық есепке алу құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізугежол берілмейді.

22. Жедел-стратегиялық әскери басқару органына дейінгі әскери бөлімдерде (мекемелерде) жеке құрамды есепке алуды:

1) келісімшарт бойынша қатардағы жауынгерлер, сержанттар мен офицерлер құрамының әскери қызметшілерін – кадр органы немесе жасақтау бөлімшесі (персоналмен жұмыс бөлімшесі);

2) мерзімді әскери қызмет әскери қызметшілерін – ұйымдастыру-жұмылдыру жұмысына жауапты құрылымдық бөлімше немесе жасақтау бөлімшесі (персоналмен жұмыс бөлімшесі);

3) азаматтық персонал адамдарын (жұмыскерлерді) – әкімшілік жұмысқа жауапты бөлімше немесе персоналмен жұмыс бөлімшесі жүргізеді.

Штатта көрсетілген құрылымдық бөлімшелер көзделмеген әскери бөлімде (мекемеде) әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) бүйріғымен қоса атқару бойынша жеке құрамды есепке алу үшін жауапты адамдар тағайындалады.

23. Жедел-стратегиялық әскери басқару органында жеке құрамды есепке алуды:

1) келісімшарт бойынша қатардағы жауынгерлер, сержанттар мен офицерлер құрамының әскери қызметшілерін, сондай-ақ азаматтық персонал адамдарын (жұмыскерлерді) – кадр жұмысы (персоналмен жұмыс) мәселелеріне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімше;

2) мерзімді әскери қызмет әскери қызметшілерін – ұйымдастыру-жұмылдыру жұмысы мәселелеріне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімше;

3) оқушыларды (курсанттар мен кадеттерді) (бағынысында әскери оқу орындары бар болған кезде) – әскери білім мәселелеріне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімше жүргізеді.

24. Әскери бөлімде (мекемеде):

1) жеке құрамды есепке алу осы Қағидалардың талаптарына сәйкес жүргізіледі;

2) тәуліктік ведомостын жеке құрам бойынша белгіленген жеткізілім уақытын жасалады және бастыққа қол қоюға ұсынылады;

3) апта сайын жұмада бөлімшелердің есепке алу деректерін әскери бөлімнің (мекеменің) есепке алу деректерімен салыстырылып тексеріледі және тиісті есепке алу құжаттарындағы жазбасалыстырылып тексеріледі;

4) тоқсандабір рет құрылымдық бөлімшелерде жеке құрамды есепке алудың жай-күйі және әскери қызметшілердің әскери билеті мен жеке куәлігіндегі жазбаның нақты есепке алу деректерімен сәйкес келуі тексеріледі. Тексеру нәтижесі бойынша жеке құрамды есепке алу жай-күйін бақылау журналына жазба жасалады;

5) әскери қызметшілер мен азаматтық персонал адамдарының (жұмыскерлердің) лауазымын жасақтау жөніндегі жұмыс ұдайы жүргізіледі;

6) әскери қызметшілер мен азаматтық персонал адамдарын (жұмыскерлерді) есепке алу деректеріндегі өзгерістер туралы жеткізілім жоғарғы органға уақтылы ұсынылады;

7) тиісті есепке алу құжаттарына жеке құрамның өзгерген деректері туралы жазба ұдайы жасалады;

8) ротациялауға, денсаулық жағдайы бойынша және шекті жасқа толуы бойынша шығарылуға тиісті әскери қызметшілердің тізімі жүргізіледі;

9) әскери бөлім (мекеме) штаты жүргізіледі, оған жоғарғы штабтың бүйрекі бойынша өзгерістер уақтылы енгізіледі және тиісті командирлерге (бастықтарға) жеткізіледі;

10) ауыстыруға және шығарылуға тиісті әскери қызметшілер мен азаматтық персонал адамдарына (жұмыскерлерге) арналған материалдар ресімделеді.

Әскери бөлімнің (мекеменің) штаб бастығы жеке құрамды есепке алу жұмысына тартылатын адамдарды іріктеуді және даярлауды жүзеге асырады.

Штатта штаб бастығының лауазымы көзделмеген әскери бөлімде (мекемеде) жеке құрамды есепке алу жұмысына тартылатын адамдарды даярлауды әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) шешімі бойынша қоса атқару бойынша оның орынбасарларының бірі жүзеге асырады.

25. Ұйымдастыру-жұмылдыру органды әскери басқару органы және бағынысты әскери бөлімдер (мекемелер) бойынша жеке құрамның штаттық және тізімдік санын есепке алуды, лауазым, әскери-есептік мамандықтар бойынша жеке құраммен жасақтауды есепке алуды, жеке құрамның саны бойынша есеп беруді уақтылы жасауды жүзеге асырады.

26. Жедел-стратегиялық әскери басқару органына дейінгіні қоса алғанда әскери бөлімдерде (мекемелерде) келісімшарт бойынша қатардағы жауынгерлер, сержанттар мен офицерлер құрамындағы әскери қызметшілердің жеке ісі мен әліпбелік ретпен есепке алу кітабын кадр органы немесе жасақтау бөлімшесі (персоналмен жұмыс бөлімшесі), азаматтық персонал адамдарына (жұмыскерлерге) – әкімшілік жұмысқа жауапты бөлімше немесе персоналмен жұмыс бөлімшесі жүргізеді.

Бейбіт уақытта азық үлесі көзделмеген барлық әскери бөлімде (мекемеде) тәуліктік ведомость жүргізілмейді.

Бұл ретте, белгіленген есепке алу нысанында қолданылатын әскери қызметшілердің электрондық есепке алуғажол беріледі.

27. ҚР ҚМ және ҚР ҚҚ БШ құрылымдық бөлімшелерінде жеке құрамды есепке алу осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке құрамның шығысы туралы мәліметтерде жүргізіледі. Қатардағы жауынгер, сержант пен офицер құрамы келісімшарт бойынша әскери қызметшілерінің, сондай-ақ азаматтық персонал адамдарының (жұмыскерлердің) жеке ісі, сондай-ақ жеке құрамды есепке алу құжаттары ҚР ҚМ кадр жұмысы органында жүргізіледі.

Әкімшілік жұмысына жауапты бөлімшеде орнында уақытша болмайтын және уақытша келген жеке құрамды есепке алу кітабы жүргізіледі.

Әскери басқару органының тізіміне бұдан әрі әскери қызмет өткери үшін келген жеке құрамды енгізу, олар келген күні саптық бөлім бойынша бүйрықпен жүргізіледі.

Бұл ретте әскери басқару органының жеке құрамы тізіміне:

бос лауазымға тағайындалған әскери қызметшілер мен азаматтық персонал адамдарын (жұмыскерлерді);

әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) өкіміне берілген әскери қызметшілерді;

бос емес лауазымға уақытша тағайындалған (негізгі жұмыскердің бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыста болуы кезінде) азаматтық персонал адамдарын (жұмыскерлерді) қосу жүргізіледі.

Жеке құрамды әскери басқару органы тізіміне қосу туралы бүйрық шығаруға:

1) әскери қызметшілер үшін – нұсқама, лауазымға тағайындалғаны туралы (жеке құрам бойынша) бүйрықтан үзінді, іс пен лауазымды қабылдау туралы баянат (келуі туралы баянат);

2) азаматтық персонал адамдары (жұмыскерлер) үшін – ҚР Еңбек кодексінің 32-бабына сәйкес құжаттарды қоса беріп, жұмысқа қабылдау туралы жеке өтініші негіз болып табылады.

Әскери басқару органының жеке құрамы тізімінен шығару іс пен лауазымды тапсырғаннан кейін:

әскери басқару органы құрылымдық бөлімшелерінің бастықтары мен бастықтардың орынбасарлары үшін – бір айдан аспайтын;

әскери басқару органы құрылымдық бөлімшелерінің қалған әскери қызметшілері үшін – он бес күннен аспайтын мерзімде жүргізіледі.

Әскери басқару органының жеке құрамы тізімінен шығару туралы бүйрықты шығаруға іс пен лауазымды тапсыру туралы баянат, жеке құрам бойынша бүйрықтан үзінді, кету парагы негіз болып табылады.

Ескерту. 27-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қорғаныс министрінің 01.07.2025 № 769 бүйрығымен.

3-параграф. Кейбір әскери бөлімдерде (мекемелерде) жеке құрамды есепке алу ерекшелігі

28. Эскери оқу орындарында офицерлер мен ауыспалы құрамның, қатардағы жауынгерлер мен сержанттар құрамының келісімшарт бойынша әскери қызметшілерін, мерзімді әскери қызмет әскери қызметшілерін және азаматтық персонал адамдарын (жұмыскерлерді) есепке алу кадр органында (персоналмен жұмыс бөлімшесінде) жүргізіледі.

Кадр органында (персоналмен жұмыс бөлімшесінде) сонымен қатар жеке құрамды штаттық-лауазымдық есепке алу кітабы, орнында уақытша болмайтын және уақытша келген жеке құрамды есепке алу кітабы жүргізіледі.

Саптық жазбаны әскери оқу орны бойынша жедел кезекші (кезекші) жүргізеді.

29. Офицерлерді есепке алу осы Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бейбіт уақытта кадр органында офицерлер құрамын есепке алу схемасына сәйкес:

- 1) осы Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша офицерлер құрамын штаттық-лауазымдық есепке алу кітабы бойынша;
- 2) офицерлерді әліпбелік ретпен есепке алу кітабы бойынша;
- 3) офицерлердің жеке ісі бойынша;
- 4) жеке құрамды автоматтандырылған есепке алу жүйесінде жүргізіледі.

30. Эскери оқу орындарында білім алушылар тұрақты құрамнан бөлек әліпбелік ретпен есепке алу кітабы бойынша есепке алынады. Егер оқу орны штатында саптық есепке алуға сәйкес ауыспалы құрам қатарынан бөлімшелер командирлерін, взводтар сержанттарын (взводтар командирлерінің орынбасарларын) ұстau көзделген жағдайда ауыспалы құрамға арналған штаттық-лауазымдық есепке алу жүргізіледі. Қалған жағдайда ауыспалы құрамға арналған штаттық-лауазымдық есепке алу жүргізілмейді.

Әрбір курсантқа есептік-қызметтік карточка орнына ҚР ҚМ әскери оқу орындарына тузыңылған құжаттар меноларға оқу кезеңінде жасалған құжаттар бар жеке іс жүргізіледі.

31.Оқу бөлімшелерінде (взводта, ротада, батареяда, эскадрильяда, батальонда, дивизионда, факультетте), оқу процесін қамтамасыз ету бөлімшелерде жеке құрамды есепке алу осы Қағидалардың 10-14-тармақтарына сәйкес жүргізіледі.

32. Емдеу мекемелерінде ауыспалы құрам осы Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша стационарлық және амбулаторлық ауыруларды есепке алу журналында және осы Қағидаларға 27-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауырулардың қозғалысын есепке алу журналы бойынша жүргізіледі. Емдеу мекемелерінде жеке құрамды есепке алу осы Қағидалардың 14-22-тармақтарына сәйкес жүргізіледі.

Медициналық бөлімшелер әскери қызметшілерді емделгеннен кейін олардың қызмет өткери орындары бойынша әскери бөлімдерге (мекемелерге) жібереді. Медициналық бөлімшелердің бастықтары оларды шығарар алдында әскери бөлімдердің (мекемелердің) командирлеріне (бастықтарына) хабарлайды және қызмет өткери орындарына уақытылы баруларын бақылауды жүзеге асырады.

33. Ауыспалы құрамы бар оқу-жаттығу орталықтары мен басқа да әскери бөлімдер (мекемелер) штабында:

1) ауыспалы құрамды (штаттық және бөлімдер есебінен ұсталатын) дербес есепке алу тұрақты жеке құрамнан бөлек әліпбилік ретпен есепке алу кітaby бойынша жүргізіледі. Ауыспалы құрамға штаттық-лауазымдық есепке алу жүргізілмейді;

2) оқу-жаттығу бөлімдерінің бөлімшелерінде жеке құрамды есепке алу жеке құрамды есепке алу кітabyнда жүргізіледі.

34. Жеке құрамның саны 40 адамнан аз және қатардағы жауынгерлер мен сержанттар құрамының келісімшарт бойынша әскери қызметшілермен жасақталған әскери бөлімдерде (мекемелерде) тәуліктік ведомость жүргізілмейді. Көрсетілген әскери бөлімдердің (мекемелердің) келісімшарт бойынша қатардағы жауынгерлер, сержанттар мен офицерлер құрамының әскери қызметшілерін есепке алу әліпбилік ретпен есепке алу кітabyнда жеке құрамды штаттық-лауазымдық есепке алу кітabyнда жүргізіледі. Егер әскери бөлім (мекеме) құрамында мерзімді әскери қызмет әскери қызметшілері болса, онда мерзімді әскери қызмет әскери қызметшілерін әліпбилік ретпен есепке алу кітaby жүргізіледі.

35. Ведомстволық құзет және құзет бөлімшелерінде:

1) жасақта, жеке команда, топта жеке құрам жеке құрамды штаттық-лауазымдық есепке алу кітabyнда есепке алынады. Есепке алуды жасақ, жеке команда, топ бастықтары жүргізеді;

2) жеке құрамды әліпбилік ретпен есепке алу кітaby, азаматтық персонал адамдарының (жұмыскерлердің) жеке карточкасы мен еңбек кітапшасы олар бағынысты әскери басқару органында жүргізіледі.

36. Жергілікті әскери басқару органында (бұдан әрі – ЖӘБО) жеке құрамды есепке алу кадр жұмысы (персоналмен жұмыс) бөлімшесі жүргізеді:

1) келісімшарт бойынша қатардағы жауынгерлер, сержанттар мен офицерлер құрамының әскери қызметшілерін әліпбилік ретпен есепке алу кітabyнда әскери қызметшілер әліпбилік ретпен есепке алынады. Қатардағы жауынгерлер, сержанттар мен офицерлер құрамының келісімшарт бойынша әскери қызметшілерін есепке алу әрбір санат бойынша жеке жүргізіледі;

2) бейбіт уақытта офицерлерді есепке алу офицерлер құрамын есепке алу схемасына сәйкес кадр органында жүргізіледі;

3) азаматтық персонал адамдары (жұмыскерлер) жеке құрамды әліпбилік ретпен есепке алу кітaby бойынша есепке алынады.

Кадр жұмысы (персоналмен жұмыс) бөлімшесінде:

келісімшарт бойынша қатардағы жауынгерлер, сержанттар мен офицерлер құрамының әскери қызметшілерінің, сондай-ақ азаматтық персонал адамдарының (жұмыскерлердің) жеке ісі;

жеке құрамды штаттық-лауазымдық есепке алу кітaby;

орнында уақытша болмайтын және уақытша келген жеке құрамды есепке алу кітабы жүргізіледі.

Саптық жазбаны ЖӘБО бойынша жедел кезекші (кезекші) жүргізеді.

Штатта кадржұмысы бөлімшелері көзделмеген қорғаныс істері жөніндегі басқармаларда (бөлімдерде) мекеме бастығының бүйрығымен жеке құрамды есепке алу үшін қоса атқару бойынша жауапты лауазымды адамдар тағайындалады.

4-параграф. Қызметі бойынша ауысатын әскери қызметшілерді есепке алу

37. Әскери қызметшілерді жөнелту әскери эшелон мен команда құрамында жүргізіледі. Қызмет бойынша бір әскери бөлімнен (мекемеден) басқасына дербес ауысатын әскери қызметшілер қызмет орнына жеке жөнелтіледі.

38. Жеке құрамды бір әскери бөлімнен (мекемеден) басқасына команда құрамында жөнелту кезінде мынадай құжаттар:

1) кететін жеке құрам командаларының атаулы тізімі – команда бастығында (ұлкенінде);

2) әскери билет, қызметтік күәлік, жеке басты куәландыратын құжаттар, әскери тасымалдау құжаттары немесе жүретін жолға ақшалай қаражат – әрбір әскери қызметшіде;

3) есептік-қызметтік карточка (келісімшарт бойынша қатардағы жауынгерлер, сержанттар мен офицерлер құрамының әскери қызметшілеріненбасқа), қызметтік карточка, қызметтік мінездеме мен медициналық карточка – команда бастығында мөрленген пакетте;

4) әр әскери қызметшіге арналған азық-түлік, мүлік және ақша аттестаты – команда бастығында ресімделеді.

39. Жеке жөнелту кезінде жөнелтілушіге нұсқама, әскери билет, қызметтік күәлік, жеке басты куәландыратын құжат, әскери тасымалдау құжаттары немесе жүретін жолға ақшалай қаражат, азық-түлік, мүлік және ақша аттестаты мен медициналық кітапша, сыйыптық біліктілік беру, растау немесе төмендету туралы бүйрықтан үзінді беріледі.

Әскери бөлімдер (мекемелер) штабы мен кадр органдары әскери қызметшілерді жеке жөнелту кезінде келу мерзімін көрсетіп, олардың өкіміне әскери қызметшілер жіберілетін командирлерді (бастықтарды) хабардар етеді. Мерзімді қызмет әскери қызметшілерімен бірге жүру үшін бастық тағайындалады. Жол жүретін уақытта жеке құрамның келуін бақылау жөнелтуді жүзеге асыратын командирлерге (бастықтарға) жүктеледі. Әскери қызметші келмеген жағдайда командирлер (бастықтар) олардың болмау себебі мен мән-жайын анықтау шараларын қабылдайды және оның өкіміне әскери қызметшілер жөнелтілген командирлерді (бастықтарды) және әскери полиция органдарын хабардар етеді.

Әскери қызметшілер бөлімге кешігіп келген кезде қызметтік тексеру жүргізіп, кешігу себебін анықтау оның өкіміне әскери қызметші жөнелтілген командирге (бастыққа) жүктеледі.

40. Жөнелтушінің бір әскери бөлімнен (мекемеден) басқасына эшелонмен немесе команда мен жөнелтілетін әскери қызметшілерге атаулы тізім үш данада жасалады. Атаулы тізімнің бірінші және екінші данасы команда бастығына (ұлкеніне) тапсырылады, ал үшінші данасы бөлімнің ісіне тігіледі.

Атаулы тізімге жөнелтуші әскери бөлімнің (мекеменің) штаб бастығы қолтаңба қояды және әскери бөлімнің (мекеменің) шартты атауы бойынша елтаңбалы мөрімен куәландырылады. Жеке құрамды беру кезінде тізімнің бірінші данасы жас буынды қабылдаушыға беріледі, ал екінші данасына жеке құрамды тапсыруши мен қабылдаушы қолтаңбасын қояды, жас буынды қабылдайтын әскери бөлімнің (мекеменің) елтаңбалы мөрімен куәландырылады, одан кейін қабылдау актісімен бірге жеке құрам келген әскери бөлімге (мекемеге) қайтарылады.

41. Әскери қызметшілерді әскери бөлімдер (мекемелер) өкілдеріне беру әскери қызметшілерді қабылдауға құқық беретін сенімхат бойынша жүргізіледі және актімен ресімделеді, онда қабылданған (тапсырылған) әскери қызметшілер саны, олардың санитариялық жай-күйі, қолда бар құжаттары, киім-кешегі және өңгетиісті мүлкі көрсетіледі.

Жас буынды қабылдау команда бастығынан алынған атаулы тізім бойынша жүргізіледі. Әскери қызметшілерді атаулы тексерусіз қабылдауға жол берілмейді.

42. Эшелоннан қалып қойған (түсіріп алынған) адамдар үшін актіде олардың тегі, аты мен әкесінің аты (болған кезде), оларды қандай ЖӘБО әскерге шақырғаны, эшелоннан қашан және қайда қалып қойғаны немесе түсіріп алынғаны, қашан және кімге хабарланғаны көрсетіледі. Акт екі данада жасалады, оған әскери қызметшілердің атаулы тізімі, ал эшелоннан түсіріп алынған әскери қызметшілерге түсіріп алу себебі туралы анықтама қоса беріледі. Әскери қызметшілерді қабылдаған және тапсырған лауазымды адамдар ол туралы команда бойынша баяндайды.

Әскери бөлім (мекеме) командирі (бастығы) жеке келген мерзімді қызмет әскери қызметшілері туралы олардың бұрынғы қызмет орны бойынша хабарлайды.

43. Жас буынды қабылдаған әскери бөлім (мекеме) штабында келген әскери қызметшілер бөлімшелер бойынша бөлінеді.

Түсken әскери қызметшілерге атаулы тізім мен нұсқама әскери бөлім (мекеме) штабында сақталады. Атаулы тізімде әрбір келушінің тегінің қарсысында қызмет өткери үшін оның қандай бөлімшеге жіберілгені көрсетіледі.

44. Әскери бөлімдерді (мекемелерді) өнірлік қолбасшылықтар арасында беру (қайта орналастыру, қайта бағындыру) кезінде әскери бөлімдер (мекемелер) командирлері (бастықтары) саптық бөлім бойынша бүйрықта жеке құрамның штаттық және тізімдік санын жариялайды және бұрынғы және жаңа орналасқан (бағынысты) орны бойынша

тиісті штабқа кеткен (келген) жеке құрамның құрамы туралы жеткізілім, бұрынғы бағыныстағы штабқа – есептік кезең үшін еркін нысанда жасалған жеке құрамның қозғалысы туралы анықтама ұсынады.

5-параграф. Қайтыс болған (қаза тапқан) жеке құрамды есепке алу

45. Әскери бөлімдерде (мекемелерде) қатардағы жауынгерлер, сержанттар мен офицерлер құрамының орны толmas шығынын дербес есепке алу кадр органында немесе жасақтау бөлімшесінде (персоналмен жұмыс бөлімшесінде), азаматтық персонал адамдарын (жұмыскерлерді) – әкімшілік жұмысқа жауапты бөлімшеде немесе персоналмен жұмыс бөлімшесінде жүргізіледі.

46. Әскери бөлім (мекеме) командирі (бастығы) әскери қызметшінің немесе азаматтық персонал адамының (жұмыскердің) қайтыс болғаны немесе қаза тапқаны туралы сол күні жеделхатпен немесе телефон арқылы қайтыс болғанының (қаза тапқанның) жақын туыстары мен қайтыс болғанының (қаза тапқанның) отбасының тұрғылықты жері бойынша ЖӘБО-ға хабарлайды. Жеделхатта немесе телефон арқылы хабарлағанда қайтыс болған (қаза тапқан) әскери қызметшінің, азаматтық персонал адамының (жұмыскердің) қайтыс болған күні мен қайтыс болу себебін, сондай-ақ мәйітін жөнелтетін немесе жерленетін күнін хабарлайды.

47. Ауырып қайтыс болған немесе оқиға, қайғылы оқиға және табиғи зілзала салдарынан қаза тапқан, сондай-ақ хабарсыз кеткен әскери қызметшілер "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес саптық бөлім бойынша бүйрықпен жеке құрам тізімінен шығарылады.

Саптық бөлім бойынша бүйрықта әрбір қайтыс болған (қаза тапқан), хабарсыз кеткен әскери қызметшінің:

- 1) лауазымы;
- 2) әскери атағы;
- 3) тегі, аты мен әкесінің аты (болған кезде);
- 4) туған жылы мен жері;
- 5) әскерге шақырылған күні;

6) қандай ЖӘБО-да әскерге шақырылған, ҚР ҚҚ-да қай уақыттан бастап қызмет өткөрді, қашан қандай себеп бойынша қайтыс болды (қаза тапты) және қаза тапқаны (қайтыс болғаны) әскери қызмет міндеттерін орындаумен байланысты ма;

7) мәйітті жеткізу тапсырылған бөлім өкілінің лауазымы, әскери атағы, тегі, аты мен әкесінің аты (болған кезде);

- 8) жерлеу үшін мәйітті жөнелтетін жер;

9) жерлеу үшін мәйітті талап ететін жақын туыстарының немесе адамдардың болмауы немесе жерлеу үшін мәйітті алудан жақын туыстарының бас тартуы кезінде – қайда және қашан жерленді;

10) хабарсыз кеткенге – қай уақыттан бастап әскери бөлім (мекеме) тізімінен шығарылады;

11) жұбайының (зайыбының), әкесінің, анасының немесе жақын туысының тегі, аты мен әкесінің аты (болған кезде) және олардың тұрғылықты мекенжайлары.

48. Саптық бөлім бойынша бұйрық әскери қызметшінің, азаматтық персонал адамының (жұмыскердің) қаза табуы (қайтыс болуы) туралы хабарламаны, қайтыс болғанның (қаза тапқанның) жеке заттарын, құндылығы мен құжаттарын ЖӘБО-ға жіберу үшін, сондай-ақ әскери қызметшінің, азаматтық персонал адамының (жұмыскердің) есептік құжаттарына әскери бөлім (мекеме) тізімінен шығарылған уақыты мен себебі туралы мәліметтер есепке алу құжаттарына енгізу үшін негіз болып табылады.

49. Әскери қызметшінің қаза табуы (қайтыс болуы) туралы хабарлама осы Қағидаларға 28-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үш данада жасалады.

Әскери бөлімнің (мекеменің) өкілі хабарламаның бірінші және екінші данасын АХАЖ АЖ-дан алғынған қайтыс болуы туралы қуәлікпен және жеке құрам тізімінен шығару туралы саптық бөлім бойынша бұйрықтан үзіндімен бірге әскери қызметшінің отбасының (туыстарының) тұрғылықты жері бойынша ЖӘБО-ға береді. Жерлеу үшін мәйітті талап ететін жақын туыстарының немесе адамдардың болмауы немесе жерлеу үшін мәйітті алушан жақын туыстарының бас тартуы жағдайында көрсетілген құжаттармен бірге жерленгеннен кейін келесі құннен кешіктірмей қайтыс болғаның (қаза тапқанның) жерленген жерінің фотосуреті ЖӘБО-ға жіберіледі. Хабарламаға әскери бөлім (мекеме) командирі (бастығы) мен штаб бастығы қолтаңба қояды және әскери бөлімнің (мекеменің) шартты атауы бойынша елтаңбалы мөрімен қуәланышылады. Қаза табуы (қайтыс болуы) туралы хабарламаның үшінші данасы әскери бөлім (мекеме) ісінде сақталады.

50. Қайтыс болған (қаза тапқан) әскери қызметшілер мен азаматтық персонал адамдарына (жұмыскерлерге) ЖӘБО-ға хабарлама жіберіп, бір мезгілде осы Қағидаларға 29-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жоғарғы штабқа жеке құрам орны толmas шығынының атаулы тізімі де жіберіледі.

Осы Қағидаларға 30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қайтыс болған (қаза тапқан) офицерлерге бұдан басқакоманда бойынша қайтыс болуы (қаза табуы) туралы жеткізілім ұсынылады. Хабарсыз кеткен офицерлерге – оларға сот шешімінің көшірмесін қоса беріп, ерікті нысанда ҚР ҚК офицерлер құрамы тізімінен шығару туралы қолдау хат беріледі. Жеткізілім мен қолдау хат екі данада жасалады. Бірінші данасы команда бойынша ұсынылады, ал екіншісі – әскери бөлім (мекеме) ісінде сақталады.

51. Саптық бөлім бойынша бұйрық негізінде әліпбилік ретпен есепке алу кітабында әскери қызметшінің, азаматтық персонал адамының (жұмыскердің) қайтыс болған (қаза тапқан) құні мен себебі, жерленген жері, жеке құрам тізімінен шығарылғаны туралы

бұйрық нөмірі, қайтыс болғаны (қаза тапқаны) туралы хабарлама қашан, кімге және қандай шығыс нөмірімен берілгені туралы жазба жүргізіледі. Офицерлерге ҚР ҚҚ офицерлер құрамы тізімінен ш туралы жеке құрам бойынша бұйрық нөмірі мен күні жазылады.

52. Қайтыс болғанның (қаза тапқаннның) жеке заттарына, құндылығы мен құжаттарына осы Қағидаларға 31-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қайтыс болғанның (қаза тапқаннның) жеке заттарының, құндылығы мен құжаттарының болуы актісі екі данада жасалады. Актігө әскери бөлім (мекеме) бойынша бұйрықпен тағайындалған комиссия қол қояды және әскери бөлім (мекеме) командирі (бастығы) бекітеді. Бірінші данасы қайтыс болғанның (қаза тапқаннның) отбасына жіберіледі, ал екінші данасы әскери бөлімде (мекемеде) қалады.

53. Әскери билет, қызметтік күәлік, есептік-қызметтік карточка, ақшалай жабдықталым туралы құжаттар менөзге құжаттар қайтыс болған (қаза тапқан) адам отбасының тұрғылықты жері бойынша ЖӘБО-ға, ал отбасы (туыстары) болмаған кезде – әскерге шақырылған жері бойынша ЖӘБО-ға беріледі. Осы құжаттар жөнелтілер алдында соңғы есепке алу деректері бойынша тексеріледі және олардың бірінші парағында әскери қызметшінің қайтыс болғаны (қаза тапқаны) туралы белгі қойылады.

Офицерлердің жеке нөмірі жазылған жетон жеке істің бірінші данасына бекітіліп қойылады.

Қайтыс болған (қаза тапқан), хабарсыз кеткен офицерлердің жеке ісінің бірінші данасы қайтыс болған (қаза тапқан), хабарсыз кеткен офицерлер отбасының тұрғылықты жері бойынша ЖӘБО-ға, жеке істің екінші және кейінгі данасы – ҚР ҚМ Орталық мұрағатына (бұдан әрі – Орталық мұрағат) жіберіледі.

Офицерлер құрамының қызметтік күәлігі, қатардағы жауынгерлер мен сержанттар құрамының келісімшарт бойынша әскери қызметшілерінің әскери билеті жойылуға тиіс

54. Қайтыс болған (қаза тапқан) адамның отбасына немесе туыстарына берілуге тиісті жеке заттары мен құндылық жөнелту алдында актінің бірінші данасы бойынша мұқият тексеріледі, актінің бірінші данасымен бірге буып-түйіледі, әскери бөлімнің (мекеменің) шартты атауы бойынша сұргілі мөрмен мөрленеді және актінің екінші данасына қолтаңбасын қойғызып, жұбайына (зайыбына), әкесіне, анасына немесе қайтыс болған (қаза тапқан) адамның жақын туыстарының біріне беріледі.

Актінің екінші данасы әскери бөлімде (мекемеде) сақталады.

55. Емдеу мекемелерінде емделуде болғандардың (ауыспалы құрамының) қатарынан қайтыс болған әскери қызметшілерге қатысты емдеу мекемесінің бастығы осы әскери қызметшілер қызмет өткерген әскери бөлімдер (мекемелер) командирлеріне (бастықтарына) дереу хабарлайды. Хабарламаларда қайтыс болған адамның әскери атағы, аты және әкесінің аты (болған кезде), қайтыс болған күні мен себебі көрсетіледі.

Қайтыс болған әскери қызметшілер қызмет өткөрген әскери бөлімдердің (мекемелердің) командирлері (бастықтары) емдеу мекемелерінде емделуде болған әскери қызметшілердің қайтыс болғаны туралы хабарламаны қайтыс болған адамның мәйітімен және оның жеке заттарымен, құндылығымен және жеке құжаттарымен бірге ЖӘБО-ға жібереді.

56. ЖӘБО-даосы Қағидаларға 32-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери қызметшілердің орны толmas шығынын және олардың осы ауданың (қаланың) аумағында тұратын отбасына зейнетақы тағайындауды есепке алатын әліпбилік кітап жүргізіледі. Кітапқа жазба алғынған хабарламалар, қайтыс болғаны туралы күәлік және әскери қызметшінің қатыс болу фактісін растайтын құжаттар негізінде жүргізіледі.

57. Қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің (басқарманың) бастығы қорғаныс істері жөніндегі департаментке қайтыс болған (қаза тапқан) әскери қызметші туралы мәліметтер ұсынады.

Тұыстары қайтадан хабарлама алуға (бұрын алғынған хабарламаны жоғалтып, бұлдіріп алған жағдайда немесе азаматтық, отбасылық және басқа да құқық қатынастарын шешу үшін) өтініш білдірген кезде хабарламаның телнұсқасы (көшірмесі) беріледі.

Хабарламаның түпнұсқасы және әскери қызметшінің қайтыс болғаны (қаза тапқаны) туралы құжаттар тігіледі және ЖӘБО-да сақталады.

58. Қайтыс болған (қаза тапқан) әскери қызметшілер мен азаматтық персонал адамдарын (жұмыскерлерді) есепке алу жеке құрам орны толmas шығынының атаулы тізімі бойынша:

1) ЖӘБО-да – ҚР ҚҚ әскери бөлімдері (мекемелері) командирлерінің (бастықтарының) хабарламасы бойынша қызмет көрсетілетін әкімшілік-аумақтық бірлік үшін;

2) ҚР ҚҚ әскери басқару органында – әскери басқару органы мен бағынысты әскери бөлімдер (мекемелер) үшін;

3) ҚР ҚҚ БШ ұйымдастыру-жұмылдыру органында – ҚР ҚҚ әскери басқару органы және әскери бөлімдері (мекемелері) үшін жүргізіледі.

59. ҚР ҚҚ әскери басқару органының, қорғаныс істері жөніндегі департаменттердің бастықтары әр айдың 5-і күні ҚР ҚҚ БШ ұйымдастыру-жұмылдыру органына өткен ай үшін қайтыс болған (қаза тапқан) әскери қызметшілер мен азаматтық персонал адамдары (жұмыскерлер) туралы жеке құрам орны толmas шығынының атаулы тізімін ұсынады.

Қайтыс болған (қаза тапқан) әскери қызметшілер мен азаматтық персонал адамдарын (жұмыскерлерді) есепке алу ҚР ҚҚ БШ ұйымдастыру-жұмылдыру органында бес жыл бойы әскери қызметшілердің әрбір санаты бойынша жеке жүргізіледі. Бес жыл өткеннен кейін ҚР ҚҚ БШ ұйымдастыру-жұмылдыру органы жеке құрам орны толmas шығынының атаулы тізімін Орталық мұрағатқа тапсырады.

6-параграф. Әскери бөлімді (мекемені) өз бетімен тастап кеткен әскери қызметшілерді есепке алу

60. Әскери бөлімді (мекемені) өз бетімен тастап кеткен әскери қызметшілер әскери бөлімдер (мекемелер) штабында осы Қағидаларға 33-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери бөлімді (мекемені) өз бетімен тастап кеткен әскери қызметшілерді есепке алу кітабында есепке алынады. Әскери басқару органдың штабында есепке алу бағынысты бөлімдері үшін, ҚР ҚК Әскери полициясының бас басқармасында ҚР ҚК үшін – әскери бөлімді (мекемені) өз бетімен тастап кеткен әскери қызметшілердің атаулы тізімінде жүргізіледі.

61. Әскери бөлімді (мекемені) өз бетімен (оның ішінде қарумен бірге) тастап кеткен әскери қызметшілер әскери бөлімді (мекемені) өз бетімен тастап кеткені туралы саптық бөлім бойынша бұйрықпен жарияланады және жабдықталымның барлық түрінен шығарылады. Саптық бөлім бойынша бұйрық негізінде жеке құрамды әліпбилік ретпен есепке алу кітабының бөлімді (мекемені) өз бетімен тастап кеткен әскери қызметшілердің тастан кеткен күні мен тәуліктік бұйрық нөмірі туралы жазба жасалады.

62. Демалыстан, емделуден, оқудан, іссапардан уақтылы қайтып келмеген және кешігу себебі мен мерзімі туралы растау құжаттары болмаған кезде әскери қызметшілер әскери бөлімді (мекемені) өз бетімен тастап кеткен әскери қызметшілер ретінде есепке алынады, ол туралы әскери полиция органына хабарланады.

63. Әскери бөлімді (мекемені) өз бетімен тастап кеткен әскери қызметші қайтып келген кезде немесе оны ауыстыру немесе шығару туралы өкім алған кезде саптық бөлім бойынша бұйрық негізінде әліпбилік ретпен есепке алу кітабының бөлімді (мекемені) өз бетімен тастап кеткен және қайтып келген күні және саптық бөлім бойынша бұйрық нөмірі қойылады. Жазба әскери бөлім (мекеме) штабы бастығының қолтаңбасымен және әскери бөлімнің (мекеменің) шартты атауы бойынша елтаңбалық мөрімен куәландырылады.

64. Әскери бөлімді (мекемені) өз бетімен тастап кетуге жол берген әскери қызметшілер әскери билетінің бөлімді (мекемені) өз бетімен тастап кеткен және қайтып келген күні және саптық бөлім бойынша бұйрық нөмірі қойылады. Жазба әскери бөлім (мекеме) штабы бастығының қолтаңбасымен және әскери бөлімнің (мекеменің) шартты атауы бойынша елтаңбалық мөрімен куәландырылады.

7-параграф. Кадр органдың (персоналмен жұмыс бөлімшесінде) офицерлер құрамын және ғылыми қызметкерлерді есепке алу

65. Тактикалық әскери басқаруорганында офицерлер құрамы әскери қызметшілерін дербес, штаттық-лауазымдық және сандық есепке алу:

- 1) штаттық-лауазымдық есепке алу кітабы бойынша;
- 2) әліпбилік ретпен есепке алу кітабы бойынша;
- 3) жеке ісі бойынша;

4) жеке құрамды автоматтандырылған есепке алу жүйесінде жүргізіледі.

66. Жедел-тактикалық және жедел-аумақтық әскери басқару органында офицерлер құрамының әскери қызметшілерін дербес, штаттық-лауазымдық және сандық есепке алу:

1) әскери басқару органы үшін әліпбелік ретпен есепке алу кітабы бойынша;

2) осы Қағидаларға 34-қосымшаға сәйкес нысан бойынша штаттық-лауазымдық картасы бойынша;

3) осы Қағидаларға 35-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметтік карта бойынша жүргізіледі. Карта әліпбелік ретпен қызметтік картотекаға біріктіріледі;

4) жеке ісі бойынша;

5) жеке құрамды автоматтандырылған есепке алу жүйесінде жүргізіледі.

67. Жедел-стратегиялық әскери басқару органында офицерлер құрамының әскери қызметшілерін дербес, штаттық-лауазымдық және сандық есепке алу:

1) әскери басқару органы үшін әліпбелік ретпен есепке алу кітабы бойынша;

2) штаттық-лауазымдық картасы бойынша;

3) қызметтік картасы бойынша;

4) жеке ісі бойынша;

5) жеке құрамды автоматтандырылған есепке алу жүйесінде жүргізіледі.

68. Стратегиялық әскери басқару органында офицерлер құрамының әскери қызметшілерін дербес, штаттық-лауазымдық және сандық есепке алу:

1) штаттық-лауазымдық картасы бойынша;

2) қызметтік картасы бойынша;

3) жеке ісі бойынша;

4) жеке құрамды автоматтандырылған есепке алу жүйесінде жүргізіледі.

Жеке құрам бойынша бұйрық шығармайтын ҚР ҚК бас басқармаларында офицерлер құрамының әскери қызметшілерін штаттық-лауазымдық есепке алу осы Қағидаларға 36-қосымшаға сәйкес нысан бойынша офицерлер құрамының әскери қызметшілерін штаттық-лауазымдық есепке алу кітабы бойынша жүргізіледі.

69. Офицер кадрдың сандық және сапалық құрамын сипаттайтын статистикалық деректерді жедел алу мақсатында барлық деңгейдегі кадр органды (персоналмен жұмыс берлімшесі) мынадай құжаттар жасайды және оларды ұдайы жүргізеді:

1) осы Қағидаларға 37-қосымшаға сәйкес нысан бойынша офицерлер құрамылауазымын мамандықтар бойынша жасақтау туралы мәліметтер;

2) ведомстволық мерзімді жеткізілім табеліне сәйкес офицер кадрдың мамандықтар бойынша саны және құрамы туралы мәліметтер;

3) ведомстволық мерзімді жеткізілім табеліне сәйкес офицер кадрдың ұлттық құрамы туралы мәліметтер;

4) осы Қағидаларға 38-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шектеулі жасқа жететін әскери қызметшілер келісімшартының аяқталуын, әскери атақ берілуін бақылау тізімі;

5) осы Қағидаларға 39-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жауынгерлік іс-қимылға қатысқан, төтенше немесе соғыс жағдайында, сондай-ак қарулы жанжал жағдайында міндеттерді орындауға, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау бойынша бітімгершілік операцияларына, терроризмге қарсы операцияларға қатысқан офицерлер тізімі;

6) осы Қағидаларға 40-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қайтыс болған (қаза тапқан) офицерлер тізімі;

7) осы Қағидаларға 41-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери қызметтен запасқа шығарылған офицерлер тізімі;

8) ведомстволық мерзімді жеткізілім табеліне сәйкес оларға қатысты қылмыстық іс қозғалған және жасаған қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін сотталған офицерлер тізімі;

9) ведомстволық мерзімді жеткізілім табеліне сәйкес офицерлер құрамының лауазымына тағайындалған қатардағы жауынгерлер мен сержанттар құрамы келісімшарт бойынша әскери қызметшілерінің тізімі.

70. Офицерлер құрамының әскери қызметшілерін статистикалық (сандық) есепке алу дербес және штаттық-лауазымдық есепке алу деректері негізінде үйимдастырылады және:

1) әскери басқару органының кадр органында (персоналмен жұмыс бөлімшесінде) – әскери басқару органы және бағынысты әскери бөлімдер (мекемелер) бойынша офицерлер құрамына;

2) ҚР ҚМ кадр жұмысы органында – ҚР ҚК офицерлер құрамының әскери қызметшілеріне жүргізіледі.

Офицерлер құрамы жөніндегі статистикалық есеп беру түрлері, оларды ұсыну мерзімі, олар бойынша жасалатын нормалар ведомстволық мерзімді жеткізілім табелінде айқындалады. Қажет болған жағдайда ҚР ҚМ кадр органы есеп беру түрін және мерзімін өзгертуі мүмкін.

Осы Қағидалардың нысандарына қатысты жеке құрамның есебін электрондық және қағаз түрлерінде жүргізуге жол беріледі. Жоғарғы штабқа жеке құрамды есепке алу есептілігінің нысандары бойынша жеткізілімді ұсыну электрондық түрде жүргізіледі. Құжатты электрондық түрде жіберу мүмкін болмаған жағдайда жеткізілімді қағаз түрінде ұсынуға жол беріледі.

Жеке құрамды сандық (статистикалық) есепке алу құжаттары әскери басқару органы бойынша жеке штатта ұсталатын бағынысты әскери бөлімдерді (мекемелерді) ескеріп жасалады.

71. Кадр органында (персоналмен жұмыс бөлімшесінде) кеткен офицерлерді есепке алу:

1) тактикалық деңгейдегі әскери басқару органының және оларға теңестірілгендердің кадр органында (персоналмен жұмыс бөлімшесінде) – әліпбилікretпен және штаттық-лауазымдық есепке алу кітабы бойынша;

2) жедел-тактикалық деңгейдегі әскери басқару органынан бастап оларға теңестірілгендердің стратегиялық деңгейдегілерін қоса алғанда кадр органында (персоналмен жұмыс бөлімшесінде) –қызметтік және штаттық-лауазымдық картотека бойынша үйымдастырылады және жүргізіледі.

Офицерлер құрамының әскери қызметшілерін электрондық есепке алууды, қызметтік және штаттық-лауазымдық картасын жүргізуі ҚР ҚМ кадр жұмысы органы айқындайды.

72. Өнірлік қолбасшылықтың және одан жоғарғы кадр органында (персоналмен жұмыс бөлімшесінде) жеке құрам бойынша бұйрық шығаруға құқығы бар лауазымды адамдардың ведомстволық тізбесіне сәйкес (бұдан әрі – Тізбе) офицерлер құрамы әскери қызметшілері жеке ісінің екінші данасы жүргізіледі.

Жеке істі жүргізу (қажетті құжаттармен, аттестаттау және мінездемелік материалмен, фотокарточкамен және есептік материалдармен уақтылы толықтыру), олардағы жазбаны нақтылау, бірінші данасымен салыстыру, сондай-ақ жеке істің уақтылы жіберілуін бақылау кадрды зерделеумен және іріктеумен айналысатын барлық инстанцияның кадр органына (персоналмен жұмыс бөлімшесіне) жүктеледі.

Құжаттарды тігу, жеке істі есепке алу, сақтау және жіберу, қызметтік картотеканы жүргізу есепке алушмен айналысатын адамдарға жүктеледі.

73. Офицерлер құрамы әскери қызметшілерін есепке алу деректеріндегі өзгерістер туралы жеткізілім жоғарғы кадр органына (персоналмен жұмыс бөлімшесіне) жіберіледі, бұл ретте офицерлер құрамының әскери қызметшілерін мемлекеттік органдарға сайлау туралы жеткізілім басқа жеткізілімнен бөлек жіберіледі.

Офицерлерге әскери аудармашы біліктілігін беру немесе оны растау туралы жеткізілімді біліктілік берілген немесе расталған жер бойынша кадр органы (персоналмен жұмыс бөлімшесі) жасайды және олардың қызмет орны бойынша әскери бөлімдерге (мекемелерге) және істің екінші данасы жүргізілетін кадр органына (персоналмен жұмыс бөлімшесіне) жібереді.

74. Жеке істің екінші данасын жүргізетін кадр органына (персоналмен жұмыс бөлімшесіне) сыныптық біліктілік беру, растау немесе төмендету туралы бұйрықтан үзінді жіберіледі.

75. Офицерлер құрамының әскери қызметшілері тағайындалуы туралы бұйрық алынған құні кадр органында (персоналмен жұмыс бөлімшесінде) кітап немесе қызметтік карта бойынша есепке алынады. Офицерлердің жеке ісі мен қызметтік картасы түскенге дейін әскери бөлімдердің (мекемелердің) кадр органы (персоналмен жұмыс бөлімшесі) жеке басын қуәландыратын құжат, жеке құрам бойынша бұйрықтан үзінді және нұсқама негізінде әліпбилік ретпен есепке алу кітабындағы, ал өнірлік қолбасшылықтар және одан жоғарғы кадр органы (персоналмен жұмыс бөлімшесі) –

штаттық-лауазымдық және қызметтік картасындағы тиісті бағандарды толтыруды жүргізеді. Жетіспеген деректер әліпбілік кітапқа, штаттық-лауазымдық және қызметтік картасына жеке істі алғаннан кейін жазылады.

76. Әскери бөлімдерде (мекемелерде) осы Қағидаларға 42-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ғылыми қызметкердің есептік карточкасы бойынша ғылыми қызметкерлерді дербес есепке алу жүргізіледі.

Бас басқармалардың, өнірлік қолбасшылықтардың, әскер түрлері мен тектерінің кадр органында (персоналмен жұмыс бөлімшесінде) ғылыми қызметкерлерді есепке алу әскери басқару органы және бағынысты әскери бөлімдер (мекемелер) үшін бақылау тізімі бойынша жүргізіледі.

Есепке алынуға тиісті ғылыми қызметкерлерге атқарып отырған лауазымына және жұмыс сипатына қарамастан:

1) ғылыми-зерттеу мекемелерінде олардың ғылыми дәрежесінің немесе ғылыми атағының болуына қарамастан:

ғылыми-зерттеу (ғылыми-сынау) мекемелерінің бастықтары және олардың материалдық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі орынбасарларынан басқа орынбасарлары;

бас мамандар (бас инженерлер, бас конструкторлар, бас химиктер);

ғылыми-зерттеу (ғылыми-сынау) басқармаларының бастықтары және олардың орынбасарлары, есептеу орталығының бастықтары және олардың орынбасарлары;

ғылыми кеңесшілер;

ғылыми хатшылар;

ғылыми-зерттеу (ғылыми-сынау) бөлімдерінің, зертханаларының, бөлімшелерінің, секторлары мен топтарының бастықтары;

ғылыми-зерттеу (ғылыми-сынау) бөлімдері мен зертхана бастықтарының орынбасарлары;

әскери-техникалық ақпаратты редакциялау-баспаға шығару бөлімдерінің бастықтары;

ғылыми қызметкерлер лауазымын атқарып отырған;

атқарып отырған лауазымына және олардың ғылыми дәрежесінің немесе ғылыми атағының болуына қарамастан, ғылыми-зерттеу жұмысының бекітілген жоспары бойынша ғылыми-зерттеу жұмысын жүйелі жүргізетін барлық адам жатады;

2) әскери оқу орындарында:

әскери оқу орындарының бастықтары және олардың тыл, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, инженерлік-авиациялық қызмет немесе техникалық бөлім жөніндегі орынбасарларынан басқа орынбасарлары;

оқу, ғылыми-зерттеу, әскери-техникалық ақпарат бөлімінің бастықтары және олардың орынбасарлары;

редакциялау-баспаға шығару және ғылыми-есептеу бөлімінің бастықтары;

факультет бастықтары және олардың орынбасарлары;
кафедра бастықтары және олардың орынбасарлары;
ғылыми-зерттеу зертханасы, бөлімше, топ бастықтары;
әскери-ғылыми және ғылыми-зерттеу тобының бастықтары;

олардың ғылыми және ғылыми-педагогикалық жұмыс жүргізуіне немесе жүргізбеуіне және ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағының болуына қарамастан, кафедра меңгерушісі лауазымын атқарып отырған барлық адам;

атқарып отырған лауазымына және олардың ғылыми дәрежесінің немесе ғылыми атағының болуына қарамастан, әскери оқу орындарының ғылыми-зерттеу бөлімшесі мен кафедрасында бекітілген ғылыми-зерттеу жұмысы жоспары бойынша ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізетін барлық адам (ғылыми қызметкер, инженер, дәрігер);

3) әскери басқару органында, әскери бөлімдерде (мекемелерде) (ғылыми-зерттеу мекемелері мен әскери оқу орындарынан басқа) – атқарып отырған лауазымы мен жұмыс сипатына қарамастан, ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағы бар ҚР ҚҚ әскери қызметшілері мен азаматтық персонал адамдары (жұмыскерлер) жатады.

77. Ғылыми қызметкерді есепке алу карточкасын оның жұмыс орны бойынша әрбір ғылыми қызметкерге кадр органы (персоналмен жұмыс бөлімшесі) толтырады. Ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағы бар қызметкер-офицерлерге есепке алу карточкасы екі данада толтырылады, олардың біреуі он жұмыс күні мерзімінде ҚР ҚМ кадр жұмысы органына жолданады.

Ғылыми-зерттеу мекемелері мен әскери оқу орындарында ғылыми қызметкерлердің есепке алу карточкасы арнайы картотекада сақталады.

Орталық әскери басқару органында, құрама басқармаларында, әскери бөлімдерде (мекемелерде) (ғылыми-зерттеу мекемелері мен әскери оқу орындарынан басқа) ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағы бар ғылыми қызметкерлердің есепке алу карточкасы:

- 1) офицерлерге – олардың жеке ісінің бірінші данасында;
- 2) азаматтық персонал адамдарына (жұмыскерлерге) – жеке ісінде немесе олардың жеке карточкасымен бірге сақталады.

ҚР ҚМ әскери ғылым мәселелеріне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшесінде ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағы бар ғылыми қызметкер-офицерлерді электрондық есепке алу жүргізіледі. Осы Қағидаларға 43-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ғылыми қызметкерлердің бақылау тізімі бойынша деректердің толық болуы жыл сайын нақтыланады.

78. Офицерлер құрамы әскери қызметшілерінің есептік деректеріндегі барлық өзгеріс үш жұмыс күні ішінде кадрды автоматтандырылған есепке алу жүйесіне енгізіледі. Ұйымдық-штаттық іс-шаралар жүргізу кезінде әскери бөлімдердің (мекемелердің) штаттық құрылымындағы өзгерістер штат бөлімге түскен күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде енгізіледі.

78-1. Резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшілерді есепке алуды жүргізу штат, әскери басқару органы, әскери бөлім (мекеме) бойынша бұйрық, жеке құрам бойынша бұйрық негізінде, осы Қағидаларда көзделген әскери бөлімде (мекемеде) жеке құрамды есепке алу тәртібіне сәйкес үйымдастырылады.

Резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшілер үшін әскери бөлімнің (мекеменің) тізіміне жеке құрамды қабылдау туралы бұйрық шығару үшін жауынгерлік даярлық бойынша сабактар немесе жиындар, дағдарыстық ахуалдар кезіндегі жиындар өткізу кестесі және жауынгерлік даярлық бойынша сабактарға немесе жиындарға, дағдарыстық ахуалдар кезіндегі жиындарға келуі туралы әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) бұйрығынан үзінді негіз болып табылады.

Резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшілер әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) жауынгерлік даярлық бойынша сабактарды немесе жиындарды, дағдарыстық ахуалдар кезіндегі жиындарды аяқтау туралы бұйрығы шыққан күннен бастап не резервтегі әскери қызметтен шығарылуына байланысты әскери бөлім (мекеме) тізімінен алып тасталған күннен бастап әскери бөлім (мекеме) жеке құрамының тізімінен алып тасталады.

Ескерту. 78-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қорғаныс министрінің 01.07.2025 № 769 бұйрығымен.

8-параграф. Офицерлер құрамының әскери қызметшілеріне жеке нөмір беру

79. Әскери қызметте тұрғанофицерлер құрамының әскери қызметшілеріне және запастағы офицерлерге оларда әскери қызметте тұруы және запаста болуының барлық уақытында сақталатын жеке нөмір беріледі.

Офицердің жеке нөмірі сериясын білдіретін латын әліпбійінің бас әрпінен және алты таңбалы саннан тұрады. Жеке нөмір металл жетонда басылып шығарылады.

80. Жеке нөмір беру жеке құрам бойынша бұйрықпен жүргізіледі.

Әскери қызметшілерге офицерлер құрамының алғашқы атағын беруді ресімдейтін әскери бөлім (мекеме) штабы тиісті кадр органына (персоналмен жұмыс бөлімшесіне) аттестаттау құжаттарын ұсынады. Осы әскери қызметшілердің жеке нөмірін ҚР ҚМ кадр органы айқындайды. Офицер атағымен жеке нөмір берілгеннен кейін ҚР ҚМ кадр жұмысы органы жеке нөмірді офицерлерге табыс ету үшін жеке нөмір жазылған жетонды әскери бөлімге (мекемеге) жолдайды.

ҚР ҚМ кадр органы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының офицерлер құрамына беру үшін жеке нөмірлі жетонның диапазонын айқындайды.

Осы Қағидаларға 44-қосымшаға сәйкес нысан бойынша запастағы офицерлерді нөмір бойынша есепке алу карточкасы картотекаға біріктіріледі және оны ЖӘБО жүргізеді. Нөмір бойынша есепке алу карточкасын электрондық және қағаз түрінде жүргізуге жол беріледі.

81. Берілген жеке нөмір әскери бөлім (мекеме) штабында және кадр органында (персоналмен жұмыс бөлімшесінде) жүргізілетін офицерлерді дербес есепке алудың барлық құжатына, қызметтік қуәлігіне, әскери билетіне жазылады, сондай-ақ жеке құрам бойынша барлық бұйрықта көрсетіледі.

Жеке нөмір запастағы офицерлерді дербес есепке алу құжаттарында, қызметтік қуәлігінде, әскери билетінде құжат нысанында көзделген бағанда, ал ондай баған болмаған жағдайда – офицердің әкесінің атынан (болған кезде) кейін жазылады.

82. Офицер атағы берілгеннен кейін әскери қызметшілерге қызметтік қуәлік және жеке нөмірлі жетон беріледі. Офицер атағын алғаннан кейін запасқа шығарылған әскери қызметшілерге жетон берілмейді.

Әскери қызметке айқындалған запастағы офицерлерге әскери бөлімдерде (мекемелерде) жеке нөмірлі жетон қызметтік қуәлігімен бірге беріледі.

Офицерлерге жеке нөмірлі жетон беру жеке істің бірінші данасындағы қызметтік тізімнің титул парагының төменгі бөлігінде берілген күні көрсетіліп, қолтаңба қою арқылы жүргізіледі. Алынған жетонды офицерлер өзінде сақтайды.

Жетонды таңдауға және нөмірін өзгертуге жол берілмейді.

83. Әскери қызметтен шығарылған офицерлер қызметтік қуәлігін кейіннен оны жою үшін әскери бөлімінің (мекеменің) кадр органына тапсырады. Жеке нөмірлі жетонын жеке ісінің екінші данасының түбіртегіне бекітіп қою үшін әскери есепке алынған орны бойынша ЖӘБО-ға тапсырады.

84. Қайтыс болуына (қаза табуына) немесе офицерлер құрамының әскери атағынан айырылуына байланысты ҚР ҚҚ офицерлер құрамы тізімінен шығарылған офицерлердің жеке нөмірлі жетон жеке ісінің екінші данасының түбіртегіне бекітіледі және олармен бірге мұрағат тапсырылады.

85. Барлық деңгейдегі командир мен бастық, кадр органының (персоналмен жұмыс бөлімшесінің) бастығы офицерлердің жеке нөмірлі жетонының болуын кезең-кезеңімен тексереді. Офицерге берілген жетон жоғалған жағдайда жеке нөмір ауыстырылмайды. Офицер жетонды жоғалтуының мән-жайы туралы баянатпен баяндайды және сол нөмірмен жетонның телнұсқасы жасалады.

Кадр органы (персоналмен жұмыс бөлімшесі) мен ЖӘБО жоғалтқан жеке нөмірлі жетон есептен шығарылмайды. Жоғалған жетон орнына жоғалтуға кінәлі лауазымды адам есебінен олардың телнұсқасы жасалады.

86. Офицерлерді ҚР ҚҚ-дан іссапарға жіберу және запастағы офицерлерді басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға есепке қосу кезінде, сондай-ақ басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың офицерлерін ҚР ҚҚ-ға қабылдаған және оларды запасқа шығарған кезде олардың бұрынғы қызмет орны немесе запаста болған кезінде есепке алынған орны бойынша берілген жеке нөмірі сақталады.

87. Жеке нөмірлі жетонмен қамтамасыз етуді қорғаныс істері жөніндегі департаменттер мен әскери оқу орындарының өтінімі бойынша ҚР ҚМ кадр органы орталықтандырылған түрде жүзеге асырады.

Жабдықталым органынан жеке нөмірлі жетон алған кезде кадр органы (персоналмен жұмыс бөлімшесі), қорғаныс істері жөніндегі департаменттер жетон санының, сериясының және нөмірінің ілеспе хатта көрсетілген деректермен сәйкес келуін салыстырып тексереді. Айырмашылық анықталған кезде екі данада акт жасалады. Актінің екінші данасы ҚР ҚМ кадр жұмысы органына жіберіледі.

88. Әскери оқу орындарының кадр органында (персоналмен жұмыс бөлімшесінде), қорғаныс істері жөніндегі бөлімдерде (басқармаларда), азаматтық жоғары оқу орындарының әскери кафедрасында жеке нөмірлі жетонды есепке алу осы Қағидаларға 45-қосымшаға сәйкеснисан бойынша жеке нөмірлі жетонды есепке алу кітaby бойынша, ал ҚР ҚМ кадр жұмысы органында және қорғаныс істері жөніндегі департаменттерде – осы Қағидаларға 46-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке нөмірлі жетонды алу және беру жеке шоты кітaby бойынша жүргізіледі.

9-параграф. Жеке құрамының жеке ісін жүргізу

89. Офицерлер құрамының алғашқы әскери атағы берілген әскери қызметшілердің жеке ісін:

1) әскери оқу орнын бітірген курсанттарға – екі данада әскери оқу орнының кадр органы (персоналмен жұмыс бөлімшесі);

2) шетел мемлекеттерінің әскери оқу орындарын аяқтаған курсанттарға – офицерлердің қызмет орнына келуі бойынша әскери бөлімдердің (мекемелердің) кадр органы (персоналмен жұмыс бөлімшесі) жасайды. Жеке істің екінші данасы офицерлер қызмет орнына келгеннен кейін бір ай мерзімнен кешіктірілмей, оларды кейіннен есепке алу және жүргізу үшін жоғарғы штабтың тиісті кадр органына (персоналмен жұмыс бөлімшесіне) жіберіледі.

90. Запастан шақырылған офицерлердің жеке ісін – екі данада ЖӘБО жасайды және офицерлердің қызмет орнына жібереді.

91. Келісімшарт бойынша әскери қызметке айқындалған кезде мерзімді әскери қызмет әскери қызметшілеріне жеке іс әскери бөлімде (мекемеде), қалғандарға – ЖӘБО-да жасалады.

Қатардағы жауынгерлер мен сержанттар құрамының келісімшарт бойынша әскери қызметшілерінің жеке ісі бір данада, ал офицерлер құрамына екі данада жасалады.

Бұл ретте зейнетакы төлеміне құқығының болуын растаған қатардағы жауынгерлер мен сержанттар құрамының келісімшарт бойынша әскери қызметшілерін әскери бөлімдердің (мекемелердің) кадр органының немесе жасақтау бөлімшесінің (персоналмен жұмыс бөлімшесінің) лауазымды адамдары жеке істің екінші данасын жасайды.

Эскери қызметшілерге офицерлер құрамының алғашқы әскери атағы берілген кезде бір айлық мерзімде жеке істің екінші данасы жасалады және ол кейіннен есепке алу және жүргізу үшін жоғарғы штабқа жолданады.

Әскери қызметшілерге қызметтік тізім және қызметтік карта жасау кезінде тек соңғы әскери атағы жазылады.

92. Жедел-стратегиялық әскери басқару органына дейінгіні қоса алғанда, әскери бөлімдерде (мекемелерде):

1) келісімшарт бойынша қатардағы жауынгерлер, сержанттар мен офицерлер құрамының әскери қызметшілерін – кадр органы немесе жасақтау бөлімшесі (персоналмен жұмыс бөлімшесі);

2) мерзімді әскери қызмет әскери қызметшілеріне – ұйымдастыру-жұмылдыру жұмысы мәселелеріне басшылық ететін бөлімше немесе жасақтау бөлімшесі (персоналмен жұмыс бөлімшесі);

3) азаматтық персонал адамдарына (жұмыскерлерге) – әкімшілік жұмысқа жауапты бөлімше немесе персоналмен жұмыс бөлімшесі жеке іс жасалады және оны жүргізеді.

Штатта көрсетілген құрылымдық бөлімшелер көзделмеген әскери бөлімдерде (мекемелерде) әскери бөлімдер (мекемелер) командирінің(бастығының) бұйрығымен жеке істі жасау және жүргізу үшін жауапты адамдар тағайындалады.

93. Жеке іс қызметтік тізімнен, өмірбаяннан, фотокарточкадан (бұдан әрі – фотокарточка), атtestаттау және қосымша материалдардан тұрады.

Жеке істің негізгі құжаты қызметтік тізім болып табылады.

94. Қызметтік тізімнің бірінші және одан кейінгі данасы әскери қызметші ұсынған құжаттар түпнұсқасының немесе нотариат растаған көшірмесі мен өз қолымен жазылған өмірбаян негізінде қолмен толтырылады немесе басылады. Қызметтік тізімде жазылған мәліметтердің дұрыс болуын және қызметтік тізім деректерін барлық жағдайда растауда әскери қызметші бірінші және одан кейінгі данада тізімнің сонындасоған арнайы көзделген орынға қолтаңбасын қояды.Әскери қызметшінің бір әскери бөлімнен (мекемеден) екіншісіне ауысқан, сондай-ақ запасқа шығарған кезде қызметтік тізім сонында әскери қызмет өткөргені туралы жазбаны:

1) офицерлер құрамына – кадр органының (персоналмен жұмыс бөлімшесінің) бастығы;

2) қатардағы жауынгерлер мен сержанттар құрамының келісімшарт бойынша әскери қызметшілеріне – штаб бастығы растайды.

Кейіннен (қызметі бойынша ауысу туралы мәселелер шешілген кезде, жаңа қызмет орнына кетер, шығаруға ұсыну алдында) жеке істі жүргізуге жауапты лауазымды адамдар әскери қызметшілермен бірге жеке істің қызметтік тізіміндегі жазбаның дұрыс және толық болуын нақтылайды.

95. Осы Қағидаларға 47-қосымшага сәйкес нысан бойынша қызметтік тізімге мынадай жазба жасалады:

1) қызметтік тізімнің 1-тармағында әскери қызметшінің туған күні, айы және жылы көрсетіледі;

2) қызметтік тізімнің 2-тармағында әскери қызметшінің туған жері көрсетіледі.

Қызметтік тізімді алғаш жасағаннан кейін әкімшілік-аумақтық бөлудің өзгеруіне байланысты туған жері жөніндегі жазбатузетілмейді;

3) қызметтік тізімнің 3-тармағында әскери қызметшінің ұлты көрсетіледі;

4) қызметтік тізімнің 4-тармағында жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

5) қызметтік тізімнің 5-тармағында білімі көрсетіледі:

қызметтік тізімнің 1) тармақшасында – әскери қызметшінің азаматтық білімі (жүйелі тәртіппен – оқу орнының атауы мен оны бітірген жылы, білімнің күндізгі немесе сырттай бөлімде алынғаны, білімі аяқталмаған кезде – неше сыныпты немесе курсы қай жылы бітіргені);

қызметтік тізімнің 2) тармақшасында – әскери білімі (жүйелі ретпен – оқу орнының атауы мен бітірген жылы).

Қайта даярлау немесе білімін жетілдіру курсын бітірген әскери қызметшілерге оқу мекемесінің атауы, курс атауы және одан өткен жылы жазылады;

6) қызметтік тізімнің 6-тармағында шетел тілін білуі мен деңгейі көрсетіледі;

7) қызметтік тізімнің 7-тармағында ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы және оның қашан берілгені көрсетіледі;

8) қызметтік тізімнің 8-тармағында қандай ғылыми еңбегі мен өнер табысының болуы көрсетіледі. Еңбек және өнертабыс саны көп болған кезде оларды жазуды жалғастыру жеке паракта жүргізіледі, ол "Қосымша материалдар" бөлімге тігіледі;

9) қызметтік тізімнің 9-тармағында хронологиялық ретпен ҚР ҚҚ қызметіне дейінгі дербес еңбек қызметі көрсетіледі. Осы бағанға әскери қызметке жатпайтын мекемелердегі, министрліктер мен ведомстволардағы жұмысы да жазылады.

Дербес еңбек қызметіне жалпы білім беретін мектептердегі және оған теңестірілген оқу орындарындағы оқу мерзімі, әскери бөлімдерде (мекемелерде) тәрбиленуші ретінде өткізген уақыты жазылмайды;

10) қызметтік тізімнің 10-тармағында мыналар көрсетіледі:

әскери қызмет өткери көзделген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткериуі;

бағанның басында әскери қызметке алғаш түсуі туралы мәліметтер (ҚР ҚҚ-ға әскерге шақырылған, келісімшарт бойынша әскери қызметке кірген немесе әскери оқу орнына түсken кезде) мен әскери ант қабылдаған күні;

запастан шақырылған офицерлерге Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сілтеме жасап, ЖӘБО әскерге шақырған күні, қандай ЖӘБО шақырғаны және кімнің өкіміне жіберілгені (тағайындалғаны) туралы жазба жасалады;

келісімшарт және әскерге шақыру бойынша әскери қызметшілер тағайындалуға тиіс лауазымдағы әскери қызметтер, оның ішінде резервте және өкімде болғаны;

Қазақстан Республикасының шегінен тыс жердегі қызметі; әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) өкімінде болуы; бітірген оқу орнының атауын және алған мамандығын көрсетіп, әскери оқу орнында (оның ішінде емтихандарды экстернмен тапсырғаны туралы), адъюнктурада, офицерлер курсында оқығаны және бітіргені, сондай-ақ оқу орнынан шығарылуы және шығару себебі туралы мәліметтер;

егер лауазымды атқару жеке құрам бойынша бұйрықпен ресімделсе, офицерлердің әскери бөлімдерде (мекемелерде), корабльдерде немесе әскери оқу орындарында тағылымдамадан өтуі;

сыныптық біліктілікті беру және төмендету (жеке істің тек бірінші данасында);

корабльді дербес басқаруға жіберу;

мемлекеттік құпияларға рұқсаттама беру туралы мәліметтер;

келісімшарт жасау;

әскери қызметтен шығару;

қатардағы жауынгерлер мен сержанттар құрамының келісімшарт бойынша әскери қызметшілерін әскери бөлімдер (мекемелер) жеке құрамы тізімінен, ал офицерлерді ҚР ҚК офицерлер құрамы тізімінен қайтыс болуына (қаза табуына) немесе әскери атағынан айыруға байланысты алу.

Қызметтік тізімнің 10-тармағындағы барлық жазба (әскерге шақырылған және әскери ант қабылдаған күнінен басқа) әскери бөлімдер (мекемелер) командирлерінің (бастықтарының) жеке құрам бойынша бұйрығы негізінде жүргізіледі.

Лауазымда "қай уақыттан бастап" және "қай уақытқа дейін" болған (өкімде болған) мәліметтерді жазу кезінде жеке құрам бойынша бұйрық шығарылған күн көрсетіледі.

Бұдан бұрын жасалған қызметтік тізімде жеке құрам бойынша бұйрық болмаған жағдайда қызметтің жеке кезеңі жеке іс бірінші данасының "Қосымша материалдар" деген бөліміне тігілетін жанама құжаттармен (әскери бөлімдердің (мекемелердің) анықтамасымен және мұрағаттық материалдармен, әскери билетпен, саптық бөлімдер бойынша бұйрықпен, нұсқамамен, ескі қызметтік тізіммен) расталады.

Әскери бөлімдердің (мекемелердің) атауы қысқарталмай олардың нақты атауы бойынша, ал қатардағы жауынгерлер мен сержанттар құрамының келісімшарт бойынша әскери қызметшілері үшін – тек шартты атауы бойынша жазылады. Бұл ретте әскери бөлімдерге (мекемелерге) берілген құрметті атақпен олар алған мемлекеттік награда жазылмайды.

Мерзімді әскери қызмет өткери кезеңіндегі әскери бөлімдердің (мекемелердің) атауы шартты атау бойынша жазылады. Бұл ретте әскери бөлімдердің (мекемелердің) нақты атауын нақтылау туралы сұрау салу жолданбайды.

Келісімшарт бойынша әскери қызметке қайта ресімдеу кезінде қандай ЖӘБО, әскери бөлім (мекеме) және келісімшарт бойынша әскери қызметке қашан қабылдағаны көрсетіледі.

Белгіленген қызмет мерзімін өткөрген қатардағы жауынгер, сержант пен офицер құрамының лауазымындағы әскери қызметшілерді Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге іссапарға жіберген кезде олардың ауыстыру бойынша іссапарға жіберілгені көрсетіледі.

Әскери бөлімдер (мекемелер) қайта орналастырылған (қайта бағындырылған) кезде, нақты атауы немесе әскери бөлімдер (мекемелер) кіретін әскери басқару органының нөмірі өзгерген кезде (жеке құрам бойынша бұйрықта шартты атауы бойынша көрсетілетін режимдік әскери бөлімдерді (мекемелерді) қоспағанда) тиісті бұйрыққа (директиваға) сілтеме жасап, әскери бөлімді (мекемені) қайта орналастыру (қайта бағындыру), нақты атауын немесе нөмірін өзгерту туралы жазба жасалады.

Қызметтік тізімнің 10-тармағында жасалған жазба тек әскери бөлім (мекеме) штабы бастығының немесе кадр органы (персоналмен жұмыс бөлімшесі) бастығының қолтаңбасымен және елтаңбалы мөрмен тек мынадай жағдайда куәландырылады:

қатардағы жауынгер, сержант пен офицер құрамы лауазымындағы келісімшарт бойынша әскери қызметшілерді әскери басқару органы мен жеке әскери бөлімдерден тыс жерге жаңа қызмет орнына тағайындау;

әскери қызметтен шығарылған кезде және әскери қызметшілерді бөлім тізімінен шығарған кезде;

ҚР ҚК офицерлер құрамы тізімінен шығарған кезде куәландырылады.

Қызметтік тізімнің 10-тармағында:

"Жас ұлан" республикалық мектебінде оқуда болғаны туралы, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес ҚР ҚМ тарапынан шығарылған әскери қызметшілерге тағайындалатын зейнетақыға еңбек сінірген жылдарында есептелмейтін кезең туралы;

офицерлер құрамы әскери қызметшілерінің атқарып отырған лауазымынан босатусыз қайта даярлау мен білімін жетілдіру курсында оқуда болғаны туралы;

әскери оқу орындарында оқу кезеңінде бір курстан екіншісіне ауысқаны туралы мәліметтер жазылмауға тиіс.

Жасалған қызметтік тізім әскери қызметшілер әскери қызметтің барлық кезеңі бойы жүргізіледі.

Қызметтік тізімді қайта жасау, тек олар толық жарамсыз болған жағдайда әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) рұқсатымен жасалады.

Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарынан ауысқан әскери қызметшілерге осы Қағидаларға сәйкес жаңа жеке іс жасалады. Ескі қызметтік тізім жеке істің бірінші данасының: "Қосымша материалдар" деген бөліміне тігіледі;

11) қызметтік тізімнің 11-тармағында жауынгерлік іс-қимылға қатысқаны, төтенше немесе соғыс жағдайында, сондай-ақ қарулы жалжал жағдайында міндettі орындауға, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау бойынша бітімгершілік операцияларға, терроризмге қарсы операцияларға қатысқаны туралы, сондай-ақ жеңілдік шартында

зейнетақыға еңбек сінірген жылдарын есептеуге құқық беретін әскери қызмет өткери кезеңі туралы мәліметтер көрсетіледі.

Мәліметтер жүйелі түрде хронологиялық тәртіппен құрамында жауынгерлік іс-қимылға қатысқан әскери бөлімдерді (мекемелерді) және жауынгерлік іс-қимылға қатысу кезеңін көрсетіп толтырылады. Жеке істің бірінші данасында осы жазба тиісті бұйрыққа (директиваға) және тізбелерге немесе мұрағаттық анықтамаға сілтеме жасап, расталады және әскери бөлім (мекеме) штабы бастығының қолтаңбасымен және елтаңбалық мөрмен куәландырылады.

Жеңілдік шартында зейнетақыға еңбек сінірген жылдарын есептеуге құқық беретін әскери қызмет өткергені туралы мәліметтер жеке істің бірінші данасында Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті қаулысына сілтеме жасап жазылады және әскери бөлім (мекеме) штабы бастығының қолтаңбасымен және елтаңбалық мөрмен куәландырылады. Осы мәліметтер қызметтік тізімнің 10-тармағындағы мәліметтер және ұшу жұмысын, жұзу өтілін, парашютпен секірулерді орындауды, сұнгуірдің суастындағы жұмысын, жерасты құрылышында кезекшілік өткеруді есепке алу парагы негізінде жазылады.

Бұл ретте "Қосымша материалдар" деген бөлімге жеңілдікшартында зейнетақыға еңбек сінірген жылдарын есептеу басталғаны және оны тоқтату туралы саптық бөлім бойынша бұйрықтан үзінді қоса тігіледі;

12) қызметтік тізімнің 12-тармағында жауынгерлік іс-қимылда жарақаттану, контузия алу, кую мен улану туралы мәліметтер және олардың сипаты көрсетіледі.

Жарақаттану, контузия алу мен жауынгерлік мертігу туралы жазба әскери қызметші қызмет өткерген, жаралануға және жарақаттануға, контузия алу мен жауынгерлік мертігүге байланысты емделу курсынан өткен емдеу мекемелері мен әскери бөлімдер (мекемелер) берген құжаттар негізінде жүргізіледі. Егер құжаттар жоғалса, онда ҚР ҚМ орталық әскери-медициналық (медициналық) мекемесіне сұрау салынады және берілген анықтама негізінде жазба жүргізіледі.

Бұл ретте жаралану және жауынгерлік мертігу сипаты, оларды қашан және қайда (қандай елді мекен, жергілікті жер үшін болған соғыста) алғаны көрсетіледі.

13) қызметтік тізімнің 13-тармағында Қазақстан Республикасының және басқа да мемлекеттердің қандай медалімен және орденімен наградталғаны, сондай-ақ берілген құрметті атағы туралы көрсетіледі.

Мәліметтер жеке істің барлық данасына Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары және наградтау туралы бұйрық негізінде жазылады.

Соғыс уақытында бұйрық туралы, наградтау туралы мәліметтер болмаған жағдайда кадр органының деректері бойынша жасалады.

14) қызметтік тізімнің 14-тармағында әскери қызмет өткери кезінде шетелде іссапарда болғаны туралы мәліметтер көрсетіледі;

15) қызметтік тізімнің 15-тармағында қайда, қашан және қандай сайлау органы сайлады немесе сайланғаны көрсетіледі;

16) қызметтік тізімнің 16-тармағында тұтқында болғаны туралы мәлімет көрсетіледі;

17) қызметтік тізімнің 17-тармағында әскери қызметшінің ата-анасы және олардың түрғылықты мекенжайы туралы деректер жазылады. Егер ата-анасы қайтыс болса, ал әскери қызметші бойдақ болса, ата-анасы туралы мәліметтерден басқа жақын туысының бірі және оның түрғылықты мекенжайы жазылады;

18) қызметтік тізімнің 18-тармағында әскери қызметшінің отбасы жағдайы көрсетіледі ("бойдақ, тұрмыста емес" деген сөздер қарындашпен жазылады, ал одан кейін отбасы мүшелері мен оның асырауындағы, қамқоршылығы мен қорғаншылығындағы адамдар енгізіледі).

Бұл ретте әскери қызметшінің отбасы мүшелері деп өзімен бірге тұратын: жұбайы (зайыбы), ортақ немесе ерлі-зайыптылардың біреуінің баласы (балалары) некеге тұру туралы куәлік және балаларының туу туралы куәлігі негізінде;

асырап алынған баласы (балалары), асырауындағы жандар, жақын туыстары (ата-анасы, асырап алушылары, асырап алынғандары, бірге тұған және бірге тумаған ағалары мен қарындастары, атасы, әжесі, немерелері) – оларды отбасы мүшелері екенін танытатын сот шешімі немесе жергілікті атқарушы органдының қамқоршысы (қорғаншысы) ретінде тағайындауы туралы қаулысы негізінде танылады.

Осы тармақта әскери қызметшінің отбасы жағдайының өзгеруі туралы кейінгі жазбаның барлығы растау құжаттары (жеке басты куәландыратын құжаттар, некеге тұру және балаларының туу туралы куәлігі, сот шешімі) негізінде жүргізіледі. Жазба жасау үшін негіз болып табылатын материалдар көшірмесі "Қосымша материалдар" деген бөлімде тігіледі.

Қызметтік тізімнің 18-тармағындағы жазбаны жеке істі жүргізуге жауапты адам жүргізеді;

19) қызметтік тізімнің 19-тармағында әскери қызметші отбасының мекенжайы жазылады. Үй мекенжайы жеке істің тек бірінші данасына қара қарындашпен жазылады;

20) қызметтік тізімнің 20-тармағында запаста болған уақытта жиыннан өтуі туралы мәліметтер жазылады.

Жеке істің қызметтік тізімін толтыру кезінде қызметтік тізім бағандарының өлшеміне сәйкес келетін шағын мөртаңбаны қолдануға жол беріледі. Бұл ретте мөртаңбаның бедер белгісіанық көрінетін әріппен болуға тиіс. Өте үлкен мөртаңбаны қолдануға жол берілмейді.

Офицерлерді қызметтік ауыстыру, әскери атақ беру, шығару мәселелерін шешу кезінде оларға осы Қағидаларға 48-қосымшага сәйкес нысан бойынша әскери қызмет өткеруі туралы анықтама жасалады.

Әскери бөлімдер (мекемелер) қызметтік тізімінің 18-тармағы негізінде тиісті мекемелер мен ұйымдарға үсіну үшін әскери қызметшілерге:

осы Қағидаларға 49-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери қызметшінің қызмет орнынан анықтама;

осы Қағидаларға 50-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери қызметшінің отбасы құрамы туралы анықтама береді.

Анықтамаға қызметтік құжаттарға қол қою құқығы берілген әскери бөлім (мекеме) командирі (бастығы), штаб бастығы немесе уәкілетті лауазымды адам қолтаңба қояды және елтаңбалы бедерлі мөрмен қуәландырылады немесе электрондық цифрлық қолтаңбамен қуәландырады.

Ескерту. 95-тармаққа өзгеріс енгізілді – КР Қорғаныс министрінің 01.07.2025 № 769 бұйрығымен.

96. Әскери қызметшілер өмірбаянын жеке істің бірінші данасы үшін хронологиялық жүйелілікпен өз қолымен, анық, еркін үлгі бойынша бір данада жазады және өзі туралы : туған күні мен жері, ұлты, жалпы, арнағы азаматтық және әскери білімі, берілген ғылыми атағы және дәрежесі, еңбек және қоғамдық қызметі, мемлекеттік наградамен наградталғаны, құрметті атақ берілгені, отбасы жағдайы, сондай-ақ отбасы мүшелері, өзінің ата-анасы, аға-інілері мен жұбайы (зайыбы) (тегі, аты және әкесінің аты (болған кезде), көрсетілген туған жылы мен жері, ұлты, қайда тұрады және немен айналысады) туралы мәліметтерді жазады. Бұдан басқа, әскери қызметшінің және оның жақын туыстарының сотты болғаны немесе болмағаны, сондай-ақ қылмыстық жауапкершіліктен босатылғаны туралы мәліметтер көрсетіледі.

Офицерлер жеке ісінің екінші данасы үшін өмірбаян техникалық құралдармен көбейтіледі.

Өмірбаян бірінші жазылғаннан кейін келесі қызметтік және қоғамдық қызметтердегі өзгерістер мен толықтырулар, сондай-ақ өмірбаяндағы деректерді осы істі жүргізетін әскери бөлім (мекеме) мен кадр органы (персоналмен жұмыс бөлімшесі) қызметтік тізімде көрсетеді.

Әскери қызметшілердің өмірбаяндық деректері өзгерген немесе қызметтік тізімдегі деректерге қайши келетін мәліметтер анықталған жағдайда, бірақ 5 жылдан ерте емес олардан жаңа өмірбаян талап етіледі. Бұл ретте өмірбаянның алдыңғы данасы жеке істен алынбайды.

97. Жеке істің барлық құжаты (фотокарточкадан және жеке табыс салығы мен мүлік бойынша декларацияны қабылдау туралы құжаттан басқа) бөлімдер бойынша белгіленген үлгідегі көгілдір түсті мұқабаға тігіледі.

Қызметтік тізім және өмірбаян "Қызметтік тізім, өмірбаян және аттестаттау материалы" деген бөлімнің алдында жеке істің басында тігіледі.

"Қызметтік тізім, өмірбаян және аттестаттау материалы" деген бөлімде:

1) аттестаттау парағы;

2) жауынгерлік, қызметтік мінездемесі, оның ішінде запаста болған кезеңінде әскери қызметшілерге жасалған мінездеме;

3) тағылымдама туралы пікір;

4) әскери қызметшілерді лауазымға тағайындауға, лауазымында төмендетуге, әскери атағынан айыруға және әскери атағын төмендетуге, әскери қызметтен шығаруға ұсынымның көшірмесі – жеке істің бірінші данасына;

5) наградталғаннан кейін наградтау парағының көшірмесі тігіледі.

Аттестаттау парағының, жауынгерлік, қызметтік мінездеменің түпнұсқасы қызмет орындары бойынша жүргізілетін жеке істің бірінші данасында тігіледі. Осы құжаттардың екінші данасы мен көшірмесі офицерлердің жеке істің екінші данасында тігіледі.

98. Жеке істің бірінші данасындағы "Қосымша материалдар" деген бөлімде:

1) егер ол қызмет өткергенін растайтын құжаттар деп бағаланса, бұрынғы қызметтік тізім;

2) соңғы қызмет (оқу немесе жұмыс) орынан мінездеме, психологиялық тестілеу қорытындысы, қызметі бойынша шектеу қабылдау туралы міндеттеме және келісімшарт бойынша әскери қызметке тусу кезіндегі арнайы тексеру нәтижесі;

3) есептік-қызметтік карточка (мерзімді әскери қызмет әскери қызметшілері қатарынан әскери оқу орындарына түскен адамдар);

4) жауынгерлік іс-қимыл туралы анықтама;

5) жауынгерлік іс-қимылға қатысу кезінде жарақаттанған және жараланған немесе ауырған жағдайда емдеу мекемелерінде болуы туралы анықтама – жеке істің тек бірінші данасында тігіледі;

6) жеке басты қуәландыратын құжаттардың, некеге тұру (оны бұзу) туралы қуәлігінің, балаларының тууы туралы қуәлігінің (асырап алғанын растайтын құжаттардың), қосымшасымен бірге орта және жоғары әскери және азаматтық оқу орындарын бітіргені туралы, сондай-ақ қосымшасымен бірге ғылыми атақ пен дәреже беру туралы диплом мен аттестатының, біліктілікті арттыру курсынан өткені туралы құжаттардың, еңбек кітапшасының (бар болғанда) көшірмесі;

7) запастан әскери қызметке шақырылғандарға (келісімшарт бойынша әскери қызметке қабылданғандарға) ЖӘБО берген нұсқама;

8) әскери-дәрігерлік комиссия қорытындысы;

9) ұшу жұмысынан, сұнгуір қайықтан тікелей ауысқан офицерлер мен мина тралшыларына, сондай-ақ қызмет мүддесінде денсаулық жағдайы немесе жасы бойынша жұмыс көлемі аз лауазымға ауысқан офицерлер құрамының әскери қызметшілеріне бүйрекшілдеме немесе үзінді;

10) әскери қызмет өткери туралы келісімшарт;

11) ақшалай өтемақы төлеу, шығару, бөлім тізіміне қосу және одан шығару, еңбек сінірген жылдарын есептеу туралы бүйрықтан үзінді, ағымдағы тұрғын үй төлемін алушы туралы, біржолғы тұрғын үй төлемін алушы туралы анықтама;

12) сот шешімдерінің көшірмесі;

13) әскери оқу орындары жасайтын және оларды ресімдеу кезінде жеке іске тігілетін курсанттарды оқытуға жұмсалған шығын есебі (жоғары әскери оқу орындарын бітірген адамдар үшін) тігіледі. Шетелде әскери оқу орындарын бітірген курсанттарға оқытуға жұмсалған шығыс есебін шетелде кадр даярлауға жауапты әскери басқару органы жасайды және бітірушілерді бөлген жер бойынша таратады.

Бұдан басқа, жеке істің бірінші данасының "Қосымша материалдар" деген бөліміне:

осы Қағидаларға 51-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұшу жұмысын есепке алу парагы;

осы Қағидаларға 52-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұзу өтілін есепке алу парагы;

осы Қағидаларға 53-қосымшаға сәйкес нысан бойынша парашютпен секірулерді орындауды есепке алу парагы;

осы ағидаларға 54-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сұңгуірдің суастындағы жұмысын есепке алу парагы;

осы Қағидаларға 55-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жер асты құрылыштарында жауынгерлік кезекшілік өткеруді есепке алу парагы тігіледі.

Парақ әскери қызметшілерді жаңа қызмет орнына ауыстыру немесе шығару кезінде әскери бөлім (мекеме) штабы бастығының қолтаңбасымен және елтаңбалы мөрмен куәландырылады.

Әскерге шақыру бойынша офицерлердің жеке ісіне шақыруды ресімдеу кезінде жасалған зерделеу парагы тігіледі.

Әскерге шақыру бойынша офицерлердің жеке ісінде олардың әскери билеті тігілмеген түрде, ал қатардағы жауынгерлер мен сержанттар құрамының келісімшарт бойынша әскери қызметшілерінің жеке ісінде – есептік-қызметтік карточка сақталады.

Жеке табыс пен мұлік салығы бойынша декларация қабылдау туралы құжаттардың көшірмесі жеке іске тігілмейді, ол жеке іске өзі бөлек қосылады. Декларацияны қабылдау туралы құжаттың тек соңғы үш жылдағы көшірмесі қоса тіркеледі, көрсетілген мерзімнің өтүі бойынша жойылуға тиіс.

Әскери қызметші өз жеке ісінің материалдарымен ол алғаш жасалған кезде және одан әрі әрбір төрт жылда бір рет, сондай-ақ қызметтен шығарылғанда танысады.

Ескерту. 98-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қорғаныс министрінің 01.07.2025 № 769 бүйрығымен.

99. Әрбір жеке іске әскери қызметшінің ол наградталған (оған берілген) барлық ордені, медалі мен омырауға тағатын айырым белгісі (планкасы) бар әскери киім

нысанындағы (бас киімсіз, кительмен) 9x12 өлшемді (кеудесінен, қарсы алдынан) түрлі-түсті фотокарточкасы шығарылады.

Фотокарточканың сыртқы бетінде әскери бөлім (мекеме) штабының бастығы немесе кадр органы (персоналмен жұмыс бөлімшесі) бастығының қолтаңбасымен және шартты атауы бар елтаңбалы мөрмен куәландырылған әскери қызметшінің тегі, аты және экесінің аты (болған кезде), әскери қызметшінің жеке нөмірі және фотосуретке түсken күні көрсетіледі. Келісімшарт бойынша әскери қызметке қабылданған адамдардың фотосуретке түсі, олардың әскери киім нысанын алғаннан кейін жүзеге асырылады. Жеке іске фотокарточка жеке істі бірінші толтырған кезде сшығарылады. Кейіннен фотокарточка міндettі түрде кезекті әрбір әскери атақ берілгенде – бір ай мерзімде, егер әскери атақ ауыспаған жағдайда – жеті жылдан кейін ауысады. Ауыстырылған фотокарточка жеке істен шығарылады және жойылады.

Парадтық киім нысаны өзгерген жағдайда әскери қызметшілердің фотокарточкасы өзгертілмейді.

Фотокарточка "Қосымша материалдар" деген ішкі тізімдемеге жазылады.

100. Жеке істің әрбір бөлімінде ішкі тізімдеме жүргізіледі, онда іске тігілген барлық құжат атауы, нөмірі мен күні және парақ саны жазылады. Бұл жағдайда құжат нөмірі мен күні бұйрықтың, анықтама мен құжат нөмірі мен күні болып табылады. Жеке іске тігілген құжат парағы нөмірленбейді.

Жеке істі салып жіберу кезінде құжаттар тізімдемесі куәландырылмайды.

101. Жеке істен жекелеген құжаттарды алу құқық қорғау (арнаулы) органының қаулысы негізінде тек әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) рұқсатымен жүргізіледі. Ишкі тізімдеменің тиісті бөлімінен алынған құжаттар туралы құжаттың қашан алынғаны, қайда жіберілгені (шығыс нөмірі көрсетіліп) немесе алынғаннан кейін қайда тігілетіні туралы жазу жазылады. Егер алынған құжат жойылса, жою туралы акті нөмірі мен күні көрсетіледі.

Құжаттарды алу туралы жазба әскери бөлім (мекеме) штабы бастығының немесе кадр органы (персоналмен жұмыс бөлімшесі) бастығының қолтаңбасымен және елтаңбалы мөрмен куәландырылады.

Жеке іске тігілген құжаттар қолға берілмейді.

102. Жеке істің әрбір данасында қызметтік тізімнің бірінші бетінің он жақ жоғарғы бұрышына мөртаңба қойылады немесе дана нөмірі туралы "1-ші дана", "2-ші дана" деген жазу жазылады.

Жеке істің мұқабасына 127x11 мм өлшемді қағаз жолақшалар жапсырылады, онда әскери қызметшінің әскери атағы (Times New Roman әрпімен, әріп көлемі 20, белгіленген мәтінді жартылай қою жазуды қолданып бас әріппен) тегі мен инициалдары (болған кезде) басылады. Жеке істің сыртқы бетінде әскери қызметшінің тегі, аты мен инициалдары көрсетіледі, ол 104x10 мм өлшемді қағаз жолақшаларға басылады. Жолақшалар жеке істің жоғарғы шетінен 60 мм қашықтықта желімденеді.

Есепке алу кітабы бойынша жеке іс есепке алынған нөмір істің тысына сол жақ жоғарғы бұрышында рамасыз 45x30 мм өлшемді қағаз жапсырмаға қойылады.

Жеке істе "Құпия" құпиялылық белгісі немесе "Қызмет бабында пайдалану үшін" шектеубелгісі бар құжаттар болған жағдайда, мұқабаның оң жақ жоғарғы бұрышында "Құпия" немесе "Қызмет бабында пайдалану үшін" мәтіні бар 30x10 мм өлшемді қағаз жапсырма жапсырылады.

Бір кадр органында (персоналмен жұмыс бөлімшесінде) жеке істің екі данасы да болған жағдайда оларға бір нөмір беріледі, ал есепке алу кітабында осы нөмірмен есепке алынған данасының саны туралы белгі қойылады.

103. Есепке алынған деректердің толық және дұрыс болуын өзара тексеру үшін офицерлердің қызмет орны бойынша әскери бөлімдерде (мекемелерде) жүргізілетін жеке істі кадр органының (персоналмен жұмыс бөлімшесінің) жеке ісімен салыстырып тексеріледі.

104. Әскери қызметшілердің жеке ісінің бірінші данасы қызмет өткергенін растағаннан кейін зейнетақыға еңбек сінірген жылдарын есептеу үшін ҚР ҚМ Зейнетақымен қамсыздандыру орталығына (бұдан әрі – ЗҚО) ұсынылады.

Жеке істі жіберер алдында қызметтік тізімнің 10 және 11-бағандарында жеңілдік шарттында зейнетақыға еңбек сінірген жылдарын есептеуге құқық беретін көрсетілген әскери қызметтің барлық кезеңі мүқият тексерілуге және аттестаттау және қосымша құжаттар деректерімен салыстырылуға және бұйрықпен немесе тиісті құжаттармен расталуға тиіс. Мерзімді әскери қызмет кезеңі олар тек күмән тудырған жағдайда бұйрықпен нақтылануға және расталуға тиіс.

Әскери қызмет өткери туралы деректер нақтыланғаннан және расталғаннан кейін қызметтік тізімнің 10 және 11-бағандарындағы жазбаны кадр органының немесе жасақтау бөлімшесінің (персоналмен жұмыс бөлімшесінің) бастығы куәландырады.

Зейнетақыға еңбек сінірген жылдарын есептеу жасалғаннан кейін жеке істің бірінші данасы әскери қызметшілердің қызмет орындары бойынша әскери бөлімдерге (мекемелерге) қайтарылады.

Әскери қызметшілерді шығаруға ұсыну алдында олар қызметтік тізімдегі жазбамен және зейнетақыға еңбек сінірген жылдарын есептеумен таныстырылады.

Шығару туралы бұйрық шыққаннан кейін қызметтік тізімнің 10-бағанында Заң бабының қай тармағы, тармақшасы бойынша әскери қызметші шығарылғаны және шығару туралы бұйрық тармағының қорытындысы, әскери бөлім (мекеме) бойынша бұйрық нөмірі мен мерзіміне сүйеніп, бөлім жеке құрамы тізімінен шығару уақыты, сондай-ақ әскери есепке қойылған орны жазылады.

Зейнетақымен қамтамасыз ету құқығымен шығарылған әскери қызметшілердің жеке ісінің бірінші данасында зейнетақыға еңбек сінірген жылдарын есептеудің түпнұсқасы,

әскери-дәрігерлік комиссия қорытындысының түпнұсқасы, шығару туралы бұйрықтан үзінді, бөлім тізімінен шығару туралы бұйрықтан үзінді қоса тігіледі. Жеке істің екінші данасына осы құжаттардың көшірмесі қоса тіркеледі.

Зейнетақы төлемін тағайындау үшін қызметтен шығарылған әскери қызметшілер жеке іске Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1500 қаулысымен бекітілген Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдының, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне, сондай-ақ арнайы атақ, сыныптық шен алу және нысанды киім киіп жүру құқығы 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға зейнетақы төлемін тағайындау және жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі – Зейнетақы төлемін тағайындау және жүзеге асыру қағидалары) 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Зейнетақы төлемін тағайындау және жүзеге асыру қағидаларының 7-тармағында көзделген құжаттарды қосып, зейнетақы төлемін тағайындау туралы өтінішті тіркейді.

105. Әскери басқару органдының кадр органы (персоналмен жұмыс бөлімшесі) бастықтарының нұсқауы бойынша жеке істің екінші данасын жүргізу үшін әскери бөлімдерден (мекемелерден) ұшу жұмысын, жүзу өтілін, парашютпен секіруді орындаудын, сұнгуірдің су астындағы жұмысын, жерасты құрылыштарында жауынгерлік кезекшілік өткеруін есепке алу парагының көшірмесі және жеке істің бірінші данасында бар ресми құжаттардың көшірмесі талап етілуі мүмкін.

106. Әскери қызметшілердің және запастағы офицерлердің жеке ісі осы Қағиданың 93-104-тармақтарына сәйкес жүргізіледі, есепке алынады, сақталады және жіберіледі.

107. Әскери қызметтен шығарылатын әскери қызметшілердің жеке ісі шығарудан алты ай бұрын жеке құрамды есепке алуды жүзеге асыратын тиісті әскери басқару органдың қызмет өткеруін раставаннан кейін әскери бөлімдер (мекемелер) ЗКО-га жібереді.

Жеке істі жіберер алдында қызметтік жазбада көрсетілген әскери қызметтің барлық кезеңі, сондай-ақ женілдік шартында зейнетақыға еңбек сінірген жылдарын есептеуге құқық беретін жазба тексеріледі және аттестаттау және қосымша құжаттар деректерімен салыстырылады және бұйрықпен немесе тиісті құжаттармен расталады.

Әскери қызметшінің еңбек сінірген жылдарын есептеу үшін жіберілетін жеке іс мынадай құжаттардан тұрады:

- 1) қызметтік тізім (қызмет өткеруін раставтын);
- 2) қызмет өткергенін, оның ішінде женілдік шартында өткергенін раставтын әскери бөлімдер (мекемелер) командирлері (бастықтары) бұйрығынан үзінді немесе мұрағаттық анықтама;
- 3) мерзімді әскери қызмет өткергенін раставтын құжат (әскери билеттің түпнұсқасы және/немесе ЖӘБО-дан анықтама);
- 4) мемлекеттік органдарда немесе шет елдердің Қарулы Күштерінде, оның ішінде женілдік шартында қызмет өткергенін раставтын құжаттар;

5) еңбек кітапшасының түпнұсқасы және оның көшірмесінен (еңбек өтілі болған кезде), диплом, білімі туралы атtestat және қуәлік, балалардың туу туралы қуәлігі (әскери қызметші әйелдер үшін) көшірмесі және еңбек қызметін раставтын басқа да құжаттар;

6) 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін әскери қызметшілердің пайдасына бюджет қаражаты есебінен аударылған міндетті зейнетақы жарнасының елу проценті дербес шот есебінен шығарылғаны туралы раставу-анықтама;

7) 1998 жылғы 1 қаңтардан кейін еңбек өтілі бар болса, міндетті зейнетақы жарнасы аударымын раставтын құжаттарды ұсыну қажет.

ЗКО осы тармақта көрсетілген құжаттарды алғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде зейнетақыға еңбек сіңірген жылдарын есептеуді жүргізеді.

Құжаттар көшірмесі "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабында белгіленген тәртіппен қуәландарылған жағдайдан басқа ұсынылған түпнұсқалармен салыстырып тексергеннен кейін құжаттар көшірмесін бөлімшенің лауазымды адамы қуәландарады.

10-параграф. Әскери билет жүргізу

108. Әскери қызметшілер әскери билетінің дұрыс жүргізілуін бақылауды әскери бөлім (мекеме) командирлері (бастықтары) мен штаб бастықтары жүзеге асырады.

Әскери қызметші бөлімге келісімен олардың әскери-есептік құжаттарындағы жазба әскери қызметшімен жеке әнгімелесуде мұқият тексеріледі. Әскери қызметшінің қызметі жөніндегі барлық өзгеріс (әскери атақ беру, лауазымдық жағдайдағы, біліміндегі, отбасы жағдайындағы өзгеріс) міндетті түрде оның құжатында көрсетіледі.

Әскери билетті дұрыс жүргізуге ерекше назар аударылады. Әскери билеттегі жазба мазмұны бойынша қысқа және түсінікті болуға тиіс, анық жазумен, өшірусіз және түзетусіз қара түсті қаламсаппен жүргізіледі. Лауазымды адамдардың қолтаңбасы анық болуға тиіс. Әскери билетте жазбаны басқа түспен және қарындашпен жасауға жол берілмейді.

109. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 24 қаңтардағы № 28 бұйрығымен бекітілген Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылуышыларды әскери есепке алу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14881 болып тіркелген) 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери билетті толтыру кезінде мынадай деректер енгізіледі:

1) 8-тармақта келісімшарт бойынша әскери қызметке айқындалған күні көрсетіледі. Осы тармаққа әскери бөлім (мекеме) штабының бастығы жазба жасайды;

2) 10-тармақ әскери қызметшінің бөлім тізіміне қосу және лауазымға тағайындау кезінде толтырылады. Әскери бөлімдер (мекемелер) шартты атауы бойынша, ал шартты атауы жоқ әскери бөлімдер (мекемелер) нақты атауы бойынша жазылады. Әскери бөлім (мекеме) атауы әрбір лауазым үшін жазылады.

Келген жас буын лауазымға тағайындалмай бөлім тізіміне алынған жағдайда "Лауазымы" деген бағанда "Штаттан тыс" деп көрсетіледі.

Әскери қызметшінің бір әскери бөлімнен (мекемеден) басқасына ауыстыру, сондай-ақ запасқа шығару кезінде әскери қызмет өткергені туралы жазба әскери бөлім (мекеме) штабы бастығының қолтаңбасымен және мөрмен куәландырылады, бұл ретте әскери қызметші бөлімде қызмет өткерген уақытта екінші мамандықты менгерсе алған мамандығы туралы жазба жасалады;

3) 3-бөлімде бекітіліп берілген қару-жарақ пен техникалық мүлік атауы, саны мен берілген және оны тапсырған құн көрсетіледі;

4) 11-тармақ әскери қызметші әскери ант қабылдағаннан кейін толтырылады. Жазба әскери бөлім (мекеме) штабы бастығының қолтаңбасымен және мөрмен куәландырылады;

5) 12-тармақта әскери қызметшінің жауынгерлік-қимылға қатысқаны жөніндегі мәліметтер әскери бөлімнің (мекеменің) тиісті құжаттары негізінде жазылады. Жазба әскери бөлім (мекеме) штабы бастығының қолтаңбасымен және мөрмен куәландырылады;

6) 14-тармақта әскери қызметші алған барлық орден, медаль, омырауга тағатын белгі мен бағалы сыйлық және оларды тапсырған құн жазылады. Жазба орден кітапшасы, күәлік және растау құжаты негізінде жасалады;

7) 15-тармақта әскери қызметшіге берілген әскери атақ пен мамандығы бойынша сыныптылығы жазылады;

8) 19-тармақта әскери мамандықтың толық кодтық белгісі толтырылады, онда алғашқы үш сан әскери-есептік мамандықты, кейінгі төрт сан – лауазым кодын белгілейді;

9) 20-тармақта лауазымдың біліктілік жазылады, ол әскери-есептік мамандықтың (бұдан әрі – ӘЕМ) толық жеті сандық белгісіне, лауазым кодына, қызметтің ерекше белгісіне сәйкес келуге тиіс. Басында даярланған лауазым, одан кейін оның ӘЕМ-імен қызметтің ерекше белгісі көрсетіледі.

110. Соғыс уақытында әскери қызметші емдеу мекемесінде емделуде болған жағдайда 6-бөлімде емдеу мекемесінің атауы, емделуде болу себебі мен уақыты (қай күннен бастап қай күнге дейін) жазылады. Жазба емдеу мекемесі бастығының қолтаңбасымен және мөрмен куәландырылады.

111. Мерзімді әскери қызмет әскери қызметшілерін шығару кезінде әскери билеттің 9-тармағында және нұсқамадашығару немесе запасқа жіберу негізі көрсетіледі. Бұл ретте жазба Заңың 26-бабына сәйкес жүргізіледі. ЖӘБО-да әскери есепке түру құні қосымша көрсетіледі.

Әскери билеттің 13-тармағында әскери бөлім (мекеме) қолбасшысының оның әскери даярлығын және әскери-есептік мамандық номірін көрсетіп, алған тәжірибесін ескеріп, запасқа шығарылуышының соғыс уақытында анағұрлым мақсатқа сәйкес келуі

туралы қорытынды жазылады. Эскери билеттің соңғы тысының ішкі жағына есептік-қызметтік карточка бекітіліп қойылады.

Эскери-дәрігерлік комиссия куәландырған және ауыруы бойынша шығарылған әскери қызметшілер әскери билетінің 6-бөлімінде және есептік-қызметтік карточкасының 23-тармағында қашан, қандай комиссия және қандай негізде (ауыруы туралы куәлік) олар әскери қызметке жарамсыз немесе шектеулі жарамды деп танылды деген жазба жасалады.

21-тармақтағы жазба тек әскери есептен шығарып, әскери қызметке жарамсыз деп танылған адамдарға жүргізіледі. Жазба ауыруы туралы куәлік және әскери-дәрігерлік комиссияның қаулысы негізінде жасалады.

Егер келісімшарт бойынша әскери қызметшінің билеті жоқ болса, онда осындай жазба әскери билетті берген кезде ЖӘБО-да жасалады.

112. Оқу-жаттығу жиынынан өткен кезде әскери билеттің 11-тармағы мен есептік-қызметтік карточканың 18-бағанында бұрын оны қабылдамаған адамдардың әскери ант қабылдағаны туралы жазба жасалады.

Әскери билеттің 4-бөлімінде оқу-жаттығу жиынынан өткені туралы жазба жасалады, әскери бөлім (мекеме) штабы бастығының қолтаңбасымен және мөрмен куәландырылады.

Әскери билеттің 15-тармағында және есептік-қызметтік карточканың 19-тармағында әскери атақ берілгені туралы белгі қойылады. Әскери атақ берілгені туралы бүйрықтан үзінді әскери есепте тұратын жері бойынша ЖӘБО-ға жіберіледі.

Оқу-жаттығу жиынында ӘЕМ бойынша даярлықтан өткен адамдарға әскери билеттің 13-тармағында оларды соғыс уақытында пайдалану туралы қорытынды жасалады.

113. Келісімшарт бойынша әскери қызметке жаңадан шақырылған сержант пен қатардағы жауынгер құрамына, сондай-ақ әскери билеті жоғалған немесе жарамсыз болған әскери қызметшілерге әскери билетті әскери бөлімнің (мекеменің) персоналмен жұмыс органы (жасақтау бөлімшесі) береді.

Әскери бөлім (мекеме) әскери билет бланкілерін алу үшін өзі орналасқан жері бойынша ЖӘБО-ға:

әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) қолдаухатын;

есептік-қызметтік карточканың, әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) бүйрығынан үзіндінің және жеке басын куәландыратын құжаттың расталған көшірмесін;

әскери қызметшінің жасына сәйкес келетін және ашық негізде міндетті түрде алдынан түсірілген, бет-бейнесі фотосуреттің жалпы көлемінің шамамен жетпіс пайызын қамтуға тиіс, өлшемі 30x40 миллиметр фотосуретті қоса беріп, өтінім жібереді.

ЖӘБО өтінімді алғаннан кейін әскери билет берудің заңдылығын (негізділігін) тексереді, оған фотосуретті жапсырып, тегін, атын, әкесінің атын (бар болғанда) толтырады және әскери бөлімге (мекемеге) жібереді.

Егер жоғалған әскери билет жаңа құжат берілгенге дейін табылған жағдайда, онда олар әскери қызметшіге қайтарылады. Бұл ретте оған жаңа әскери билет берілмейді, толтырылған әскери билет жою үшін ЖӘБО-ға қайтарылады. Егер жоғалған құжат әскери бөлімге (мекемеге) жаңа әскери билет берілгеннен кейін түссе, онда табылған құжат жойылады.

Бас бостандығынан айыруға сотталған адамның әскери билеті үкім заңды күшіне енгеннен кейін әскерге шақырылған орны бойынша ЖӘБО-ға жіберіледі.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 01.07.2025 № 769 бұйрығымен.

114. Қазақстан Республикасының азаматтары қатарынан әскери оқу орындарына қабылданған курсанттарға әскери билет оқуға қабылданғаннан кейін әскери оқу орындары бастықтарының өтінімі бойынша әскери оқу орындары орналасқан жер бойынша ЖӘБО-да ресімделеді.

Курсанттарға алғашқы офицер атағы берілгеннен кейін әскери оқу орындарында оларға қызметтік куәлік беріледі. Әскери билет шығарылады және жою үшін ЖӘБО-ға жолданады.

3-тарау. Соғыс уақытында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жеке құрамын есепке алу

1-параграф. Соғыс уақытында жеке құрамды есепке алу ерекшелігі

115. Соғыс уақытында жеке құрамды есепке алу осы тарауда жазылған ерекшелікті ескеріп жүргізіледі.

116. Соғыс уақытында жеке құрамды есепке алу үшін:

- 1) ҚР ҚК кадрындағы жеке құрамға – бейбіт уақытта оған жүргізілген есепке алу құжаттары;
- 2) жұмылдыру бойынша запастан әскерге шақырылған жеке құрамға:
офицерлерге – ЖӘБО-дан алынған жеке іс пен қызметтік карта қолданылады;
сержанттар мен сарбаздарға – әскери билет деректері бойынша есептік-қызметтік карточка ресімделеді.

ҚР ҚМ кадр органдында запастан әскерге шақырылған офицерлер мен жұмылдыру кезеңінде басқа лауазымға ауысқан офицерлерді есепке алу үшін осы Қағидаларға 56-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бақылау карточкасы қолданылады.

117. Жұмылдыру бойынша келген жеке құрам келген күні әскери бөлім (мекеме) тізіміне қосылады. Әскери қызметшілерді тағайындау (ауыстыру) осы әскери бөлім (мекеме) командирлері (бастықтары) таратуды аяқтағаннан кейін бейбіт уақыт бойынша

белгіленген номенклатураға қарамастан, жұмылдыра тағайындауға сәйкес әскери бөлім (мекеме) бойынша бүйрықпен жүргізіледі. Бүйрық әскери қызметшілердің лаузыымдық жағдайын айқындау үшін негіз болып табылады, барлық есепке алу құжатында тағайындау туралы жазба жасалады.

118. Жұмылдыру бойынша шақырылған адамдар әскери бөлімге (мекемеге) жіберу үшін ЖӘБО-ға келген күннен бастап әскери қызметте тұр деп есептеледі.

Жұмылдыру бойынша әскерге шақырылған жеке құрамның әскери билетінде, офицерлердің жеке ісі мен қызметтік картасында жұмылдыру бойынша шақырылған және қызмет орнына жіберілген қуні туралы жазба жасалады, ол ЖӘБО бастығының қолтаңбасымен және елтаңбалы мөрмен куәландырылады. Жұмылдыру бойынша әскери бөлімге (мекемеге) тікелей келген адамдардың немесе осы кезеңде оқу-жаттығу жиынында болғандардың әскери билетіне олардың шақырылған уақыты туралы белгіні әскери бөлім (мекеме) штабының бастығы қояды. Запастан әскерге шақырылған офицерлер қызметтік куәлік алғанға дейін олардың әскери билетіне лауазымға тағайындалғаны туралы және қызмет жағдайындағы кейінгі өзгерістер туралы жазба жасалады.

Қызметтік куәлікті беру кезінде запастан әскерге шақырылған офицерлердің әскери билеті шығарылады және олардың жеке ісінде сақталады.

119. Қазақстан Республикасының әрекеттегі әскер құрамына кірмейтін әскери бөлімдерде (мекемелерде) жұмылдыру кезеңінде жаңа қызмет орнына аудықтан офицердің қолына нұсқамамен бірге мөрленген пакетте жеке ісі беріледі. Жеке істің екінші данасы, ал Қазақстан Республикасының шегінен тысқары кеткендердің қызметтік картасы офицерлер кеткен әскери бөлімнің (мекеменің) кадр органына (персоналмен жұмыс бөлімшесіне) жіберіледі.

120. Офицерлерді әрекеттегі әскерге іссапарға жіберу кезінде офицерлер жеке ісінің бірінші данасы Орталық мұрағатқа тапсырылады (жіберіледі).

Офицерлер жеке ісінің екінші данасы және запастан екі жылға әскерге шақырылған офицерлердің жеке ісі немесе қысқартылған жеке ісі офицерлердің қолына мөрленген пакетте беріледі немесе офицерлер кеткен әскери бөлімнің (жедел қолбасшылықтың) кадр органына (персоналмен жұмыс бөлімшесіне) қызмет картасымен бірге жіберіледі. Егер офицерлер команда құрамында әрекеттегі әскерге кетсе, онда жеке ісі немесе қысқартылған жеке ісі команда басшысының қол қоюымен мөрленген пакетте беріледі.

Офицерлерге жеке іс бар пакет беру туралы нұсқамағабелгі қойылады.

121. ЖӘБО жұмылдыру бойынша әскерге шақырылған офицерлерге, олардың жеке ісін офицерлер жіберілген орын бойынша тікелей әскери бөлімдерге (мекемелерге) жібереді. Әскери бөлімдер (мекемелер) штабы жеке істі алған кезде олардан жеке нөмірлі жетонады алады және оларды офицерлерге табыс етеді.

122. Құралатын жедел (жедел-стратегиялық) қолбасшылықтардың кадр органында (персоналмен жұмыс бөлімшесінде) офицерлерді дербес және штаттық-лауазымдық

есепке алу жедел (жедел-стратегиялық) қолбасшылықтар құрамына келген құрамалардан және жеке әскери бөлімдерден алынған есепке алу құжаттараты бойынша жүргізіледі. Құрамалардан жедел (жедел-стратегиялық) қолбасшылықтарға дейінгіні қоса алғанда кадр органында (персоналмен жұмыс бөлімшесінде) кадр органы (персоналмен жұмыс бөлімшесі) жасайды.

Бұдан бұрын әскери қызмет өткөрген және жұмылдыру бойынша запастан әскерге шақырылған офицерлерге қажеттілік туындаған кезде жеке істің екінші данасы тиісті ЖӘБО-дан сұралады.

123. ҚР ҚҚ түрлерінің, әскер тектері мен жедел қолбасшылықтарының кадр органында (персоналмен жұмыс бөлімшесінде) жұмылдыру бойынша запастан әскерге шақырылған офицерлерді дербес есепке алушы үйимдастыру үшін осы кадр органының (персоналмен жұмыс бөлімшесінің) анықтамалық картотекада сақталатын қызметтік картасы пайдаланылады. Егер офицерлердің қызметтік картасы болмаса, оларға әскерден алынған бұйрық негізінде қысқартылған қызметтік карта жазылады. ҚР ҚҚ түрлерінің, әскер тектері мен жедел қолбасшылықтарының кадр органына (персоналмен жұмыс бөлімшесіне) қысқартылған қызметтік картасын толыққа ауыстыру ҚР ҚМ кадрорганында жүргізілген қызметтік картасынан көшірмесін шешу немесе оларды тиісті мұрағаттан сұрау салу жолымен жүргізіледі.

124. Әрекеттегі әскер бөлімшелерінде, әскери бөлімдерінде (мекемелерінде), құрамалары мен әскери басқару органында жеке құрамды есепке алу мынадай ерекшелікті сақтап жүргізіледі:

1) әрекеттегі әскер әскери бөлім (мекеме) штабында қатардағы жауынгерлер, сержанттар мен офицерлер құрамының әскери қызметшілеріне жеке іс жүргізілмейді. Әскери бөлім (мекеме) әрекеттегі әскер құрамына кеткен кезде қатардағы жауынгерлер, сержанттар мен офицерлер құрамы әскери қызметшілерінің жеке ісін Орталық мұрағатқа немесе Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – ҚР ҚҚ БШ бастығының нұсқауы бойынша Орталық мұрағатқа тапсыру үшін бөлімдердің орналасу орны бойынша тиісті ЖӘБО-ға беріледі. Офицерлер жеке ісінің екінші данасы, запастан екі жылға әскерге шақырылған офицерлердің жеке ісі немесе қысқартылған жеке ісі, сондай-ақ жұмылдыру бойынша шақырылған офицерлердің жеке ісі (оның ішінде әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) тағайындау номенклатурасы офицерлерінің жеке ісі) соғыс уақытында офицерлер құрамын тағайындау номенклатурасына сәйкес әскери бөлімдердің (жедел қолбасшылықтардың) кадр органына (персоналмен жұмыс бөлімшесіне) бағыныстырылығы бойынша беріледі (жіберіледі);

2) жұмылдыру бойынша шақырылған офицерлердің қызметтік картасы қызметтік картотека бойынша офицерлерді есепке алушы жүргіzetін тиісті кадр органына (

персоналмен жұмыс бөлімшесіне) беріледі (жіберіледі). Қатардағы жауынгерлер мен сержанттар құрамы әскери қызметшілерінің жеке ісінен есептік-қызметтік карточка шығарылады және олар жалпы картотекаға қосылады.

Жедел-стратегиялық қолбасшылық құрамына кіретін әскери бөлімдер (мекемелер) жеке істі:

қатардағы жауынгерлер, сержанттар мен офицерлер құрамының әскери қызметшілеріне – жедел қолбасшылықтың кадр органына (персоналмен жұмыс бөлімшесіне);

жедел-стратегиялық қолбасшылықтың тікелей бағынысындағы әскери бөлімдер (мекемелер) – Орталық мұрағатқа тапсырады.

Жауынгерлік іс-қимыл басталысымен желілік батальондар (дивизиондар) штабында екі данада тәуліктік ведомость жасалады, оның бірінші данасы әскери бөлім (мекеме) штабына ұсынылады.

Барлық әскери бөлімде (мекемеде) (емдеу мекемесінен басқа) және желілік батальонда (дивизионда) тәуліктік ведомостиң "4. Адамдардан тұрады" деген бөлімі "4. Отken тәулік ішіндегі шығын:

қаза тапты және қайтыс болды;

хабарсыз кетті;

тұтқынға түсті;

жарақаттану, жауынгерлік мертігу және ауыруы бойынша эвакуацияланды;

өзге де шығын;

шығын жиыны" деген бөліммен ауыстырылады.

Емдеу мекемелеріндегі тәуліктік ведомостиң "4. Адамдардан тұрады" деген бөлімі "

4. Тәулік ішінде кеткені:

шығарылды және саптық қызметке жарамдысы әскерге жіберілді;

шығарылды және саптық емес қызметке жарамдысы әскерге жіберілді;

шығарылды және жазылғаны бөлімдерге жіберілді;

демалысқа шықты;

6-12 айдан кейін қайта куәландырумен запасқа шығарылды;

есептен шығарылды;

жарақаттанудан және ауырудан қайтыс болды;

емдеу мекемесіне эвакуацияланды;

тұрақты құрамнан іссапарға жіберілді;

кеткен адамдар жиыны" бөлімімен ауыстырылады.

125. Жауынгерлік міндеттерді орындау үшін қарсыластың тылына жіберілген бөлімшелерде, әскери бөлімдер (мекемелер) мен құрамаларда жеке құрамды есепке алу :

ротада, батальонда және оларға теңестірілгенде – жеке құрамды есепке алу кітабында;

әскери бөлім (мекеме) штабында және құрама басқармасында – жеке құрамды әліпбілік ретпен есепке алу кітабында жүргізіледі.

Бөлімшелер мен бөлімдер қарсыластың тылында болған кезеңде көрсетілгендерден басқа есепке алу құжаттары жүргізілмейді. Жіберу алдында олар әскери бөлім (мекеме), құрама штабы бастығының нұсқауы бойынша штабқа және кадр органына уақытша сақталуға тапсырылады;

Құрама штабтың жасақтау органында осы Қағидаларға 57-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келген жас буынды (оның ішінде жалғыз) есепке алу журналы жүргізіледі:

- 1) түскен күні, қайдан келді, құрамы бойынша саны (офицерлер, сержанттар, сарбаздар);
- 2) қандай әскери бөлімдерге (мекемелерге) және жеке құрамның қанша саны берілді ;
- 3) жас буынға атаулы тізім (нұсқама) қай іске тігілді.

Жеке құрамды ұшақта, тікұшақта, корабльдегектізу кезінде жеткізуші бөлімдердің (құрамалардың, емдеу мекемелерінің) штабы жеткізілуге тиісті барлық әскери қызметшіге әрбір ұшаққа, тікұшаққа, корабльге осы Қағидаларға 58-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әуе (теніз) көлігіндегектізілетін жеке құрамның атаулы тізімінекі данада жасайды.

Атаулы тізімнің бірінші данасы отырғызу пунктінің коменданттына тапсырылады, ол оны жоғарғы штабқа жібереді. Екінші данасы әскери бөлім (мекеме), құрама штабында қалады;

Жедел қолбасшылықтың әскери басқару органында апта сайын жұмада тәуліктік ведомость жасалады.

126. Құрама және әскери бөлім (мекеме) командиріне (бастығына):

1) жас буын ретінде келген, бірақ әлі әскери бөлім (мекеме) бөлімшелері мен штабының есепке алу құжаттарына енгізілмеген жеке құрамды жауынгерлік міндеттерді орындауға жіберуге;

2) басқа әскери бөлімдердің (мекемелердің) (жорық, марш жасау, қайта орналасу кезінде, сондай-ақ соғыс уақытында қалып қойған) әскери қызметшілерді әскери бөлім (мекеме) тізіміне өз еркімен қосуға жол берілмейді. Өз әскери бөлімдерінен (мекемелерінен) қалып қойған әскери қызметшілер олардың қызмет орындарына немесе бірлестіктің жинау-жөнелту пунктіне жіберіледі.

127. Бөлімше, взвод, рота, батарея, эскадрилья және оларға теңестірілген бөлімше комадирлері, сондай-ақ барлық деңгейдегі бөлімше мен қызмет командирлері:

1) жеке құрамды марш басталар алдында, аялдау уақытында және жорық аяқталғаннан кейін, жауынгерлікіс-қимыл басталар алдында, жауынгерлік іс-қимыл барысында және одан кейін тексереді;

2) соғыс жағдайының кез келген жағдайында қатардан шыққан әрбір әскери қызметшіні және оның кету себебін білуге тиіс;

3) күн сайын және әрбір соғыстан кейін өзінің тікелей бастығына жеке құрамда болған шығын туралы баяндайды.

128. Офицерлерді есепке алу осы Қағидаларға 59-қосымшаға сәйкес нысан бойынша соғыс уақытында әрекеттегі әскер офицерлерін есепке алу схемасы бойынша жүргізіледі. Бұл ретте жедел қолбасшылықтан және одан жоғарғы кадр органында (персоналмен жұмыс бөлімшесінде) штаттық-лауазымдық есепке алу кітабы әрбір құрама (жеке бөлім) бойынша, тиісті командирлер (қолбасшылар) мен жоғарғы инстанцияның жеке құрам бойынша бұйрығымен тағайындалған номенклатураға кіретін лауазым бойынша жеке жүргізіледі.

Әрекеттегі әскер бірлестігінің кадр органында (персоналмен жұмыс бөлімшесінде) офицерлер құрамына штаттық-лауазымдық картотека жүргізілмейді.

129. Қайтыс болу (қаза табу), жаралану, жауынгерлік зақымданулар, ауру салдарынан және басқа да себеппен қатардан шыққан жеке құрамды дербес есепке алу әскери бөлім (мекеме) бөлімшелерінде жүргізіледі:

1) бөлімшеде және взводта – бөлімше мен ввод командирлері қатардан шыққан барлық әскери қызметші туралы соғыс барысында және соғыстан кейін жеке құрамның барын тексергеннен кейін өзінің тікелей бастығына баяндайды;

2) ротада (батареяда) – қатардан шыққан барлық әскери қызметшіге осы Қағидаларға 60-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қатардан шыққан әскери қызметшілердің атаулы тізімі жасалады. Қатардан шыққан әскери қызметшілер бар болған кезде атаулы тізімкүн сайын батальон (дивизион) командиріне ұсынылады;

3) батальонда (дивизионда) – батальонның (дивизионның) медициналық пункттерінің деректерімен салыстырылған жеке құрамның шығыны туралы роталар (батареялар) мен арнайы бөлімшелердің атаулы тізімінің деректері негізінде әскери бөлім (мекеме) штабына күн сайын тәуліктік ведомоспен бірге ұсынылатын рота үшін белгіленген нысан бойынша батальонның (дивизионның) қатардан шыққан жеке құрамына жалпы атаулы тізім жасалады.

130. Әскери бөлім (мекеме) штабында бөлімше командирлері ұсынған қатардан шыққан барлық әскери қызметшінің атаулы тізімі әскери бөлім (мекеме) медициналық пунктінің есепке алу деректерімен салыстырылып тексеріледі. Тізімде жараланғаныңжәнеауырғанның қайсысы медициналық пункт арқылы өтті және кім медициналық пункттен өтпей жаралануы, жауынгерлік мертігуі және басқа да себеп бойынша бөлім құрамынан шыққаны туралы белгі қойылады. Көрсетілген тізім, сондай-ақ қайтыс болғанды (қаза тапқанды) жерлеуді ұйымдастыру бойынша команда бастығына ұсынылатын осы Қағидаларға 61-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери зиратта (бауырластар зиратында) жерленген жеке құрамның атаулы тізімі негізінде саптық бөлім бойынша бұйрық шығарылады, онда соғыста өлген, тұтқынға түскен, жарақаттан қайтыс болған, ауыруы, жаралануы, жауынгерлік зақымдану және басқа да себеп салдарынан эвакуацияланған барлық әскери қызметші мен қызметкер бөлім

тізімінен шығарылады. Бөлімнің жеке құрамын әліп билік ретпен есепке алу кітабында тиісті жазба жасалады.

131. Қайтыс болған (қаза тапқан), және хабарсыз кеткен және құрамалар шегінен тыс емделуге эвакуацияланған жеке құрам ҚР ҚҚ тізімінен жеке құрам бойынша бүйрықпен шығарылады. Жеке құрамды есепке алууды ұйымдастыру үшін оларды тізімнен шығару туралы бүйрық жедел қолбасшылықтың әскери басқару органына таратылады.

132. Әскери бөлім (мекеме) тізімінен шығарылатын жеке құрам (қайтыс болған (қаза тапқан), хабарсыз кеткен, тұтқынға түскен және құрама шегінен тыс емдеуге эвакуацияланған) бүйрықта жеке параграфпен топтарға бөлінеді: офицерлер, сержанттар, сарбаздар және азаматтық персонал адамдары (жұмыскерлер).

133. Әскери бөлімнен (мекемеден) кеткен жеке құрам мынадай мерзімде тізімнен шығарылады:

1) қайтыс болғандар (қаза тапқандар), тұтқынға түскендер, ҚР ҚҚ қатарынан шығарылғандар, сондай-ақ басқа әскери бөлімге (мекемеге) ауысқандар немесе әскери оқу орнына окуға жіберілгендер – кеткен күні;

2) әскери бөлім (мекеме) шегінен тыс жарапану, жауынгерлік зақымдану және ауыруы салдарынан емдеу мекемелеріне эвакуацияланғандар – эвакуациялау күні;

3) хабарсыз кеткендер және іссапардан, демалыстан немесе емдеу мекемелерінен белгіленген мерзімде оралмағандар, сондай-ақ әскерден қашқандар – оларды іздестіргеннен және әскерден қашу немесе бөлімге оралмау жағдайын тексергеннен кейін;

4) қамау орындарында немесе тәртіптік бөлімдерде жазасын өтеуге сотпен сотталғандар – сот үкімінің көшірмесін алғаннан кейін.

134. Мыналар әскери бөлім (мекеме) тізімінен алынбайды және орнында уақытша болмағандар болып есептеледі:

1) бөлімнің медициналық пунктінде емделіп жатқан жеке құрам;

2) құраманың жеке медициналық батальонында (ротасында) емделуде жатқан офицерлер. Әскер құрамы мен саны туралы жеткізілімге олар бөлімнен кеткен күннен бастап енгізілмейді;

3) іссапарда, демалыста, мектепте оқуда, курста, жиында болған және басқа әскери бөлімге (мекемеге) іссапарға жіберілген жеке құрам.

135. Бөлімнің медициналық пунктінен жарапану, ауыруы салдарынан және басқа да себеп бойынша тылдық емдеу мекемелеріне эвакуациялануға жататын қатардағы жауынгерлер мен сержанттар құрамының әскери қызметшілеріне әскери бөлім (мекеме) штабы әскери бөлімнің (мекеменің) медициналық пункті арқылы емдеу мекемелеріне олардың есептік-қызметтік картасы беріледі. Егер қатардағы жауынгерлер мен сержанттар құрамы әскери бөлімнің (мекеменің) медициналық пунктінен өтпей тылдық емдеу мекемелеріне эвакуацияланған жағдайда оларға қызмет картасынан

есептік-қызметтік карточка шығарылады және бір жыл бойы өскери бөлім (мекеме) штабында жеке сақталады. Осы мерзім өткеннен кейін, егер оларды тиісті емдеу мекемелеріне салып жіберу туралы сұрау салу түспесе, олар белгіленген тәртіппен жойылады.

Емдеу мекемелеріне эвакуацияланған кезде жарапанған (ауырған) офицерлердің жеке ісі жедел қолбасшылықтың кадрорганына (персоналмен жұмыс бөлімшесіне) жіберіледі.

Жедел-стратегиялық қолбасшылықтың кадр органы (персоналмен жұмыс бөлімшесі) тылдық емдеу мекемелеріне кеткен офицерлердің жеке ісін және қызметтік картасын тек тиісті кадр органы (персоналмен жұмыс бөлімшесі) мен ЖӘБО-ның сұрауы бойынша жібереді.

136. Соғыс уақытында өскер түрлері, өскер тектері мен өңірлік қолбасшылықтардың кадрорганында (персоналмен жұмыс бөлімшесінде) әрекеттегі армиядан кеткеннен кейін мекенжайы майданның кадр органына (персоналмен жұмыс бөлімшесіне) белгісіз офицерлердің жеке ісі мен қызметтік картасын жинақтау үшін жиын пункті құрылады.

Жиын пункттеріне сондай-ақ үш ай ішінде кадр органынан (персоналмен жұмыс бөлімшесінен) немесе ЖӘБО-дан есепке алу құжаттарын салып жіберу туралы сұрау салу түспеген, жедел-стратегиялық қолбасшылықтың шегінен тыс кеткен жарапанған және ауырған офицерлердің жеке ісі мен қызметтік картасы жіберіледі.

137. Емдеу мекемелерінде емделіп жатқан өскери қызметшілер стационарлық және амбулаторлық ауыруларды есепке алу журналында және ауырулардың қозғалысын есепке алу журналында есепке алынады. Емделгеннен кейін медициналық бөлімшелер өскери қызметшілерді олардың қызмет орны бойынша өскери бөлімдерге (мекемелерге) жібереді. Оларды шығарар алдында медициналық бөлімшелердің бастықтары өскери бөлімдердің (мекемелердің) қомандирлеріне (бастықтарына) хабарлайды.

Қатардағы жауынгерлер мен сержанттар құрамының өскери қызметшілеріне түсken есептік-қызметтік карточка олардың жеке басын куәландыратын құжаттарға немесе өскери билетіне сшығарылады және емделгеннен (шыққаннан) кейін өскери қызметшілердің қолына беріледі.

138. Кадр органы (персоналмен жұмыс бөлімшесі) емдеу мекемелерінде емделіп жатқан офицерлерді есепке алуды:

1) құрамада – әліпбилік ретпен және штаттық-лауазымдық есепке алу кітабына жарақаты (ауыруы) туралы мәліметті және офицерлер емделуге жіберілген емдеу мекемесінің атауын жазу жолымен;

2) жедел қолбасшылық пен жедел-стратегиялық қолбасшылықта – жарапанғандар (ауырғандар) туралы мәліметтер мен оларға офицерлер емделуге жіберілген емдеу мекемесінің атауын қызметтік картотекасынан жеке анықтама картотекасына қайта қойылған жарапанғандарды (ауыруларды) есепке алу қызметтік картасына жазу жолымен жүргізеді.

139. Жедел, жедел-стратегиялық қолбасшылықтардың емдеу мекемелеріне тікелей түскен, соғыс алаңынан жиналған немесе бастапқы медициналық карточкасыз жеке өзі келген барлық әскери қызметші туралы емдеу мекемесінің бастығы ол түскен күннің келесі күнінен кешіктірмей тиісті әскери бөлім (мекеме) командирлеріне (бастықтарына) олардың емделуге келгені туралы поштамен немесе басқа да байланыс құралдарымен хабарлайды.

140. Емдеу мекемелерінен есептік-қызметтік карточкасыз келген сержанттар мен сарбаздарға жеке басын куәландыратын құжаттары, әскери билеті мен емдеу мекемелері құжаттарының деректері негізінде есептік-қызметтік карточканың телнұсқасы жазылады.

Емделуден кейін жедел қолбасшылықтар кадр органының (персоналмен жұмыс бөлімшесінің) өкіміне келген офицерлер уақытша есепке қысқартылған қызметтік картасы бойынша шығарылады.

Одан әрі қызмет өткеру үшін жедел-стратегиялық қолбасшылықтарда, ҚР ҚҚ түрлеріне, әскер тектеріне іссапарға жіберілген офицерлерге қысқартылған қызметтік картасы офицерлердің қайда және қашан іссапарға жіберілгені туралы белгімен анықтамалық картотекада сақтау үшін ұсынылады. Офицерлерді іссапарға жіберу жеке құрам бойынша бұйрықпен ресімделеді. Офицерлерге нұсқамада жедел-стратегиялық қолбасшылық құрамында жауынгерлік іс-қымыл барысында алған жаракатынан (сырқатынан) кейін емделуде болғаны туралы жазба жасалады. Көрсетілген офицерлердің есепке алу құжаттарын одан әрі қызмет өткеру үшін офицерлер келетін сол жедел-стратегиялық қолбасшылықтың, жедел қолбасшылықтың, ҚР ҚҚ түрлері мен әскер тектерінің кадр органы (персоналмен жұмыс бөлімшесі) сұрау салады.

141. Әрекеттегі әскер құрамына кірмейтін құрамалар мен бірлестіктердің кадр органында (персоналмен жұмыс бөлімшесінде) госпитальдардан немесе әрекеттегі әскерден келген офицерлерді есепке алу, сондай-ақ алғашқы офицер атағы соғыс уақытында берілген офицерлерді есепке алу жеке құрам бойынша бұйрықтан офицерлер құрамын тағайындау номенклатурасына сәйкес жеке ісібойынша, әліпбилік ретпен есепке алу кітабы немесе қызметтік картотека бойынша жүргізіледі. Бөлімдерде бұл офицерлер тек әліпбилік ретпен және штаттық-лауазымдық есепке алу кітабы бойынша есепке алынады.

142. Офицерлер құрамының алғашқы әскери атағын беруге ұсынылған әскери қызметшілерге әскери оку орындары мен әскери бөлімдер (мекемелер) бір мезгілде оларға ұсынымды даярлаумен бірге:

- 1) тағайындау номенклатурасына офицермен ауыстыруға жататын лауазым кіретін инстанциялардың кадр органы (персоналмен жұмыс бөлімшесі) үшін – жеке істің бір данасын;
- 2) қызметтік картаның үш данасын дайындайды.

143. Оқуға жіберілген офицерлерге жеке іс тиісті әскери оқу орындарының кадр органында (персоналмен жұмыс бөлімшесіндегі) жүргізіледі.

144. Құрамалардың кадр органды (персоналмен жұмыс бөлімшесі) сопталған офицерлердің жеке ісін жедел қолбасшылықтардың кадр органдына (персоналмен жұмыс бөлімшесінде) жібереді, олар осы жеке істі:

- 1) үш ай сақтау мерзімінен кейін – Орталық мұрағатқа;
- 2) әскери атағы қалпына келтірілген адамдарға – қызмет орны бойынша тиісті кадр органдына (персоналмен жұмыс бөлімшесінде) жібереді.

145. Әскери бөлімдердің (мекемелердің) және құрамалардың әрекеттегі әскерге кетуі немесе әрекеттегі әскерден шығуы кезінде, сондай-ақ бір жедел қолбасшылықтан басқасына қайта бағынуы кезінде осы бөлімдер мен құрамалар офицерлерінің жеке ісі, қызметтік картасы мен штаттық-лауазымдық есепке алу кітабы әскери бөлімдер (мекемелер) мен құрамалардың жаңа бағыныстырылғы бойынша кадр органдына (персоналмен жұмыс бөлімшесінде) жіберіледі. Бұл ретте есепке алу құжаттары берілетін офицерлердің атаулы тізімі екі данада – әскери бөлімдердің (мекемелердің) және құрамалардың есікі және жаңа бағыныстырылғының орны бойынша кадр органды (персоналмен жұмыс бөлімшесі) үшін жасалады.

146. Жеке құрамды дербес есепке алу құжаттары жоғалған кезде әскери бөлімдердің (мекемелердің) және құрамалардың кадр органды (персоналмен жұмыс бөлімшесі) жоғалған құжаттарға жаңа құжаттар жасауға дереу шара қолданады, бұл ретте жоғалған істің орнына офицерлердің қысқартылған жеке ісі жасалады. Жаппай қаза тапқан немесе есепке алу құжаттары жоғалған кезде кадр органды (персоналмен жұмыс бөлімшесі) дереу құжаттарды қалпына келтіруге кіріседі:

1) құрамалардың кадр органды (персоналмен жұмыс бөлімшесі) әскери бөлімдерден (мекемелерден) қатардағы жауынгерлер, сержанттар мен офицерлер құрамының әскери қызметшілерін әліпбилік ретпен есепке алу кітабына сәйкес әскери қызметшілердің атаулы тізімін сұратады;

2) әскери бөлімдердің (мекемелердің) штабы бөлімшелерден келісімшарт бойынша қатардағы жауынгерлер, сержанттар мен офицерлер құрамының әскери қызметшілерін әліпбилік ретпен есепке алу кітабына және мерзімді әскери қызмет әскери қызметшілерін, ауыспалы құрамды және азаматтық персонал адамдарын (жұмыскерлерді) әліпбилік ретпен есепке алу кітабына сәйкес барлық жеке құрамының атаулы тізімін сұратады.

Әскери бөлімдер (мекемелер) мен құрамаларда алынған атаулы тізім негізінде жоғалған құжаттарды қалпына келтіру жүргізіледі. Жоғалған құжаттарды қалпына келтірудің нақты мерзімін жоғарғы штаб немесе кадр органдының (персоналмен жұмыс бөлімшесінде) бастығы айқындейды.

Қарсыластың жаппай қырып-жою қаруын қолдануы салдарынан әскери бөлім (мекеме) жеке құрамының жаппай қаза тапқан жағдайда құрамалар мен әскери басқару

органының штабы мен кадр органы (персоналмен жұмыс бөлімшесі) қаза тапқан әскери қызметшілердің санын айқындауға және тегін, атын, әкесінің атын (болған кезде) және әскери атағын белгілеу мүмкін болатын барлық шараны қабылдайды (тірі қалғандардан сұрау, аман қалған құжаттарды және құрамалар мен жедел қолбасшылықтардың штабы мен кадр органында (персоналмен жұмыс бөлімшесінде) әскери қызметшілерге жүргізілген құжаттарды іздестіру).

2-параграф. Жеке құрамның орны толmas шығынын есепке алу

147. Қайтыс болуы (қаза табуы), тұтқында болуы, хабарсыз кетуі салдарынан ҚР ҚҚ-дан шығарылған әскери қызметшілер мен азаматтық персонал адамдары (жұмыскерлер) жеке құрамның орны толmas шығынын құрайды. Олар жауынгерлік және жауынгерлік емес болып бөлінеді.

148. Жауынгерлік орны толmas шығынға:

- 1) соғыс алаңында қаза тапқандар;
- 2) қайтыс болған орнына қарамастан, қарсыластың жаппай қырып-жою қуралдарынан және қарудан қаза тапқандар;
- 3) жауынгерлік іс-қимылға қатысу кезіндесонымен қатар тылда мертігуден (жараланудан, жарақаттанудан, контузия алушан) қайтыс болғандар;
- 4) хабарсыз кеткендер;
- 5) тұтқынға түскендер;
- 6) жауынгерлікіс-қимылда сонымен қатар тылда қолбасшылық тапсырмаларын орындауға байланысты оқиға және оқыс оқиға (ұшақ, автомашина мен басқа да жауынгерлік техника авариясы, эшелонның апатқа ұшырауы, минаның жарылуы, құтқару жұмысын орындау) салдарынан қайтыс болғандар (қаза тапқандар) жатады.

149. Жауынгерлік емес орны толmas шығынға:

- 1) жауынгерлік іс-қимылға қатысуға байланысты емес ауырудың барлық түрі мен себеппен емдеу мекемесінде қайтыс болғандар;
- 2) өзіне-өзі қол салғандар;
- 3) қаруды абайсыз қолданудан, авариядан, апattan және жауынгерлік міндетті орындауға байланысты емес жағдайдан қайтыс болғандар жатады.

150. Жеке құрамды есепке алушы жүргіzetін әскери бөлімдер (мекемелер) штабында, корабльдер мен қамтамасыз ету кемелері құрамаларының басқармаларында соғыс уақытында әскери қызметшілер мен азаматтық персонал адамдарының (жұмыскерлердің) орны толmas шығынын дербес есепке алу жеке құрамнорны толmas шығының атаулы тізімі бойынша жүргізіледі.

Атаулы тізім саптық бөлім бойынша бүйрек негізінде:

- 1) офицерлер құрамына;
- 2) қатардағы жауынгерлер мен сержанттар құрамына;
- 3) азаматтық персонал адамдарына (жұмыскерлерге) жеке жасалады.

Әрбір топта атаулы тізім жауынгерлік және жауынгерлік емес шығынға жеке құрамның әрбір санаты бойынша орны толmas шығынды бөліп, әліпбилік ретпен үш данада жасалады. Атаулы тізім шығынды сандық есепке алу деректерімен салыстырылады және екі данада жоғарғы штабқа ұсынылады. Атаулы тізімнің көшірмесі әскери бөлімнің (мекеменің) арнайы шығынын есепке алу кітабына тігіледі.

Орны толmas шығынның атаулы тізіміне қосылған әскери қызметшінің қайтып келгені немесе оның емделуде жатқаны анықталған жағдайда бұл туралы сол күні саптық бөлім бойынша бүйрықта жарияланады және белгіленген тәртіппен жоғарғы штабқа жеткізіледі, сондай-ақ хабарлама жіберілген ЖӘБО-ға хабарланады.

151. Құрама басқармасында басқармалардың, қамтамасыз ету және қызмет көрсету бөлімшелерінің, сондай-ақ бағынысты әскери бөлімдердің (мекемелердің) қатардағы жауынгерлер, сержанттар мен офицерлер құрамының, сондай-ақ азаматтық персонал адамдарының (жұмыскерлердің) орны толmas шығынын дербес есепке алу кадр органында (персоналмен жұмыс бөлімшесінде) жүргізіледі.

Есепке алу құрама құрамына кіретін әскери бөлімдер (мекемелер) ұсынатын орны толmas шығынның атаулы тізімі мен қамтамасыз ету және қызмет көрсету басқармалары, бөлімшелері үшін атаулы тізім бойынша жүргізіледі. Атаулы тізімді тексергеннен кейін осы тізімнің бірінші данасы ҚР ҚМ кадр органына және ҚР ҚК БШ үйымдастыру-жұмылдыру органына жіберіледі.

Атаулы тізімнің екінші данасы қайтыс болғандарды (қаза тапқандарды) жеке құрам тізімінен шығару туралы бүйрық шыққаннан кейін құрамалар шығынның арнайы ісіне тігіледі.

152. Әскери басқару органында орны толmas шығынды дербес есепке алу әскери басқару органы және бағынысты әскери бөлімдер (мекемелер) үшін жүргізіледі.

153. Көрсетілген құрамаларда қайтыс болған (қаза тапқан) қатардағы жауынгерлер мен сержанттар құрамының әскери қызметшілерін есепке алу қолданыстағы жалпы есепке алу картотекасынан алынатын осы Қағидаларға 62-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери қызметшінің әліпбилік карточкасынан (бұдан әрі – әліпбилік карточка) тұратын шығын картотекасы бойынша, ал офицерлер құрамының орны толmas шығынын есепке алу қызметтік картотекасынан алынған қызмет картасы бойынша жасалады.

Қайтыс болған (қаза тапқан) әскери қызметшілерге алынған қызметтік картаға және әліпбилік карточкаға қашан, қайда және қандай жағдайда қаза тапты немесе қайтыс болды, жерленген уақыты мен орны жазылады. Осы деректер қысқартылған қызмет картасында "Қызмет өткеру" бөлімінде, әліпбилік карточкада – 11-бағанда жазылады.

154. Госпитальдарда, жеке медициналық-санитариялық батальондарда (роталарда) және емдеу және емдеу-эвакуациялау мекемелерінде (әскери-санитариялық пойыздарда

, жылжымалы жедел жасақтарда, санитариялық-көлік және госпитальдық кемелерде) әскери қызметшілердің және азаматтық персонал адамдарының (жұмыскерлердің) орны толmas шығынын есепке алу:

- 1) ауыспалы құрамға – медициналық бөлімде (бөлімшеде);
- 2) тұрақты құрамға – емдеу мекемесінің персоналмен жұмыс бөлімшесінде атаулы тізім бойынша жүргізіледі.

Штатында медициналық бөлім (бөлімше) және персоналмен жұмыс бөлімшесі көзделмеген емдеу мекемелерінде орны толmas шығынды есепке алу емдеу мекемесі бастығының бұйрығымен тағайындалған адамдарға жүктеледі.

155. Емдеу мекемесінде қайтыс болған әскери қызметшілер мен азаматтық персонал адамдары (жұмыскерлер) қайтыс болған күні саптық бөлім бойынша бұйрықпен емдеу мекемесінің ауыспалы құрамы тізімінен шығарылады. Емдеу мекемесінің бұйрығы негізінде орны толmas шығынның атаулы тізімі жасалады, ал ЖӘБО қайтыс болғандар отбасының (туысқандарының) тұрғылықты мекенжайы бойынша хабарлама жібереді.

Орны толmas шығынның атаулы тізімі инстанция бойынша екі данада жоғарғы штабқа (ҚР ҚМ кадр органына және ҚР ҚК БШ ұйымдастыру-жұмылдыру органына) жіберіледі.

156. ЖӘБО осы бөлім (басқарма) әскерге шақырған қайтыс болған (қаза тапқан) әскери қызметшілерді, сондай-ақ отбасы осы аудандардың аумағында тұратын қайтыс болған (қаза тапқан) әскери қызметшілерді жеке есепке алынады. Есепке алу әскери бөлімдер (мекемелер) мен емдеу мекемелерінен түскен қайтыс болғаны (қаза тапқаны) туралы хабарлама және осы Қағидаларға 63-қосымшага сәйкес нысан бойынша әскери қызметшінің қайтыс болғаны (қаза тапқаны) туралы ЖӘБО хабарламасы негізінде жүргізіледі.

Сұрау салу (хат) бойынша анықтамалық жұмысты жүргізу және қайтыс болған және қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасына қайтыс болу (қаза табу) туралы хабарламаны тапсыруды бақылау үшін ЖӘБО офицерлер құрамына бөлек, қатардағы жауынгерлер мен сержанттар құрамына бөлек әскери қызметшілердің орны толmas шығыннын есепке алу және олардың отбасына зейнетақы тағайындаудың әліпбилік кітабы жүргізіледі.

157. Марштық бөлімше (команда) құрамында жол жүруде қайтыс болған (қаза тапқан) әскери қызметшілерге екі данада акті жасалады, оған марштық бөлімше (команда) командирі, эшелон (команда) бойынша кезекші мен дәрігер (фельдшер) қол қояды.

Актіде әрбір қайтыс болғанға (қаза тапқанға) қатысты:

- 1) тегі, аты және экесінің аты (болған кездे) (офицерлерге жеке нөмірі көрсетіледі);
- 2) әскери атағы;
- 3) лауазымы;
- 4) туған жылы мен жері, ұлты;

- 5) қашан, қандай ЖӘБО және қай облыстан әскерге шақырылғаны;
- 6) қайтыс болу (қаза табу) себебі, қашан және қайда қайтыс болғаны (қаза тапқаны);
- 7) қашан және қайда жерленгені немесе жерлеу үшін қайтыс болғанның (қаза тапқанның) мәйіті кімге берілгені;
- 8) қайтыс болғанның (қаза тапқанның) жеке заттары, құндылығы мен құжаттары;
- 9) жұбайының (зайыбының), әкесінің, анасының немесе басқа да туысының тегі, аты және әкесінің аты (болған кезде) және олардың мекенжайы көрсетіледі.

Актінің екінші данасы әскери госпитальдың бастығына, теміржол учаскесінің (станцияның, порттың, айлақтың) әскери коменданттына немесе азаматтық емдеу мекемесіне жерлеу үшін қайтыс болғанның (қаза тапқанның) мәйіті кімге берілгеніне байланысты беріледі. Емдеу мекемесінің немесе әскери комендатураның лауазымды адамдары қайтыс болғандардың (қаза тапқандардың) мәйітін беруді осы мекемелердің мөрімен қуәландырылған актінің бірінші данасына қолтаңба қоюмен жүргізеді.

Жол жүруде қайтыс болған (қаза тапқан) әскери қызметшінің мәйітін қабылдан алған әскери коменданттар мен емдеу мекемелерінің бастықтары оның жерленген орны туралы қайтыс болғанның (қаза тапқанның) отбасының тұрғылықты мекенжайы бойынша ЖӘБО-ға хабарлайды.

Актінің бірінші данасы марштық бөлімше (команда) әскери қызметшілерінің жалпы атаулы тізімімен бірге марштық бөлімше (команда) келген әскери бөлім (мекеме) және құрама штабына беріледі.

158. Марштық бөлімшелерді қабылдаған әскери бөлім (мекеме) және құрама штабы қайтыс болуы туралы акті негізінде жол жүруде қайтыс болған (қаза тапқан) әскери қызметшілерді жеке құрам бойынша бұйрықпен жеке құрам тізімінен шығарады және орны толмас шығын тізіміне қосады, ал қайтыс болғандардың (қаза тапқандардың) отбасының (туыстарының) тұрғылықты жері бойынша ЖӘБО қайтыс болғаны (қаза тапқаны) туралы хабарлама жібереді.

159. Корабльде жеткізілетін әскери бөлімдер (мекемелер) мен құрамалардың қайтыс болған (қаза тапқан) әскери қызметшілері әскери бөлімдер (мекемелер) мен құрамалар тізімінен шығарылады және корабльдің белгіленген пунктке келуі бойынша орны толмас шығынның кезекті атаулы тізіміне енгізіледі.

Жеткізілетін әскери бөлім (мекеме) және құрама штабы болған корабль апатқа ұшыраған жағдайда жедел-стратегиялық қолбасшылық штабының бастығы апатқа ұшыраған корабльде болған әскери қызметшілердің атаулы тізімін құрамына жеткізілетін әскери бөлім (мекеме) кіретін жедел қолбасшылықтың немесе жедел-стратегиялық қолбасшылықтың штабына дереу жібереді. Ілеспе хатта кеменің апатқа ұшырауының нақты орны, уақыты мен себебі, қайтыс болған (қаза тапқан) әскери қызметшілер және құтқарылған әскери қызметшілер көрсетіледі. Барлық қайтыс болған (қаза тапқан) әскери қызметшіні жедел қолбасшылық, жедел-стратегиялық қолбасшылық штабы орны толмас шығынның атаулы тізіміне енгізеді.

160. Жедел (жедел-стратегиялық) қолбасшылық басқармасында әскери басқару органы, әскери бөлім (мекеме) және құрамалар қатардағы жауынгерлер, сержанттар мен офицерлер құрамының, сондай-ақ азаматтық персонал адамдарының (жұмыскерлердің) орны толmas шығынын дербес есепке алу кадр органында (персоналмен жұмыс бөлімшесінде) және штабтың ұйымдастыру-жұмылдыру органында (шығынды дербес есепке алу бөлімінде) жүргізіледі.

Кадр органында (персоналмен жұмыс бөлімшесінде) қайтып оралмайтын офицерлерге қызметтік картотекасынан алынатын қызметтік (қысқартылған қызметтік) картасынан жасалатын шығын картотека жүргізіледі. Есепке алу тікелей бағыныстағы әскери бөлімдер (мекемелер) ұсынған орны шығынның атаулы тізімі негізінде, сондай-ақ қайтыс болған (қаза тапқан) офицерлерді тізімнен шығару туралы жеке құрам бойынша бұйрық негізінде жүргізіледі. Штабтың ұйымдастыру-жұмылдыру органында (шығынды дербес есепке алу бөлімінде) қайтып оралмайтын әскери қызметшілерді есепке алу әскери бөлімдерден (мекемелерден) алынған атаулы тізім бойынша жүргізіледі.

161. Әскер түрлері мен тектерінің кадр органында (персоналмен жұмыс бөлімшесінде) офицерлер құрамы әскери қызметшілерінің орны толmas шығынын дербес есепке алу бұйрық немесе жеке құрам бойынша бұйрықтан ұзіндінегізінде қайтыс болған (қаза тапқан) офицерлердің қызметтік картотекадан алынатын қызметтік картасы бойынша жүргізіледі.

162. ҚР ҚМ-да әскери қызметшілердің орны толmas шығынын жалпы есепке алушы ҚР ҚМ кадр органы және ҚР ҚҚ БШ ұйымдастыру-жұмылдыру органы:

1) офицерлер құрамын – қайтыс болған (қаза тапқан) генералдар мен офицерлердің қызметтік картотекасынан алынатын қызметтік карта бойынша және орны толmas шығынның атаулы тізімі негізінде жасалатын шығынды есепке алу карточкасы бойынша;

2) қатардағы жауынгерлер мен сержанттар құрамын, сондай-ақ азаматтық персонал адамдарын (жұмыскерлерді) – шығынды есепке алу карточкасы бойынша жүзеге асырады.

ҚР ҚМ кадр органына:

қатардағы жауынгерлер, сержанттар мен офицерлер құрамы әскери қызметшілерінің, сондай-ақ азаматтық персонал адамдарының (жұмыскерлердің) орны толmas шығынын дербес және сандық есепке алу;

кадр органында (персоналмен жұмыс бөлімшесінде) және ЖӘБО-да қатардағы жауынгерлер, сержанттар мен офицерлер құрамы әскери қызметшілерінің, сондай-ақ азаматтық персонал адамдарының (жұмыскерлердің) орны толmas шығынын дербес есепке алушың жай-күйін бақылау;

қайтыс болған (қаза тапқан) қатардағы жауынгерлер, сержанттар мен офицерлер құрамы әскери қызметшілерінің, сондай-ақ азаматтық персонал адамдарының (

жұмыскерлердің) жеке құрам тізімінен шығару туралы жеке құрам бойынша бүйрықты, орны толmas шығынның атаулы тізімін уақтылы ұсынуды, қайтыс болғаны (қаза тапқаны) туралы отбасын (туысқандарын) хабардар етуді бақылау;

ҚР ҚК-дан қайтып оралмайтын қатардағы жауынгерлер, сержанттар мен офицерлер құрамының әскери қызметшілері, сондай-ақ азаматтық персонал адамдары (жұмыскерлер) бойынша анықтамалық жұмысты жүргізу жүктеледі.

ҚР ҚК БШ ұйымдастыру-жұмылдыру органына:

ҚР ҚК қатардағы жауынгерлер, сержанттар мен офицерлер құрамы әскери қызметшілерінің, сондай-ақ азаматтық персонал адамдарының (жұмыскерлердің) орны толmas шығынын дербес есепке алу;

әскери бөлімдер (мекемелер), құрамалар штабының, бөлімдердің (бөлімшелердің) орны толmas шығынын дербес есепке алудың қатардағы жауынгерлер, сержанттар мен офицерлер құрамы әскери қызметшілерінің, сондай-ақ азаматтық персонал адамдарының (жұмыскерлердің) орны толmas шығынын дербес есепке бойынша атаулы тізімін уақтылы ұсынуын және ЖӘБО-ның қатардағы жауынгерлер, сержанттар мен офицерлер құрамы әскери қызметшілерінің, сондай-ақ азаматтық персонал адамдарының (жұмыскерлердің) қайтыс болуы (қаза табуы) туралы отбасына (туыстарына) хабарлауын бақылау;

қатардағы жауынгерлер, сержанттар мен офицерлер құрамы әскери қызметшілерінің, сондай-ақ азаматтық персонал адамдарының (жұмыскерлердің) орны толmas шығыны бойынша анықтамалық жұмысты жүргізу жүктеледі.

163. Жерлеуді ұйымдастыру үшін бөлінген лауазымды адам қайтыс болғандардан (қаза тапқандардан) табылған жеке басын куәландыратын құжаттар, жеке нөмірлі жетон, қызметтік куәлігі, әскери билеті мен жеке құжаттары негізінде әскери зиратта (бауырластар зиратында) жерленген жеке құрамның атаулы тізімін жасайды және жерлеу аяқталғаннан кейін оны әскери бөлім (мекеме) штабына тапсырады. Егер қайтыс болған (қаза тапқан) азаматтық персонал адамдарын (жұмыскерлерді) жерлеу әскери қызметшілерді жерлеумен бір уақытта жүргізілсе, онда жерленген барлық азаматтық персонал адамы (жұмыскер) әскери қызметшілерден кейін атаулы тізімге қосылады. Атаулы тізімге зираттар орналасқан жердің сызбасы және оның қысқаша сипаттамасы қоса беріледі. Көрсетілген тізім негізінде әскери бөлімдер (мекемелер) штабында бағынысты бөлімше командирлері ұсынған орны толmas шығын атаулы тізімінің дұрыс болуы тексеріледі, сондай-ақ тиісті есепке алу құжаттарында қайтыс болғандар (қаза тапқандар) туралы деректер жазылады. Әскери зиратта (бауырластар зиратында) жерленген жеке құрамның атаулы тізімі арнайы іске тігіледі.

164. Әскери зираттар, азаматтық зираттардың әскери участеклері, қайтыс болғандардың (қаза тапқандардың) бауырластар және жеке қабірлері әскери зиратта (бауырластар зиратында) жерленген жеке құрамның әскери бөлім (мекеме) штабында атаулы тізімімен бірге сакталатын ірі ауқымдағы топографиялық картага енгізіледі.

Генералдар мен полковнистердің зираттарының орындары, одан басқа жеке топографиялық картага енгізіледі, ол қайтыс болуы (қаза табуы) туралы хабарламамен бірге қайтыс болғанның (қаза тапқанның) отбасының (туыстарының) тұрғылықты мекенжайы бойынша ЖӘБО-ға жолданады.

165. Егер жерлеуді жүргізген лауазымды адам ұсынған жерленгендердің атаулы тізімінде басқа әскери бөлімдердің (мекемелердің) әскери қызметшілері бар болса, әскери бөлім (мекеме) командирі (бастығы) сол күні ол туралы олар жайында қолда бар мәліметтерді, сондай-ақ жерленген орны мен уақытын көрсетіп, тиісті әскери бөлім (мекеме) командирлеріне (бастықтарына) хабарлайды.

166. Танылмаған әскери қызметшілер зираттарының орындары әскери бөлім (мекеме) штабында ірі ауқымдағы жалпы топографиялық картага енгізіледі. Бұл ретте картада зират белгісінің сол жағына "Б" әрпі (белгісіз) жазылады. Егер зиратта бірнеше белгісіз әскери қызметші жерленген болса, онда "Б" әрпінің қасына санмен жерленгендердің саны көрсетіледі, мысалы: "Б"/2 (екі белгісіз әскери қызметші).

Зират басындағы ескерткіштің (обелискінің) бетіне әскери атағын, тегін, атын және әкесінің атын (болған кезде), туған жылды мен қайтыс болған (қаза тапқан) күнін көрсетіп, әрбір жерленген адам туралы жазу жазылады.

Белгісіз әскери қызметшілердің және әскери бөлімдер (мекемелер) азаматтық персонал адамдарының (жұмыскерлердің) жерленген орындары туралы мәліметтер ҚР ҚМ кадр органына және ҚР ҚК БШ ұйымдастыру-жұмылдыру органына жіберіледі.

167. Ресімделген зираттар мен қабірлер акт бойынша жергілікті билік органына немесе әскери комендантқа беріледі.

Актіде жерленген әрбір әскери қызметшінің әскери атағы, тегі, аты және әкесінің аты (болған кезде), туған жылды мен қайтыс болған (қаза тапқан) күні және әрбір зират пен қабірдің жағдайы көрсетіледі. Акт үш данада жасалады, оның біріншісі жерленгендердің атаулы тізімімен бірге әскери бөлім (мекеме) штабында сакталады, екіншісі зират пен қабірді қабылдаған жергілікті билік органының өкілдеріне немесе әскери комендантқа беріледі және үшіншісі зират немесе қабір орналасқан жер бойынша ЖӘБО-ға жолданады.

168. Саптық бөлім бойынша бұйрық негізінде әскери бөлімнің (мекеменің) әрбір қайтыс болған (қаза тапқан) әскери қызметшісіне, азаматтық персонал адамдарына (жұмыскерлерге) хабарлама жазылады және отбасының мекенжайы бойынша ЖӘБО-ға жіберіледі.

Хабарламаны қайтыс болғандардың (қаза тапқандардың) отбасына немесе туыстарына тікелей жіберу жүргізілмейді.

169. Қайтыс болғанның (қаза тапқанның) отбасының мекенжайы белгісіз немесе қайтыс болған (қаза тапқан) әскери қызметшілердің отбасы мен жақын туыстары болмаған жағдайда хабарлама қайтыс болған (қаза тапқан) әскери қызметші шақырылған орын бойынша ЖӘБО-ға жіберіледі. Қайтыс болғанның (қаза тапқанның)

отбасы тұратын немесе ол ҚР ҚҚ қатарына әскерге шақырылған аумақты қарсылас уақытша басып алу кезінде қатардағы жауынгерлер, сержанттар мен офицерлер құрамының әскери қызметшілеріне хабарлама оларды осы органдарға жіберу себебі туралы белгімен ҚР ҚМ кадр жұмысы органына және ҚР ҚҚ БШ ұйымдастыру-жұмылдыру органына жіберіледі.

Аумақты қарсыластың уақытша басып алудынан босатуға қарай осы органдар хабарламаны тиісті ЖӘБО-ға қайта жібереді. Хабарлама қайтыс болған (қаза тапқан) әскери қызметшіні, азаматтық персонал адамдарын (жұмыскерлерді) әскери бөлім (мекеме) тізімінен шығарған күні жіберіледі.

Офицерлердің қайтыс болғаны (қаза тапқаны) туралы жеткізілім соғыс уақытында жіберілмейді.

170. ЖӘБО әскери бөлімдерден (мекемелерден) алынған хабарлама негізінде жеті күнтізбелік күн мерзімінен кешіктірмей қайтыс болған (қаза тапқан) әскери қызметшілер мен азаматтық персонал адамдарының (жұмыскерлердің) отбасына осы Қағидаларға 64-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қайтыс болу (қаза табу) туралы хабарламаны табыс етеді.

Хабарламаны ЖӘБО-ның жауапты адамы немесе қайтыс болған (қаза тапқан) әскери қызметшінің, азаматтық персонал адамдарының (жұмыскерлердің) отбасының (туыстарының) мекенжайы бойынша жергілікті билік органының өкілі табыс етеді.

Егер ЖӘБО әскери бөлімдерден (мекемелерден) алынған әскери қызметшінің қайтыс болуы (қаза табуы) туралы хабарламаның дұрыс болуына күмәнданса, онда ЖӘБО алынған хабарламаның барлық дерегін толық нақтылауға шара қолдануға міндетті және тек оның дұрыс болуын растиған кезде хабарлама жазады және қайтыс болғаның (қаза тапқаның) отбасына немесе оның туыстарына табыс етеді. Хабарламаның дұрыс еместігі расталған жағдайда ол дереу орны толmas шығынды дербес есепке алу жөніндегі тиісті орталық органға жіберіледі. Бұл туралы бір уақытта хабарлама келген әскери бөлім (мекеме) командиріне (бастығына), құрама штабының бастығына немесе емдеу мекемесінің бастығына хабарланады.

171. Қайтыс болған (қаза тапқан) әскери қызметшінің, азаматтық персонал адамдарының (жұмыскерлердің) отбасы (туыстары) өздері тұратын ауданнан кетіп қалған жағдайда әскери бөлімнен (мекемеден) түскен әскери қызметшінің қайтыс болуы (қаза табуы) туралы хабарламасы қайтыс болғаның (қаза тапқаның) отбасының (туыстарының) жаңа мекенжайы бойынша ЖӘБО-ға қайта жіберіледі. Егер ЖӘБО-ға қайтыс болғаның (қаза тапқаның) отбасының (туыстарының) жаңа мекенжайы белгісіз болса және қабылданған шаралар нәтижесінде олардың мекенжайы белгілі болмаса, хабарламаны қайта жіберу себебі туралы белгімен орны толmas шығынды дербес есепке алу жөніндегі тиісті орталық органға жіберіледі.

172. ЖӘБО-ға бұдан бүрын алынған хабарламаға қандай да бір өзгеріс түскен кезде ЖӘБО бастығы есепке алу құжаттарына өзгеріс енгізеді, қайтыс болғаның (қаза

тапқанның) отбасына (туыстарына) бұл туралы хабарлайды, ал егер бұл өзгерістер зейнетақы төлеуге және белгіленген жәрдемақы алуға әкеп соқтырса, онда бұл туралы бір уақытта тиісті органдарға хабарлайды.

ЖӘБО-ға басқа ЖӘБО запастан жұмылдыру бойынша шақырған әскери қызметшілердің қайтыс болғаны (қаза тапқаны) туралы хабарлама түскен кезде ЖӘБО бастығы хабарламаның түсүі бойынша құнтізбелік бес күннен кешіктірмей әскери қызметшінің қайтыс болғаны (қаза тапқаны) туралы жеткізілім жібереді.

3-параграф. Тұтқыннан босатылған әскери қызметшілерді есепке алу

173. Тұтқыннан босатылған барлық әскери қызметші, сондай-ақ жеке қоршаудан шыққан жедел (жедел-стратегиялық) қолбасшылықтың жинау-жөнелту пунктіне жіберіледі.

174. Жинау-жөнелту пунктінде тұтқыннан босаған немесе қоршаудан шыққан әскери қызметшілердің әрбір тобына осы Қағидаларға 65-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада офицерлер құрамына жеке, қатардағы жауынгерлер мен сержанттар құрамының әскери қызметшілеріне жеке тұтқыннан босатылған (қоршаудан шыққан) әскери қызметшілердің атаулы тізімі жасалады.

Атаулы тізімнің бірінші данасы ҚР ҚМ кадр жұмысы органына ұсынылады. Қоршаудан шыққан әскери қызметшілердің атаулы тізімнің көшірмесі олардың қызмет орны бойынша әскери бөлімдер (мекемелер) штабына жіберіледі.

Тұтқыннан босатылған немесе қоршаудан шыққан әскери қызметшілер жинау-жөнелту пунктіне бара жатқан жолда немесе пунктте болу уақытында қайтыс болған (қаза тапқан) жағдайда осындай нысан бойынша бағандар (қайтыс болу (қаза табу) уақыты, себебі мен орны, қашан және қайда жерленді) қосып, оларға жеке атаулы тізім жасалады.

175. Жинау-жөнелту пункттерінің тұтқыннан босатылған немесе қоршаудан шыққан әскери қызметшілердің атаулы тізімінақтылы және дұрыс ұсынуын бақылауды жедел-стратегиялық (жедел) қолбасшылықтардың шығынды дербес есепке алу бөлімдерінің (бөлімшелерінің) бастықтары жүзеге асырады.

176. Шығынды орталық дербес есепке алу органы тұтқыннан босатылған (қоршаудан шыққан) әскери қызметшілердің атаулы тізімін алдысымен құнтізбелік бес күннен кешіктірмей осы әскери қызметшілердің отбасының (туыстарының) тұрғылықты мекенжайы бойынша ЖӘБО-ға олардың босатылғаны немесе қоршаудан шыққаны туралы хабарлайды.

Хабарламада:

- 1) әскери қызметшінің тегі, аты және әкесінің аты (болған кезде);
- 2) тұтқындауға (қоршаудан шыққанға) дейінгі әскери атағы;
- 3) тұтқындауға (қоршауға) алынғанға дейін атқарған лауазымы;
- 4) туған жылы;

- 5) қай ЖӘБО және қашан шақырылғаны (жұмылдырылғаны);
- 6) тұтқыннан (қоршаудан шыққан) қашан және қайда босатылғаны;
- 7) орналасқан жері;
- 8) анықтама үшін қайда өтініш жасайтын мекенжайы көрсетіледі.

177. ЖӘБО орталық шығынды дербес есепке алу органынан әскери қызметшілердің тұтқыннан босатылғаны (қоршаудан шыққаны) туралы хабарлама алсымен есепке алу құжаттарына қажетті өзгерістерді енгізеді және үш жұмыс күнінен кешіктірмей ауызша немесе жазбаша түрде бұл туралы тұтқыннан босатылған (қоршаудан шыққан) әскери қызметшінің отбасына (туыстарына) хабарлайды және бір мезгілде бұдан бұрын берілген хабарламаны жояды.

Әкімшілік-аумақтық бірлікке жататын өзге де ЖӘБО шақырған (жұмылдырыған) әскери қызметшілерге тұтқыннан босатылғаны (қоршаудан шыққаны) туралы хабарлама алған кезде бес жұмыс күнінен кешіктірмей ол туралы осы әскери қызметшілер шақырылған (жұмылдырылған) орын бойынша тиісті ЖӘБО-ға хабарлайды.

4-тaraу. Есепке алу құжаттарын сақтау және жіберу

178. Жеке іс есепке алынатын жеке іс санына байланысты жалпы нөмірлеу немесе әліпби бойынша жеке істі есепке алу кітабында есепке алынады. Жеке істі әліпби бойынша есепке алу кезінде жеке іс есепке алынған нөмірге әліпби әрпі қосылады. Кітаптағы жазба жеке істі қабылдаған, жасаған немесе таратқан күні жүргізіледі.

Жеке іс офицерлер құрамының әскери қызметшілері мен қатардағы жауынгерлер мен сержанттар құрамының әскери қызметшілеріне жеке сақталады.

Кадр органында (персоналмен жұмыс бөлімшесінде) жеке іс кітап бойынша олар есепке алынған нөмір ретімен немесе әліпбелік ретпен сақталады. Нөмірі бойынша сақтау кезінде жеке істі есепке алу осы Қағидаларға 66-қосымшага сәйкес нысан бойынша жеке істі есепке алудыңәліпбелік карточкасынан жасалатын қосалқы картотека жүргізіледі. Есептен шыққан әскери қызметшілердің әліпбелік карточкасында қашан, кімге және қандай нөмірмен жеке ісі жіберілгені жазылады, одан кейін карточка анықтама картотекасына ауыстырылады.

179. Есепке алу кітабы әскери бөлімдердің (мекемелердің) нақты, сондай-ақ шартты атауы бойынша да жүргізуі мүмкін. Кітақа қупиялылық белгісі, олардың мазмұны негізінде құпияландырылуға жататын мәліметтердің ведомстволық тізбесіне сәйкес беріледі.

180. Кеткен әскери қызметшілерге қызметтік картасы жіберілмейді және жойылмайды, мұрағаттық картотекаға ауыстырылады.

Анықтамалық картотекада қызметтік картаны сақтаудың белгіленген мерзімі аяқталған немесе кадр органы (персоналмен жұмыс бөлімшесі) таратылған кезде бұл карта одан әрі сақтау үшін Орталық мұрағатқа беріледі.

181. Штаттық-лауазымдық карта әскери бөлімдердің (мекемелердің) накты және шартты атавы бойынша жүргізіледі. Бұл ретте мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді құрайтын штаттық-лауазымдық карта құпия іс жүргізудің көбейтуді есепке алу журналында алдын ала тіркелмейді.

Штаттық-лауазымдық карта осы Қағидаларға 67-қосымшага сәйкес нысан бойынша штаттық-лауазымдық картаны есепке алу кітабында ұдемелі ретпен есепке алынады.

Барлық штаттық-лауазымдық карта, оларды шектеулі дәрежесіне қарамастан, бір есепке алу кітабында есепке алынады. Реттік нөмір штаттық-лауазымдық картаның есепке алынған нөмірі болып табылады, ол жүргізілетін реттік нөмірі мен әскери бөлім (мекеме) нөмірінен тұрады. Алып тасталған лауазым бойынша карта нөмірі жаңадан жазылған картага пайдаланылмайды.

"Құпия" құпиялышың белгісі бар штаттық-лауазымдық карта бар болған кезде кітап құпия іс жүргізу номенклатурасында есепке алынады.

182. Есепке алу кітабына әскери қызметшілерге алынған немесе жаңа жасалған есепке алу құжаттары туралы жазба, сондай-ақ оларды жіберу немесе жою туралы белгі құжаттарды алған, жасаған, жіберген немесе жойған күні жасалады.

183. Әскери қызметшілерді дербес есепке алу құжаттары (жеке ісі):

1) өкімге іссапарға жіберу кезінде – өкіміне қатардағы жауынгерлер, сержанттар мен офицерлер құрамының әскери қызметшілері қосылған инстанциялардың кадр органына (персоналмен жұмыс бөлімшесіне);

2) лауазымға тағайындау кезінде жеке істің бірінші данасы – жаңа қызмет орны бойынша әскери бөлімдер (мекемелер) штабына, екінші данасы (офицерлерге) – Тізбеке сәйкес кадр органына (персоналмен жұмыс бөлімшесіне);

3) атқарып отырган лауазымынан босатып, оқуға кеткен кезде – тиісті әскери оқу орындарына;

4) әскери оқу орнын аяқтағаннан кейін жеке іс пен қызметтік карта – келісімшарт бойынша қатардағы жауынгерлер, сержанттар мен офицерлер құрамының әскери қызметшілерін тағайындау орнына (өкіміне қабылдауға) байланысты әскери басқару органының кадр органына (персоналмен жұмыс бөлімшесіне);

5) Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына іссапарға жіберген кезде жеке істің бірінші және екінші данасы – олардың кадр органына (персоналмен жұмыс бөлімшесіне);

6) мемлекеттік органдарға іссапарға жіберген кезде:

жеке істің бірінші данасы – ҚР ҚМ кадр органының нұсқауы бойынша тиісті ұйымдарға;

жеке істің екінші данасы – ҚР ҚМ кадр жұмысы органына;

7) офицерлерді әскери кеңесшілер мен мамандар ретінде шетелге жіберу кезінде:

жеке істің бірінші данасы, медициналық және ұшу кітапшасы ҚР ҚМ кадр жұмысы органына жіберіледі;

жеке істің екінші данасы офицерлер бұдан бұрын есепте тұрған әскери басқару органының кадр органында (персоналмен жұмыс бөлімшесінде) сақталады.

184. Дербес есепке алу құжаттарын жіберу тек жіберудің себебі көрсетілген ілеспе хат арқылы мынадай мерзімде жүргізіледі:

1) әскери бөлімдерден (мекемелерден) ауысқан, босатылған және тізімнен шығарылған әскери қызметшілерге – жеке құрам тізімінен шығару туралы бұйрықтан үзінді алынғаннан кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей;

2) кадр органынан (персоналмен жұмыс бөлімшесінен) – жаңадан тағайындалуы туралы жеке құрам бойынша бұйрықтан үзінді алынғаннан кейін жеті жұмыс күнінен кешіктірмей.

185. Әскери қызметтен теріс себеп бойынша шығарылған әскери қызметшілерге әскери бөлім тізімінен шығарылғаннан кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей кадр органы (персоналмен жұмыс бөлімшесі) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнаулы есепке алу комитетінің басқармасына Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2001 жылғы 29 сәуірдегі № 39 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік қызметтен жағымсыз себеппен шығарылған адамдарды есепке алу ісін жүргізу және пайдалану қағидаларының 1-қосымшасына сәйкес 1-ЖС нысаны бойынша (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6986 болып тіркелді) мемлекеттік қызметтен босатылған адамдардың карточкасын жолдайды.

186. Әскери қызметтен босатылған әскери қызметшілердің нұсқамасында олардың жеке ісі қашан және қандай ЖӘБО-ға жіберілгені немесе олардың қайда жіберілетіні көрсетіледі.

187. Алғашқы офицер атағын беріп, әскери оқу орындарын бітірген әскери қызметшілердің есепке алу құжаттары:

1) жеке ісі (екі данасы да) – бітірушілер әскери қызмет өткеру үшін жіберілген әскери бөлімдерге (мекемелерге);

2) қызметтік картасы үш данада жасалады: бірінші данасы – ҚР ҚМ кадр жұмысы органына, екінші және үшінші данасы – офицер-бітірушілердің тағайындалуы бойынша әскери бөлімдерге (мекемелерге) жіберіледі.

188. Қатардағы жауынгерлер, сержанттар мен офицерлер құрамының әскери қызметшілері запасқа немесе отставкаға шығарылған кезде зейнетақы төлеміне құқығының болуын растиған әскери қызметшілердің жеке ісінің бірінші данасы ЗКО-ға жіберіледі, ал екінші данасы – әскери қызметшіні әскери есепке қою жері бойынша ЖӘБО-ға жіберіледі.

Зейнетақы төлеміне құқығы жоқ әскери қызметшілердің жеке ісінің барлық данасы әскери қызметшіні әскери есепке қою жері бойынша ЖӘБО-ға жіберіледі.

Жеке істе ҚР ҚК қызмет өткергенін растиған туралы, оның ішінде зейнетақы тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарын жеңілдікпен есептеуге құқық беретін

қызмет өткөргені және еңбек сіңірген жылдарына жүргізілген есеп туралы жазба жасалады.

Әскери қызметшілер шығару туралы бұйрықта көрсетілген басқа да ЖӘБО-ға есепке тұруға кеткен жағдайда жеке ісі әскери қызметшілер нақты кеткен ЖӘБО-ға жіберіледі. Бұл ретте жеке істің екінші данасын дұрыс жіберу үшін кадр органы немесе жасақтау бөлімшесі (персоналмен жұмыс бөлімшесі) жеке істің екінші данасын жүргізетін тиісті кадр органына немесе жасақтау бөлімшесіне (персоналмен жұмыс бөлімшесіне) нақты әскери есепке қою орны туралы дереу хабарлауға міндетті.

Әскери қызметшілер әскери есепке тұру үшін жақын шетелдің әскери басқару органына жіберілуге тиіс болған жағдайда олардың жеке ісінің бірінші данасын көрсетілген басқару органына ҚР ҚМ кадр органы жібереді.

189. Әскери қызметшілерді есепке алу құжаттары:

1) қайтыс болғандардың (қаза тапқандардың), хабарсыз кеткендердің жеке ісінің бірінші данасы – қайтыс болғандардың (қаза тапқандардың), хабарсыз кеткендер отбасының тұрғылықты мекенжайы бойынша ЖӘБО-ға, жеке ісінің екінші данасы – Орталық мұрағатқа;

2) бостандығынан айыруға сотталған әскери қызметшілердің жеке ісінің барлық данасы Орталық мұрағатқа;

3) әскери атағтарынан айырылған әскери қызметшілердің жеке ісінің барлық данасы әскери есепке қою орны бойынша ЖӘБО-ға жіберіледі.

190. Бір әскери бөлімнен (мекемeden) басқасына ауысқан кезде әскери қызметшілердің жеке ісі жаңа қызмет орны бойынша әскери бөлімге (мекемеге) тікелей жіберіледі.

191. Әскери бөлімдер (мекемелер) штабының бастықтары, кадр органының (персоналмен жұмыс бөлімшесінің) бастықтары кеткен әскери қызметшілердің есепке алу құжаттарының уақтылы жіберілуін және дұрыс ресімделуін ұдайы бақылауды жүзеге асырады және келген әскери қызметшілердің есепке алу құжаттарын уақтылы алуға шаралар қабылдайды.

5-тaraу. Қазақстан Республикасы Қарулы Құштері қатардағы жауынгерлер мен сержанттар құрамының әскери қызметшілерін есепке алу және құжаттарын ресімдеу

1-параграф. Жас буынды әскерге шақыру кезінде құжаттарды ресімдеу

192. ҚР ҚК-ныжас буынмен жасақтау әскери басқару органы ҚР ҚК БШ ұйымдастыру-жұмылдыру органына ұсынатын жеке құрамның саны туралы есептернегізінде жүргізіледі.

193. ҚР ҚК БШ ұйымдастыру-жұмылдыру органы жыл сайын қаңтардажәне шілдеде осы Қағидаларға 68-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ҚР ҚК жас буынның

қажеттілік есебін жасайды, жас буынды әскерге шақыруға қорғаныс істері жөніндегі департаменттерге алдын ала нарядтар жібереді.

194. Қорғаныс істері жөніндегі департаменттер алынған наряд негізінде шақырылышыларды алдын ала іріктеуді жүргізеді және ағымдағы жылғы 25 ақпанда және 25 тамызда ҚР ҚК БШ ұйымдастыру-жұмылдыру органына іріктелген әскерге шақырылышылардың саны туралы есеп ұсынады.

195. Әскери басқару органы жас буынды әскери бөлімдер (мекемелер) бойынша бөлу есебін жасайды және ағымдағы жылғы 25 ақпанда және 25 тамызда ҚР ҚК БШ ұйымдастыру-жұмылдыру жұмысы органына есеп және жас буынға өтінім ұсынады.

196. ҚР ҚК БШ ұйымдастыру-жұмылдыру органы алынған өтінім, есеп және әскери басқару органы және қорғаныс істері жөніндегі департаменттер ұсынған есеп негізінде наурызда және қыркүйекте:

1) осы Қағидаларға 69-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ҚР ҚК-ны кіші мамандармен және жас буынмен жасақтау жоспарын;

2) осы Қағидаларға 70-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтарды Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына мерзімді әскери қызметке әскерге шақыру жоспарын;

3) осы Қағидаларға 71-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ҚР ҚК оқу-жаттығу орталықтарының (бөлімшелерінің) кіші мамандарын бөлу есебін;

4) осы Қағидаларға 72-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ҚР ҚК оқу-жаттығу орталықтарының (бөлімшелерінің) кіші мамандарын даярлау есебін;

5) осы Қағидаларға 73-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ҚР ҚК-ға әскерге шақырылатын жас буынды жеткізужоспарын жасайды.

ҚР ҚК кіші мамандармен және жас буынмен жасақтау жоспары Қорғаныс министрінің жетекшілік ететін орынбасарымен немесе Бас штаб бастығының жетекшілік ететін орынбасарымен келісіледі және оны Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – ҚР ҚК БШ бастығы бекітеді.

Кіші мамандарды бөлу есебі мен кіші мамандарды даярлау есебін ҚР ҚК БШ ұйымдастыру-жұмылдыруорганының бастығы бекітеді.

Жас буынды жеткізу жоспарын Қорғаныс министрінің әскери тасымалдау мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары бекітеді.

Осы құжаттардан үзінді әскери басқару органына жеткізіледі.

197. Әскери басқару органы алынған жоспардан үзінді мен есеп негізінде:

1) кіші мамандарды бөлу есебін;

2) жас буын мен кіші мамандарға команда жетекшілерін жіберу есебін жасайды.

198. Жас буынды қабылдау және онымен бірге жүру үшін жас буынды жеткізу кезінде ұйымшылдық пен тәртіпті қамтамасыз ететін әскери қызметшілер мынадай есептен тағайындалады:

20-ға дейінгі әскерге шақырылышыға – офицерлер құрамының 1 әскери қызметшісі;

20 – 50 дейінгі әскерге шақырылушыға – офицерлер құрамының 1 әскери қызметшісі, қатардағы жауынгерлер мен сержанттар құрамының 1 келісімшарт бойынша әскери қызметшісі;

50-ден астам әскерге шақырылушыға – офицерлер құрамының 2 әскери қызметшісі, қатардағы жауынгерлер мен сержанттар құрамының 1 келісімшарт бойынша әскери қызметшісі.

Жас буынды қабылдауға және оларды ертіп жүрге тағайындалғанжеке құрам облыстық жиын пункттеріне олардың келу есебінен командаларды жібергенге дейін үш тәулікбұрын жіберіледі.

Команда жетекшілерінде өзімен бірге:

- 1) жеке басын куәландыратын құжаттар;
- 2) іссапар күәлігі;
- 3) әскери бөлімнен (мекемeden) жас буынды қабылдауға әскери бөлім (мекеме) командирі (бастығы) қол қойған сенімхат;
- 4) алынатын командаға медициналық кітапша бланкісі;
- 5) әскери команданы жеткізугемаршрут парагы болуы қажет.

199. Келген жас буынды қабылдау үшін әскери бөлім (мекеме) командирлерінің (бастықтарының) бұйрығымен келген жас буынды қабылдауды, орналастыруды және оны материалдық-тұрмыстық жағдаймен қамтамасыз ететін жас буын жиынының әкімшілігі құрылады.

Жас буын жиыны әкімшілігінің жұмысын ұйымдастыру үшін әскери бөлім (мекеме) командирлерінің (бастықтарының) бұйрығымен:

- 1) жас буын жиыны әкімшілігінің бастығы;
- 2) тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасары;
- 3) бөлімше командирлері, сондай-ақ олардың қызметтік міндеттерін айқындалап, медицина персоналының қажетті саны тағайындалады.

Жиын әкімшілігінің жеке құрамына:

келген жас буынды күтіп алу және орналастыру;
материалдық-тұрмыстық және медициналық қамтамасыз ету;
санитариялық өндеуді және медициналық тексеруді жүргізу;
киім-кешек беру және дәлдеп пішу;

тәрбие және идеологиялық жұмыс, жауынгерлік және мемлекеттік-құқықтық даярлық бойынша сабак пен жаппай мәдени іс-шаралар өткізу;

әлеуметтік-психологиялық, моральдық және кәсіби қасиеттерін зерделеу;
жарғылық тәртіпті және әскери тәртіпті ұстау жүктеледі.

200. Медициналық қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидаларын және әскери-дәрігерлік сараптама комиссиялары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы

№ 716 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21869 болып тіркелген) сәйкес жүргізіледі.

201. Жас буынды әскери бөлімдер (мекемелер) бойынша бөлу әскерге шақырылышылар алған мамандықтар туралы есептік-қызметтік карточкада бар белгіге сәйкес әр әскери бөлімдердің (мекемелердің) қажеттілік есебін ескеріп, бөлу есебі негізінде жүзеге асырылады.

Көлік құралын жүргізу құқығы берілген куәлігі бар адамдар олардың машина маркалары, типтері бойынша даярлығы мен практикалық жүргізу өтілін ескеріп бөлінеді.

202. Мерзімді әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерді аудыстыру:

ҚР ҚҚ түрлері ішінде – әскер түрі бас қолбасшысының өкімімен;

ҚР ҚҚ түрлері, бас басқармалары, ҚР ҚМ және ҚР ҚҚ БШ орталық бағыныстағы бөлімдері арасында – ҚР ҚҚ БШ ұйымдастыру-жұмылдыру органды бастығының өкімімен;

Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына – мемлекеттік органдар бірінші басшыларының келісімі бойынша ҚР ҚМ өкімімен жүргізіледі.

2-параграф. Мерзімді әскери қызмет әскери қызметшілерін запасқа шығару кезінде құжаттарды ресімдеу

203. Заңмен белгіленген мерзімді өткерген мерзімді әскери қызмет әскери қызметшілерін запасқа шығаруды әскери бөлім (мекеме) командирі (бастығы) жыл сайынғы әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығының және ҚР ҚМ бұйрығы негізінде жүргізеді. Запасқа шығару Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – ҚР ҚҚ БШ бастығының бұйрығында айқындалады.

204. Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – ҚР ҚҚ БШ бастығының кезекті шығаруды жүргізу туралы бұйрығын алдысымен әскери бөлімдер (мекемелер) әскери қызметшілерді запасқа шығару жоспарларын жасайды, онда:

- 1) запасқа шығарылуға тиісті әскери қызметшілердің саны;
- 2) босатуды жүргізу және запасқа шығарылатын әскери қызметшілерді аудыстыратын жас буынның келу кезеңінде әскери бөлімдердің (мекемелердің) жауынгерлік әзіrlігін қамтамасыз етуді ескеріп, шығару мерзімі;
- 3) запасқа шығарылған әскери қызметшілерді ұйымдастқан түрде жіберуді қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар;

4) запасқа шығарылатын мерзімді әскери қызмет әскери қызметшілері арасында оларды келісімшарт бойынша әскери қызметке айқындау жөнінде үгіт-насихат жұмысын жүргізу айқындалады.

205. Запасқа шығарылатын мерзімді әскери қызмет әскери қызметшілері тұрғылықты жері бойынша ЖӘБО-ға жіберіледі.

Запасқа шығарылған адамдарды тұрғылықты жерден тыс жіберу тек олардың отбасының тұрғылықты жерінің өзгергені құжаттамалық расталған жағдайда жол беріледі.

Шығарылғандарға жол жүруде әскери тәртіпті қатаң сақтау қажеттігі түсіндіріледі. Шығарылғандар тұрғылықты жеріне келгеннен кейін тұрақты (уақытша тұру) орны бойынша ЖӘБО-ға әскери есепке қою үшін жеті жұмыс күні ішінде Мемлекеттік корпорацияға баруға тиіс.

206. Запасқа шығарылатындардың қолына мынадай құжаттар беріледі:

- 1) әскери билет;
- 2) есептік-қызметтік карточка;
- 3) нұсқама;
- 4) қызметтік мінездеме;

5) барлық қызмет кезеңіндегі негізгі аурудың ағымы сипатталған медициналық мінездеме, әскери-дәрігерлік комиссияның куәландауры, дene дамуының өзгеруі және динамикалық бақылау нәтижесі, медициналық есепке алу бойынша медициналық сипаттағы нұсқама немесе тұрақты тұрғылықты жеріне келуі бойынша емдеу іс-шараларын ұйымдастыру жазылады;

- 6) әскери-тасымалдау құжаттары;
- 7) азық-түлік үлесі.

207. Әскери бөлімдер (мекемелер) штабының бастықтары шығарылуға дейінгі 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей запасқа шығарылатын әскери қызметшілердің құжаттарының болуын және олардың дұрыс толтырылуын өзі тексереді.

Запасқа шығарар алдында әскери қызметшілерге олар үшін қолданыстағы заңнамамен көзделген жеңілдік пен артықшылық түсіндіріледі.

208. Мерзімді әскери қызмет әскери қызметшісін деңсаулық жағдайы бойынша запасқа мерзімінен бұрын шығаруды ҚР ҚМ Орталық әскери-дәрігерлік комиссиясы бекіткен әскери-дәрігерлік комиссия қорытындысы негізінде әскери бөлім (мекеме) командирлері (бастықтары) жүргізеді. Бұл ретте ҚР ҚМ Орталық әскери-дәрігерлік комиссиясының бастығы бекіткен сырқаты туралы куәлік әскери бөлімге (мекемеге) жіберіледі.

209. Мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшіні отбасы жағдайы бойынша запасқа мерзімінен бұрын шығару ЖӘБО жүргізген әскери қызметші отбасының отбасылық-муліктік жағдайын тексеру актісі негізінде әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) бұйрығымен жүргізіледі.

Ескерту. 209-тармақ жаңа редакцияда – КР Қорғаныс министрінің 01.07.2025 № 769 бүйрығымен.

210. Отбасы жағдайы бойынша әскери қызметшіні запасқа мерзімінен бұрын босату туралы туыстарынан өтініш түсken кезде ЖӘБО бастығы құрамында ЖӘБО, аудандық (қалалық) әкімдік пен қоғамдық өкілдері бар комиссия құруға міндettі, ол 10 жұмыс күні ішінде әскери қызметшінің отбасы жағдайын мұқият тексеруге және отбасы-муліктік жағдайын тексеру актілерін жасауға міндettі.

Акт 2 данада жасалады және барлық комиссия мүшесі қол қояды. Актінің бірінші данасы ЖӘБО бастығының қорытындысымен және растайтын құжаттармен қорғаныс істері жөніндегі департаменттің бастығына қарауға, ал екінші данасы қорғаныс істері жөніндегі бөлімде (басқармада) қалады.

Корғаныс істері жөніндегі департаменттің бастығы түсken әскери қызметшіні запасқа мерзімінен бұрын шығару туралы материалды үш жұмыс күні ішінде қарауға міндettі және заңды негіздер бар болған кезде отбасы жағдайы бойынша әскери қызметшіні запасқа мерзімінен бұрын шығару қажеттігі туралы өзінің қорытындысын КР ҚК БШ ұйымдастыру-жұмылдыру органына жіберуге міндettі.

Әскери қызметшіні отбасы жағдайы бойынша запасқа мерзімінен бұрын шығару туралы КР ҚМ бүйрығынан алынған үзінді негізінде әскери бөлім (мекеме) командирі (бастығы) өз бүйрығымен әскери қызметшіні әскери бөлім (мекеме) тізімінен шығарады және әскери есепке алу үшін ЖӘБО-ға жібереді.

Әскери қызметшіні отбасы жағдайы бойынша запасқа мерзімінен бұрын шығару туралы негіз жоқ болған кезде қорғаныс істері жөніндегі департаменттің бастығы өтініш берушіге әскери қызметшіні запасқа мерзімінен бұрын шығарудан бас тарту себебін хабарлауға міндettі, сондай-ақ ол туралы әскери бөлім (мекеме) командирін (бастығын) және әскери қызметшінің отбасы жағдайына тексеру жүргізген ЖӘБО бастығын хабардар етуге тиіс.

Әскери бөлім (мекеме) командирі (бастығы) З жұмыс күні ішінде қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығынан түсken материалдарды қарап, олармен әскери қызметшіні таныстырады. Әскери қызметші қол қойған, командирдің (бастықтың) қолымен және әскери бөлім (мекеме) мөртаңбасымен куәландырылған әскери қызметшінің отбасының отбасылық-муліктік жағдайын тексеру актісіне белгі жасайды. Содан кейін акт отбасы жағдайын тексеруді жүргізген қорғаныс істері жөніндегі департаментке жіберіледі.

3-параграф. Қатардағы жауынгерлер мен сержанттар құрамының келісімшарт бойынша әскери қызметшілерін ауыстыру және тағайындау, шығару, әскери атақ беру және келісімшарт жасау кезінде құжаттарды ресімдеу

211. Ауыстыру және тағайындау, шығару, әскери атақ беру және келісімшарт жасау "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери

"құралымдарында әскери қызмет өткери қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 мамырдағы № 124 Жарлығына сәйкес Тізбеке сай әскери бөлім (мекеме) командирлерінің (бастықтарының) бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

Ауыстыру және тағайындау кезінде мынадай құжаттар ұсынылады:

әскери қызметші өз қолымен жазған және өзі қойған лауазымы көрсетілген баянат (түпнұсқа), әскери қызметшінің төмен лауазымға ауысуы жағдайында баянатта оның келіскең немесе келіспегені жазылуға тиіс;

ұсыным;

үәкілетті органның бірінші басшысының шешімі бойынша үш жылда бір рет өткізілетін аттестаттау комиссиясының шешімі (тек жоғарғы лауазымға тағайындаған кезде);

әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) штат бойынша лауазымын және әскери атағын, егер лауазым мемлекеттік құпияларға рұқсаттама көзделген болса рұқсаттама нысанын (түпнұсқа), сондай-ақ көтерме жәрдемақысы төлемі үшін жоспарланған қаражаттың болуын көрсетіп, әскери қызметшіні қабылдау туралы қолдаухаты;

Қосымша ұсынылады:

денсаулық жағдайы бойынша – әскери-дәрігерлік комиссия қорытындысы;

отбасы жағдайы бойынша – отбасылық-мұліктік жағдайын тексеру актісі;

әскери қызметшіні Десанттық-шабуылдау әскеріне және арнайы мақсаттағы әскери бөлімдерге ауысқан кезде әскери-дәрігерлік комиссия қорытындысы.

Баянат немесе ауыстыру жоспары негіз болған жағдайда қосымша мыналар ұсынылады:

әскери қызмет өткеруі туралы анықтама (әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) мөртаңбасымен қуәландырылған);

мемлекеттік құпияларға рұқсаттаманың болуы немесе болмауы туралы анықтама;

әскери қызметшіні төмен лауазымға ауыстыру кезінде оның келісуі немесе келіспеуі көрсетілген баянат немесе аттестаттау комиссиясының хаттамасынан үзінді;

әскери қызметшіні жоғарғы лауазымға ауыстыру кезінде үәкілетті органның бірінші басшысының шешімі бойынша үш жылда бір рет өткізілетін аттестаттау комиссиясының шешімі.

Шығару кезінде мынадай құжаттар ұсынылады:

әскери қызметші өз қолымен жазған және өзі қолын қойған баянат (түпнұсқа), теріс себеп бойынша және арнайы тексеруді жүргізуден бас тарту бойынша босатылу жағдайын есепке алмағанда;

ұсыным;

аттестаттау комиссиясының шешімі;

қызметтік карточканың көшірмесі (әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) мөртаңбасымен куәландырылған);

сұхбаттасу параграфы.

Қосымша ұсынылады:

денсаулық жағдайы бойынша – әскери-дәрігерлік комиссия қорытындысы;

теріс себеп бойынша – қызметтік тексеру материалдары;

басқа мемлекеттік органдарға аудиосуна байланысты – мемлекеттік қызметшінің лауазымы көрсетілген мемлекеттік қызметке әскери қызметшіні қабылдау туралы мемлекеттік органның (мекеменің) жазбаша хабарландыруы.

Кезекті әскери атақ беру кезінде:

ұсыным;

қызметтік карточканың көшірмесі;

әскери атақты мерзімінен бұрын беру кезінде – аттестаттау комиссиясының шешімі.

Әскери қызметті өткеру туралы келісімшарт жасау кезінде:

әскери қызметші өз қолымен жазған және өзі қолын қойған баянат (түпнұсқа);

ұсыным;

аттестаттау комиссиясының шешімі;

қызметтік карточканың көшірмесі (әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) мөртаңбасымен куәландырылған).

Әскери қызметте болудың шекті жасына жеткен әскери қызметшілермен келісімшарт жасау кезінде қосымша:

әскери-дәрігерлік комиссия қорытындысы;

қызметтік мінездеме ұсынылады.

Жеке деректер (тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), ұлты, туған күні) өзгерген жағдайда:

әскери қызметші өз қолымен жазған және өзі қолын қойған баянат (түпнұсқа);

растайтын құжаттың көшірмесі ұсынылады.

6-тарау. Жеке құрам бойынша бұйрықты есепке алу және ресімдеу

1-параграф. Жеке құрам бойынша бұйрық шығару, есепке алу және тарату

212. Жеке құрам бойынша бұйрық қатардағы жауынгерлер, сержанттар мен офицерлер құрамы әскери қызметшілерінің қызметтік жағдайын айқындайтын негізгі құжаттар болып табылады. Олар уәкілетті органның бірінші басшысы бекіткен Тізбеке сәйкес шығарылады. Жеке құрам бойынша бұйрық әр санат бойынша бөлек шығарылады жеке нөмірі болады.

213. Жеке құрам бойынша бұйрықта әскери қызметшілердің қызметтік жағдайында мынадай өзгерістер ресімделеді:

1) әскери атақ беру және одан айыру, әскери атағын төмендету және қалпына келтіру;

2) штаттық лауазымға тағайындау (оның ішінде лауазым атауының әскери-есептік мамандығының, штаттық-лауазымдық санатының өзгеруі), қызметі бойынша ауысу, сондай-ақ өкімге қабылдау, офицер құрамының лауазымына қатардағы жауынгер мен сержант құрамында келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерді, азаматтық персонал адамдарын (жұмыскерлерді) уақытша тағайындау (босату);

3) әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт жасау;

4) әскери оқу орындарына магистранттар, докторанттар мен адъюнктер ретінде қабылдау, әскери оқу орындары мен адъюнктураны аяқтау;

5) запастан әскери қызметке айқындау;

6) әскерге шақыру бойынша әскери қызметшілерді келісімшарт бойынша әскери қызметке айқындау;

7) әскери қызметтен шығару;

8) әскери қызметте қалдырып, мемлекеттік органдар мен ұйымдарға іссапарға жіберу;

9) Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызметін одан әрі өткеру үшін ҚР ҚҚ іссапарға жіберу және Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарынан ҚР ҚҚ-ға қосу;

10) әртүрлі себеп бойынша (қайтыс болу (қаза табу), әскери атақтан айыру, әскери қызметтен босату) ҚР ҚҚ қатардағы жауынгерлер, сержанттар мен офицерлер құрамының тізімінен шығару;

11) әскери бөлім (мекеме) нақты атауының өзгеруіне байланысты лауазымдық жағдайы;

12) шартты атауын өзгерту кезінде офицерлер лауазымға шартты атау бойынша тағайындалатын режимдік бөлімдер бойынша жеке құрам бойынша бұйрықпен тек әскери басқару органы басқармасы офицерлерінің лауазымдық жағдайы хабарланады;

13) әскери қызметшілер тегінің, атының әкесінің атының (болған кезде), туған күнінің және ұлтының өзгеруі.

Ескерту. 213-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қорғаныс министрінің 01.07.2025 № 769 бұйрығымен.

214. Әскери бөлімнің (мекеменің) нақты атауына өзгеріс енгізілген кезде, сондай-ақ бөлімшенің бұрынғы атауын алу және (бөлімшені штаттан алмай) жаңа атауы қосылған кезде жеке құрам бойынша бұйрық шығармай әскери қызметшілерді дербес және штаттық-лауазымдық есепке алу құжаттарына жазба жасау жолымен тиісті өзгерістер енгізіледі.

Әскери-есептік мамандығы немесе штаттық-лауазымдық санаты өзгертілмей штаттан алумен және штатқа қосумен лауазым атауы өзгертілген кезде әскери

қызметшілерді тағайындау Тізбеге қарамастан, командирлердің (бастықтардың) жеке құрам бойынша бүйрекшімен жүзеге асырылады.

215. Эскери оқу орындарын бітірушілерге офицерлер құрамының алғашқы әскери атағын беру туралы, запастағы офицерлерді екі жылға шақыру туралы, келісімшарт бойынша әскери қызметке қабылдау туралы ҚР ҚМ бүйрекші шыққаннан кейін осы офицерлерді әскери бөлім (мекеме) командирлерінің (бастықтарының) өкіміне қабылдау туралы кейінгі бүйрек шығарылмайды. Оларды офицерлер лауазымына тағайындау Тізбеге сәйкес жүргізіледі.

216. Жеке құрам бойынша емес бүйрекшімен офицерлерді атқарып отырған лауазымынан шеттету немесе олардың әскери атағын төмендету жағдайында бүйрекшінде үзінді есепке алу құжаттарына жазу үшін бүйрекші көрсетілген әскери қызметшілерді дербес есепке алуды жүргізетін тиісті органдарға жіберіледі.

Бұл ретте лауазымынан шеттетілген әскери қызметшілер жеке құрам бойынша бүйрекшімен тиісті командирлердің (бастықтардың) өкіміне қосылады.

Жеке құрам бойынша емес бүйрекші көрсетілген әскери қызметшілердің шығарылуы туралы көрсетілетін жағдайда оларды іске асыру қажетті құжаттар ұсынылғаннан соң кейіннен жеке құрам бойынша бүйрекшімен жүргізіледі.

Кезекті әскери атақ беру, әскери атағын төмендету жеке құрам бойынша бүйрекшімен қайталанбайды.

217. Бейбіт уақытта хабарсыз кеткен (жоғалған) әскери қызметшілерді ҚР ҚҚ қатардағы жауынгерлер, сержанттар мен офицерлер құрамы тізімінен шығару тиісті командирлер мен бастықтардың қолдаухаты негізінде:

1) Тізбеге сәйкес – ҚР ҚМ;

2) қатардағы жауынгерлер, сержанттар мен офицерлер құрамының барлық қалған адамын – Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – ҚР ҚҚ БШ бастығының жеке құрам бойынша бүйрекшімен жүргізіледі.

Қолдаухат пен жеке құрам бойынша бүйрекші әскери қызметшінің әскери атағы, тегі, аты және әкесінің аты (болған кезде), атқаратын лауазымы, туған жылды және орны, әскери қызметшінің хабарсыз кетуі себебі мен мән-жайы, отбасы құрамы және мекенжайы, әскери қызметшінің асырауындағылар, әскери қызметшіні хабарсыз кеткен деп тану туралы сот шешімі көрсетіледі.

Қайтыс болуына (қаза табуына) байланысты ҚР ҚҚ қатардағы жауынгерлер, сержанттар мен офицерлер құрамының тізімінен шығару әскери қызметшінің қайтыс болуы (қаза табуы) туралы жеткізіліммен қуәлік негізінде жеке құрам бойынша бүйрек шығаруға құқығы бар лауазымды адамдардың ведомстволық тізбесіне сәйкес жеке құрам бойынша бүйрекшімен жүзеге асырылады.

218. Жеке құрам бойынша бүйрекшінің бірінші данасына енгізілетін түзетулерді олардың қолтаңбасы бар кезде бүйрекші қол қойған адамдар куәландырады. Бұл ретте бүйрек шығаруға құқығы бар лауазымды адамдардың ведомстволық тізбесіне сәйкес жеке құрам бойынша бүйрекшімен жүзеге асырылады.

осы түзетулерді кадр органы (персоналмен жұмыс бөлімшесі) бастықтарының қолтаңбасымен және елтаңбалы мөрмен куәландырылады.

Қол қойылған бұйрықтың кіріспе бөлімі мен тармақтарының мазмұнына өзгерістер, бұйрық тармақтарына түсіндірмегі қайтыс болғаны, сottалғаны, әскери атағынан айыру, зейнетақы тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарын немесе еңбек өтілін қысқарту туралы деректерге қатысты қателерді жөндеу, сондай-ақ бұдан бұрын шығарылған бұйрық тармақтарының күшін жою жеке құрам бойынша жаңа бұйрықпен жүзеге асырылады, ол туралы тиісті белгі тармақтардың күші жойылған немесе өзгерістер енгізілген бұйрықтың барлық данасына қойылады.

Түсіндірмегіберілген басқа қателер бұйрық шығарусыз түзетіледі және тек бірінші данасында бұйрықты ресімдеген құрылымдық бөлімшенің бастығы куәландырады.

219. Әр тағайындаитын инстанциялардың құрам бойынша бұйрықта басқа мазмұндағы бұрықтардан бөлек бірыңғай дербес реттік нөмірі болады (нөмірдің реті бұзылмайды) және олар иісті құрылымдық бөлімшелерде есепке алынады.

Құпия емес бұйрық "Құпия" құпиялық белгісі бар бұйрықтан бөлек нөмірленеді.

Бұйрықты есепке алуды кадр органы (персоналмен жұмыс бөлімшесі) жүзеге асырады.

Әскери бөлім (мекеме) нөмірі (атауы) өзгерген кезде әскери бөлімнің (мекеменің) жаңа нөмірімен (атауымен) жеке құрам бойынша бұйрық тек командирдің (бастықтың) жаңа нөмір (атау) бойынша лауазымға тағайындалуынан (бекітілуінен) кейін шығарылады. Осы бұйрықты нөмірлеу бұрын шығарылған бұйрықтан бөлек, бірінші нөмірден басталады.

220. Жеке құрам бойынша бұйрықтың түпнұсқа (бірінші) данасы осы бұйрық шығарған инстанцияда сақталады.

Бұйрықтың кейінгі данасы немесе олардан үзінді бұйрықта аталған дербес штаттық-лауазымдық есепке алуды жүргізетін органдарға және олардың қызметтік орыны бойынша әскери бөлімдерге (мекемелерге) жіберіледі. Бұл ретте бұйрық шығарған инстанциялар бұйрықтың тиісті данасын немесе бұйрықтың тармақтарына түсіндірмемен олардан үзінді бағынысты органдарға (бір саты төмен) және тікелей жасақталатын әскери бөлімдерге (мекемелерге) жібереді.

Барлық жеке құрам бойынша бұйрықтың екінші данасы ҚР ҚМ кадржұмысы органына жіберіледі. Бұйрықты жіберу оларға қол қойылғаннан кейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

221. Басқа мемлекеттік органдарға жіберілетін бұйрықтан үзіндіде әскери бөлімдердің (мекемелердің) нақты атауы көрсетілмейді.

222. Жеке құрам бойынша бұйрықтан үзіндіні тарату бұйрыққа қол қойылғаннан кейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі. Жеке құрам бойынша бұйрықтан үзіндіні тарату есебі тек бірінші данада жасалады.

Ескерту. 222-тармақ жаңа редакцияда – КР Қорғаныс министрінің 01.07.2025 № 769 бүйрығымен.

223. Тиісті әскери басқару органы шығарған жеке құрам бойынша бүйрықты есепке алу осы Қағидаларға 74-қосымшага сәйкес нысан бойынша жеке құрам бойынша бүйрықты есепке алу кітабында жүргізіледі.

2-параграф. Жеке құрам бойынша бүйрық жасау

224. Жеке құрам бойынша бүйрық ұзақ сақтау үшін жарамды А-4 форматтағы стандартты ақ қағаз параграфта басылады және Тізбеке сәйкес лауазымды адам және кадр органының немесе жасақтау бөлімшесінің (персоналмен жұмыс бөлімшениң) бастығы қол қояды.

225. Бүйрық командирлер (бастықтар) атынан мемлекеттік және орыс тілдерінде әзірленеді және қабылданады.

Бүйрыққа олардың мазмұнына қарамастан бір немесе бірнеше тармақ енгізіледі.

Бүйрыққа бірдей мағынадағы бірнеше тармақ енгізілген жағдайда, олар кіріспе бөліммен біріктіріледі. Бұл ретте бүйрықтың кіріспе бөлімінде және тармақтарында бірдей мәтін қайталанбауы қажет.

Бүйрықта бірнеше кіріспе бөлім болған кезде, олар бір-бірінен параграф белгісімен бөлінеді.

Бүйрықтың барлық тармағы кіріспе бөлімінің санына қарамастан, бірыңғай реттік номірде және әскери қызметшілер тектерінің әліпбилік ретімен орналасуға тиіс.

Бүйрықтың кіріспе бөлімі мен тармақтары TimesNewRoman әрпімен орындалады, әріп өлшемі 16, бүйрық тармақтарына түсіндірме – TimesNewRoman әрпімен орындалады, әріп өлшемі 14.

226. Офицерлер құрамының әскери қызметшілеріне арналған жеке құрам бойынша бүйрықта әскери бөлімдер (мекемелер) гвардиялық атауын қосып(болған кезде) олардың нақты атауы, қатардағы жауынгерлер мен сержанттар құрамының келісімшарт бойынша әскери қызметшілеріне шартты атауы көрсетіледі. Жеке құрам бойынша бүйрықта әскери бөлімдер мен құрамаларға берілген құрметті атағы, олар алған мемлекеттік наградасы, әскери қызметшілерге берілген құрметті және ғылыми атақ, сондай-ақ гвардиялық әскери атағы көрсетілмейді.

227. Әскери қызметшілерді жабық (режимдік) әскери бөлімдерге (мекемелерге) тағайындаған кезде осы әскери бөлімдер (мекемелер) тек шартты атауы бойынша, ал офицерлердің лауазымы штатта көрсетілген қысқартылған атауы бойынша көрсетіледі. Бұл ретте әскери бөлімдер (мекемелер) кіретін әскери басқару органының шартты атауы жеке құрам бойынша бүйрықтың тармақтарында көрсетілмейді.

Әскери қызметшілерді штаттарында бөлімшелердің шартты номірі, ал олардың штаттық атауы жақшада белгіленген әскери бөлімге (мекемеге) тағайындаған кезде осы бөлімшелер тек шартты номірі бойынша көрсетіледі.

